

SC-T7200 Series

SC-T5200 Series

SC-T3200 Series

SC-T7200D Series

SC-T5200D Series

Пайдаланушы нұсқаулығы

Авторлық құқықтар мен сауда белгілері

Авторлық құқықтар мен сауда белгілері

Seiko Epson Corporation компаниясының алдын ала жазбаша түрдегі рұқсатынсыз осы жариялымның ешқандай бөлігін көшіруге, іздеу жүйесінде сақтауға немесе кез келген түрде немесе әдіс арқылы электрондық, механикалық, фотокошірмелеу, жазу немесе басқалай таратуға болмайды. Осы құжаттағы ақпарат тек осы Epson принтерімен пайдалануға арналған. Epson компаниясы басқа принтерлерге осы ақпаратты қандай да пайдалануға жауапты емес.

Seiko Epson Corporation компаниясы немесе оның филиалдары Seiko Epson Corporation компаниясымен техникалық қызмет көрсетілмеуі және нұсқаулары мұқият орындалмауы барысында (АҚШ елінен басқасы) жазатайым оқиға, өнімді қате немесе теріс пайдалану, рұқсат етілмеген өзгерістер, жөндеулер нәтижесінде сатып алушы немесе үшінші тараптың кесірінен пайда болған зақым, залал келтірілген өнімдер немесе шығындар үшін жауап бермейді.

Seiko Epson Corporation компаниясы Seiko Epson Corporation компаниясы түпнұсқалық Epson өнімдері (Original Epson Products) немесе Epson компаниясы бекіткен өнімдер (Epson Approved Products) деп белгілемеген кез келген басқа опцияларды немесе тұтынушылық өнімдерді пайдалану барысында пайда болған зақымдарға немесе мәселелерге жауапты емес.

Seiko Epson Corporation компаниясы Epson компаниясымен бекітілген өнімдер деп тағайындалмаған кез келген басқа интерфейстік кабельдерді пайдалану барысындағы электромагниттік кедергінің нәтижесінде пайда болған кез келген зақым үшін жауап бермейді.

EPSON®, Epson UltraChrome®, EPSON EXCEED YOUR VISION, EXCEED YOUR VISION — Seiko Epson Corporation компаниясының сауда белгілері.

Microsoft®, Windows®, Windows Vista® және PowerPoint® — Microsoft корпорациясының тіркелген сауда белгілері.

Apple®, Macintosh® және Mac OS® — Apple корпорациясының тіркелген сауда белгілері.

Intel® — Intel корпорациясының тіркелген сауда белгісі.

PowerPC® — International Business Machines корпорациясының тіркелген сауда белгісі.

Adobe, Adobe RGB (1998), Lightroom, Photoshop, PostScript, PostScript®3™ және Reader — Adobe Systems Incorporated компаниясының Америка Құрама Штаттарындағы және/немесе басқа елдердегі сауда белгілері немесе тіркелген сауда белгілері.

HP-GL/2® және HP RTL® — Hewlett-Packard корпорациясының тіркелген сауда белгілері.

Android — Google Inc. компаниясының сауда белгісі.

Жалпы ескерту: мұнда басқа өнім атаулары тек идентификациялау мақсатында пайдаланылған және сәйкес иелерінің сауда белгілері болуы мүмкін. Epson компаниясы сол таңбалардағы қандай да бір және барлық құқықтардан бас тартады.

© 2014 Seiko Epson Corporation. All rights reserved.

Мазмұны**Мазмұны****Авторлық құқықтар мен сауда белгілері****Кіріспе**

Маңызды қауіпсіздік туралы нұсқаулар.	7
Осы өнім үшін орынды таңдағанда.	7
Осы өнімді орнатып жатқанда.	7
Бұл өнімді пайдаланғанда.	8
Сия картридждерін ұстағанда.	8
Осы нұсқаулық туралы ескерту.	8
Таңбалардың мағынасы.	8
Суреттер.	9
Операциялық жүйе нұсқалары.	9
Принтер бөлшектері.	10
Алды.	10
Арты.	14
2-орам бөлігі (SC-T7200D Series/SC-T5200D Series).	15
Қағаз орамының адаптері.	15
Басқару тақтасы.	16
Экран көрінісі.	18
Мүмкіндіктер.	21
Жоғары өнімділікті жүзеге асыру.	21
Жоғары ажыратымдылықты жүзеге асыру.	22
Жеңіл пайдалануға ерекше көңіл бөлу.	23
Пайдалану және сақтау туралы ескертпелер.	24
Орнату орны.	24
Принтерді пайдалану кезіндегі ескертпелер.	25
Принтерді пайдаланбаған кездегі ескертпелер.	25
Сия картридждерін пайдалану туралы ескертпелер.	26
Қағазды пайдалану туралы ескертпелер.	26
Қамтамасыз етілген бағдарламаға кіріспе.	28
Бағдарлама дискісінің құрамы.	28
Принтерге орнатылған бағдарламаға шолу.	30
Принтер драйвері туралы жиынтық мәліметтер.	31
Қолдану жолы Remote Manager.	33

Негізгі амалдар

Қағаз орамын жүктеу және алу.	35
Қағаз орамының адаптерін жүктеу.	35
Қағаз орамын жүктеу немесе 1-орам.	36
2-орамды жүктеу (тек SC-T7200D Series/SC-T5200D Series).	39
Қағаз орамын кесу.	41
Қағаз орамын алу немесе 1-орам.	43
2-орамды алу (тек SC-T7200D Series/SC-T5200D Series).	44
Парақтарды жүктеу және алу.	46
Кесілген парақтарды жүктеу.	46
Кесілген парақтарды алу.	48
Постер тақтасын жүктеу және алу.	48
Постер тақтасын жүктеу.	48
Постер тақтасын алу.	51
Баспа материалы параметрлерін көру және өзгерту.	52
Қағазды ауыстыру.	54
Қағаз кәрзеңкесін пайдалану (SC-T7200 Series/SC-T5200 Series/SC-T3200 Series).	55
Сақтау және ашу.	56
Күйді реттеу.	57
Сыйымдылығы үлкен қағаз кәрзеңкесін пайдалану (SC-T7200D Series/SC-T5200D Series).	59
Күйді сақтау және реттеу.	59
Автоматты түрде алу катушкасын пайдалану (SC-T7200 Series ғана).	61
Басқару тақтасын пайдалану.	62
Қағазды бекіту.	63
Автоматты түрде алу катушкасынан қағазды алу.	67
Негізгі басып шығару әдістері (Windows)	68
Негізгі басып шығару әдістері (Mac OS X)	72
Басылып шығарылатын аймақ.	75
Қағаз орамының басылатын аумағы.	75
Кесілген парақтардың басылатын аумағы.	76
Power Off Timer функциясын пайдаланып қуатты өшіру.	76
Басып шығаруды болдырмау.	77

Мазмұны

Қосымша қатты дискіне сақтау және одан қайта басып шығару

Функция туралы жиынтық мәліметтер.	79
Баспа тапсырмаларын сақтау.	81
Сақталған баспа тапсырмаларын көру, басып шығару және өшіру.	82

Көшіру және сканерлеу

MFP сканерін (опция) пайдаланып үлкен көшіру және үлкен сканерлеу.	83
Функция туралы жиынтық мәліметтер	83
Іске қосу жолы Copy Manager.	84
Сканерлеуге дайындау.	85
Сканерде құжаттарды жүктеу туралы ескертпелер.	86
Құжаттарды жүктеу әдісі.	88
Құжат шығару бағытын және сканерлеу дәлдігін өзгерту жолы.	89
Үлкен көшіру.	89
Үлкен сканерлеу.	90
Сканерленген немесе алынған кескін файлдарға қатысты әрекеттер.	92
A3 немесе A4 сканерімен үлкейтілген көшірмелер жасау.	94
Сканерді жалғау.	94
Үлкейтілген көшірмелерді жасау.	94
Сканерде құжаттарды орналастыру.	95

Print From Folder

Функция туралы жиынтық мәліметтер.	97
Мына функцияны қолдануға дайындалу: Print From Folder.	98
Мына функцияны қолдану процедурасы: Print From Folder.	98

Басып шығарудың қосымша жолдары

Үлкейтулер және көлденең және тік баннерлер.	100
Құжаттарды қағаз орамының еніне қиыстыру.	101
Қағаз өлшемін таңдау.	102
Құжаттарды шығыс өлшемге қиыстыру	103
Стандартты емес өлшемдермен басып шығару.	104
CAD сызбаларын басып шығару.	107

Принтер драйверінің CAD / Line Drawing режимінде басып шығару.	107
HP-GL/2 және HP RTL тілдерін эмуляциялай отырып басып шығару.	108
Басып шығару алдында қағаз орамын автоматты түрде ауыстыру (тек SC-T7200D Series/SC-T5200D Series).	109
Қағаз түрі бойынша 1-орамға/2-орамға ауысу.	109
Құжат өлшемі бойынша 1-орамға/2-орамға ауысу.	110
Қағаз таусылса басып шығару алдында ең көп қағаз қалған орамға (1-орам/2-орам) ауысу.	112
Жиексіз басып шығару.	114
Жиексіз басып шығару әдістерінің түрлері.	114
Жиексіз басып шығару үшін қолдау көрсетілетін баспа материалдарының өлшемдері.	115
Қағаз орамын кесу туралы.	116
Басып шығару үшін орнату процедуралары.	117
Түсті түзету және басып шығару.	119
Көп беттік/постерді басып шығару.	123
Folded Double-Side (тек Windows).	124
N-up.	124
Poster (тек Windows үшін).	126
Бірнеше құжатты басып шығару (Layout Manager) (Тек Windows).	131
Басып шығару үшін орнату процедуралары.	131
Параметрлерді шақыру және шақыру.	132

Түстерді басқару көмегімен басып шығару

Түстерді басқару туралы.	133
Түстерді басқарудың басып шығару параметрлері.	134
Профильдерді орнату.	134
Қолданбалар көмегімен түстерді басқаруды реттеу.	135
Принтер драйверінің көмегімен түстерді басқаруды реттеу.	137
Host ICM (Windows) арқылы түстерді басқарумен басып шығару.	137
ColorSync (Mac OS X) арқылы түстерді басқарумен басып шығару.	138
Driver ICM арқылы түстерді басқарумен басып шығару (тек Windows).	139

Мазмұны***Принтер драйверін пайдалану туралы кеңестер (Windows)***

Параметрлер экранын көрсету.	142
Control Panel (Басқару тақтасынан).	142
Анықтаманы көрсету.	143
Көрсету үшін анықтама түймесін басу	143
Тексеру және көрсету керек элементті тінтуірдің оң жақ түймесімен басыңыз	143
Принтер драйверін реттеу.	144
Әр түрлі параметрлерді таңдаулы параметрлер ретінде сақтау.	144
Баспа материалының түрлерін қосу.	144
Дисплей элементтерінің ретін өзгерту	145
Utility қойындысын шолу.	147
Принтер драйверін жою.	149

Принтер драйверін пайдалану туралы кеңестер (Mac OS X)

Параметрлер экранын көрсету.	150
Анықтаманы көрсету.	150
Epson Printer Utility 4 қолданбасын пайдалану.	150
Epson Printer Utility 4 бағдарламасын іске қосу.	150
Epson Printer Utility 4 функциялары.	151
Принтер драйверін жою.	152
EPSON LFP Remote Panel 2 бағдарламасын жою.	152

Басқару тақтасы мәзірін пайдалану

Мәзір әрекеттері.	153
Мәзір тізімі.	155
Мәзір сипаттамалары.	164
Print Queues мәзірі.	164
Paper мәзірі.	167
Maintenance мәзірі.	171
Setup мәзірі.	172
Enlarged Copy мәзірі.	192
Large Copy / Large Scan мәзірі.	194

Техникалық қызмет көрсету

Басып шығару механизмін реттеу.	199
---	-----

Бітелген саңылауларды тексеру.	199
Басып шығару механизмін тазалау.	200
Басып шығарудың дұрыс емес туралануларын барынша азайту (Head Alignment).	202
Шығын материалдарын ауыстыру.	205
Сия картридждерін ауыстыру.	205
Maintenance Boxes (Памперс) ауыстыру	207
Кескішті ауыстыру.	208
Принтерді тазалау.	210
Сыртын тазалау.	210
Ішін тазалау.	210
MFP сканерін (опция) тазалау.	212

Мәселені шешу

Хабар көрсетілгенде не істеу керек.	213
Техникалық қызмет көрсету/қызмет көрсету орталығына қоңырау шалу қажет болатын жағдай.	218
Ақаулықтарды жою.	219
Басып шығару мүмкін емес (өйткені принтер жұмыс істемейді).	219
Принтерден басып шығарып жатқандай дыбыс естіледі, бірақ ештеңе басылмайды.	221
Басылған материалдар күтілгендей емес.	222
Беру немесе шығару мәселелері.	226
Басқалары.	229
Қосымша MFP сканері жалғанған кездегі мәселе.	230

Қосымша

Параметрлер және тұтынылатын өнімдер	234
Қолдау көрсетілетін баспа материалдары	236
Epson арнайы баспа материалдарының кестесі.	236
Пайдалануға болатын сатылатын қағаз өлшемі.	245
Epson шығармаған баспа материалдарында басып шығару алдында.	246
Принтерді жылжытуға немесе тасымалдауға қатысты ескертпелер.	247
Принтерді жылжыту туралы ескертпелер.	247
Тасымалдау туралы ескертпелер.	248

Мазмұны

Принтерді қайта пайдалану кезіндегі ескертпелер.	249	Info-ZIP copyright and license.	270
Жүйе талаптары.	249		
Принтер драйверінің жүйелік талаптары.	249		
Сору Manager жүйелік талаптары.	250		
Техникалық сипаттамалар кестесі.	251		
Стандарттар мен бекітулер.	254		
Ақпарат тұтынушы.	254		
<i>Анықтама алу көздері</i>			
Техникалық қолдау қызметінің веб сайты	256		
Erpson қолдау көрсету қызметіне хабарласу.	256		
Erpson компаниясына хабарласудан бұрын.	256		
Солтүстік Америкадағы пайдаланушыларға арналған анықтама	257		
Еуропадағы пайдаланушыларға арналған анықтама.	257		
Тайвандағы тұтынушыларға арналған анықтама.	257		
Австралиядағы пайдаланушыларға арналған анықтама.	258		
Сингапурдағы пайдаланушыларға арналған анықтама.	259		
Тайландтағы пайдаланушыларға арналған анықтама.	259		
Вьетнамдағы пайдаланушыларға арналған анықтама.	260		
Индонезиядағы пайдаланушыларға арналған анықтама.	260		
Гонконгтағы пайдаланушыларға арналған анықтама.	260		
Малайзиядағы пайдаланушыларға арналған анықтама.	261		
Үндістандағы пайдаланушыларға арналған анықтама.	261		
Филиппиндегі пайдаланушыларға арналған анықтама.	262		
<i>Бағдарламаның лицензиялық шарттары</i>			
БАСТАПҚЫ КОДЫ АШЫҚ БАҒДАРЛАМА ЛИЦЕНЗИЯСЫ.	263		
Bonjour.	265		
Басқа бағдарламалық жасақтама лицензиялары.	270		

Кіріспе

Кіріспе

Маңызды қауіпсіздік туралы нұсқаулар

Принтерді пайдаланбай тұрып осы нұсқаулардың барлығын оқып шығыңыз. Сонымен қатар, принтерде белгіленген барлық ескертулер мен нұсқауларды орындау қажет.

Осы өнім үшін орынды таңдағанда

- ❑ Бұл өнімді өзінен үлкенірек тегіс, тұрақты бетке қойыңыз. Бұл өнім белгілі бір бұрышпен қисайып тұрса, дұрыс жұмыс істемейді.
- ❑ Температурасы және ылғалдылығы тез өзгеріп тұратын жерлерге қоймаңыз. Сонымен қатар, өнімді күннің тік сәулелерінен, қатты жарық немесе ыстық көздерінен аулақ ұстаңыз.
- ❑ Соққылар немесе дірілдер бар жерлерге қоймаңыз.
- ❑ Бұл өнімді шаң аумақтардан аулақ ұстаңыз.
- ❑ Өнімді ашаны оңай ажыратылатындай қабырға розеткасына жақын орнатыңыз.

Осы өнімді орнатып жатқанда

- ❑ Өнім корпусындағы тесіктерді тосқауыл жасамаңыз немесе жауып тастамаңыз.
- ❑ Тесіктер арқылы заттарды салмаңыз. Өнімге сұйықтық төгіп алмаңыз.
- ❑ Өнімнің қуат сымын тек осы өнімде пайдалануға болады. Басқа жабдықта пайдалану өртке немесе ток соғуына әкелуі мүмкін.

- ❑ Бүкіл жабдықты жерге дұрыстап қосылған розеткаларға қосыңыз. Жиі қосылып, сөніп тұратын көшіргіштер немесе ауаны бақылау жүйелері орналасқан тізбектегі розеткаларды пайдаланбауға тырысыңыз.
- ❑ Қабырғадағы қосқыштар немесе автоматты таймерлер басқаратын электр розеткаларын пайдаланбаңыз.
- ❑ Тұтас компьютер жүйесін дауыс зорайтқыштар немесе сымсыз телефондардың базалық бөліктері сияқты электромагниттік кедергінің потенциалды көздерінен алыс ұстаңыз.
- ❑ Өнімнің жапсырмасында көрсетілген қуат көзінің түрін ғана пайдаланыңыз.
- ❑ Тек өніммен келген қуат сымын ғана пайдаланыңыз. Басқа қуат сымын пайдалану өртке немесе ток соғуына әкелуі мүмкін.
- ❑ Зақымдалған немесе тозған қуат сымын пайдаланбаңыз.
- ❑ Өніммен бірге ұзартқыш сымды пайдалансаңыз, ұзартқыш сымға қосылған құрылғылардың жалпы амперлік қуатының сымда көрсетілген амперлік қуаттан аспайтынына көз жеткізіңіз. Сонымен қатар, қабырғадағы розеткаға қосылған барлық құрылғылардың жалпы амперлік қуатының қабырғадағы розеткада көрсетілген амперлік қуаттан аспайтынына көз жеткізіңіз.
- ❑ Өнімге өз бетіңізше қызмет көрсетуге тырыспаңыз.
- ❑ Келесі жағдайлар орын алса, өнімді розеткадан ажыратып, жөндеу жағын білікті қызмет көрсету мамандарына тапсырыңыз:

Қуат сымы немесе аша зақымдалса; өнімге сұйықтық кірсе; өнімді түсіріп алсаңыз немесе корпус зақымдалса; өнім қалыпты жұмыс істемесе немесе жұмысында айқын бір өзгеріс байқалса.

Кіріспе

- ❑ Егер принтерді Германияда пайдаланатын болсаңыз, келесі нұсқауларды орындаңыз:

Бұл принтер үшін тиісті қысқа тұйықталудан қорғауды және артық токтан қорғауды қамтамасыз ету үшін ғимараттағы сымдарды 10 немесе 16 ампер сақтандырғышпен қорғау керек.

- ❑ Егер аша зақымдалса, сымдар жиынын ауыстырыңыз немесе білікті электрикке хабарласыңыз. Егер ашада сақтандырғыштар бар болса, оларды өлшемі және көрсеткіші дұрыс сақтандырғыштармен ауыстырыңыз.

Бұл өнімді пайдаланғанда

- ❑ Басып шығару барысында қолыңызды өнім ішіне тықпаңыз немесе картриджді қолмен тиеңіз.
- ❑ Басып шығару механизмдерін қолмен қозғалтпаңыз; әйтпесе өнім зақымдалуы мүмкін.
- ❑ Өнімді әрқашан басқару тақтасындағы Power (Қуат) түймесін пайдаланып өшіріңіз. Осы түйме басылғанда қуат жарығы қысқа уақыт бойы жыпылықтайды, содан соң өшеді. Қуат жарығы жыпылықтауын тоқтатқанша қуат сымын розеткадан суырмаңыз немесе өнімді өшірмеңіз.

Сия картридждерін ұстағанда

- ❑ Сия картридждерін балалар жетпейтін жерде ұстаңыз және сияны ішпеңіз.
- ❑ Егер сия теріңізге тисе, оны сабынмен және сумен жуып тастаңыз. Егер ол көздерге тисе, оларды дереу сумен шайыңыз.
- ❑ Принтерге жаңа сия картриджін орнатпай тұырп, оны бес сантиметрлік қозғалыстармен алға-артқа, көлденеңінен шамамен бес секунд ішінде 15 реттен шайқаңыз.
- ❑ Сия картриджін орамында басылған күнге дейін пайдаланыңыз.

- ❑ Ең жақсы нәтижелер үшін сия картриджін орнатудан кейін бір жыл ішінде пайдаланып бітіріңіз.

- ❑ Сия картридждерін бөлшектемеңіз немесе толтыруға тырыспаңыз. Бұл басып шығару механизмін зақымдауы мүмкін.



- ❑ Картридждің шетіндегі IC чипін ұстамаңыз. Бұл әдеттегі жұмысқа және басып шығаруға әсер етуі мүмкін.

- ❑ Осы сия картриджіндегі IC чипі сия картриджінің күйі сияқты әр түрді картриджге қатысты ақпаратты сақтайды, осылайша, картриджді еркін алуға және қайта салуға болады. Бірақ, картриджді салған сайын біраз сия тұтынылады, өйткені принтер сенімділікті тексеруді автоматты түрде орындайды.


- ❑ Егер сия картриджін кейінірек пайдалану үшін шығарсаңыз, сия беру аумағын кір мен шаңнан қорғаңыз және оны өніммен бірдей ортада сақтаңыз. Сия портында клапан бар екенін ескеріңіз, сондықтан қақпақтар немесе тығындар қажет емес, бірақ картридж тиген заттарға сия дақ қалдырмауы үшін абай болу керек. Сия беру портын немесе айналасын ұстамаңыз.

Осы нұсқаулық туралы ескерту

Таңбалардың мағынасы

 Ескерту:	Ауыр дене жарақатын алмау үшін ескертулерді орындау керек.
 Сақтандыру:	Осы өнімді зақымдауды немесе жарақат алуды болдырмау үшін сақтандыруларды орындау керек.

Кіріспе

 Маңызды:	<p>Ескертпелер осы өнімді пайдалану туралы маңызды ақпаратты қамтиды.</p>
---	---

Ескертпе:	<p>Keңестер осы өнімді пайдалану туралы пайдалы немесе қосымша ақпаратты қамтиды.</p>
------------------	---

Суреттер

Басқалай көрсетілген болмаса, бұл құжаттамадағы суреттерде SC-T7200 Series көрсетіледі.

Операциялық жүйе нұсқалары

Осы құжаттамада келесі қысқартулар пайдаланылады.

Windows сөзі Windows 10, 8.1, 8, 7, Vista, XP жүйелерін білдіреді.

- ❑ Windows 10 термині Windows 10 Home, Windows 10 Pro, Windows 10 Enterprise және Windows 10 Education жүйелерін білдіреді.
- ❑ Windows 8.1 термині Windows 8.1, Windows 8.1 Pro және Windows 8.1 Enterprise жүйелерін білдіреді.
- ❑ Windows 8 термині Windows 8, Windows 8 Pro және Windows 8 Enterprise жүйелерін білдіреді.
- ❑ Windows 7 термині Windows 7 Home Basic, Windows 7 Home Premium, Windows 7 Professional және Windows 7 Ultimate жүйелерін білдіреді.
- ❑ Windows Vista термині Windows Vista Home Basic Edition, Windows Vista Home Premium Edition, Windows Vista Business Edition, Windows Vista Enterprise Edition және Windows Vista Ultimate Edition жүйелерін білдіреді.

- ❑ Windows XP термині Windows XP Home Edition, Windows XP Professional x64 Edition және Windows XP Professional жүйелерін білдіреді.
- ❑ Windows Server 2012 термині Windows Server 2012 Essentials Edition, Server 2012 standard Edition жүйелерін білдіреді.
- ❑ Windows Server 2008 термині Windows Server 2008 Standard Edition және Windows Server 2008 Enterprise Edition жүйелерін білдіреді.
- ❑ Windows Server 2008 x64 термині Windows Server 2008 x64 Standard Edition, Windows Server 2008 x64 Enterprise Edition, Windows Server 2008 R2 Standard Edition және Windows Server 2008 R2 Enterprise Edition жүйелерін білдіреді.
- ❑ Windows Server 2003 термині Windows Server 2003 Standard Edition және Windows Server 2003 Enterprise Edition жүйелерін білдіреді.
- ❑ Windows Server 2003 x64 термині Windows Server 2003 x64 Standard Edition және Windows Server 2003 x64 Enterprise Edition жүйелерін білдіреді.

Macintosh термині Mac OS X жүйесін білдіреді


- ❑ Mac OS X термині Mac OS X 10.5.8 және одан жоғары нұсқаларды білдіреді.

Кіріспе

Принтер бөлшектері

Алды

Сурет SC-T7200 Series көрсетеді. Тіпті қағаз кәрзеңкесінің пішіні немесе басқа элементтер басқаша болса да, пайдалану бірдей болады.



1 Принтер қақпағы

Бұл қақпақты принтерді тазалағанда немесе кептелістерді кетіргенде ашыңыз.

2 Постер тақтасының тірегі

Постер тақтасында басып шығарып жатқанда баспа материалын қою мүмкін болуы үшін осы тіректі көтеріңіз. Тірек постер тақтасының біркелкі берілуін қамтамасыз етеді.

 [“Постер тақтасын жүктеу және алу” бетте 48](#)

Кіріспе

3 Техникалық қызмет көрсету қақпақтары

Бұл қақпақтарды Maintenance Box (Памперс) ауыстырған кезде ашыңыз.

Кейбір үлгілерде тек оң жақ қақпақ болады.


 ["Maintenance Boxes \(Памперс\) ауыстыру" бетте 207](#)

4 Қағаз кәрзеңкесі/сыйымдылығы үлкен қағаз кәрзеңкесі

Принтерден шыққан материал осы кәрзеңкеде жиналады, осылайша баспа материалы таза болады және бүгілген жерлері болмайды.

SC-T3200 Series үшін қосымша тұрғы (24) қағаз кәрзеңкесімен бірге келеді.

 ["Қағаз кәрзеңкесін пайдалану \(SC-T7200 Series/SC-T5200 Series/SC-T3200 Series\)" бетте 55](#)

 ["Сыйымдылығы үлкен қағаз кәрзеңкесін пайдалану \(SC-T7200D Series/SC-T5200D Series\)" бетте 59](#)

5 Дөңгелектер

Әр аяқта екі дөңгелек бар. Принтер орнында болғаннан кейін әдетте дөңгелектер құлыпты бекітіледі.

6 Десте бағыттағыштары (тек SC-T7200 Series/SC-T5200 Series/SC-T3200 Series)

Қағаз кәрзеңкесіне шығарылатын баспа материалының өлшеміне сай бағыттағышты таңдаңыз.

 ["Қағаз кәрзеңкесін пайдалану \(SC-T7200 Series/SC-T5200 Series/SC-T3200 Series\)" бетте 55](#)

7 Десте бағыттағышының қосқыш тұтқасы (тек SC-T7200 Series/SC-T5200 Series/SC-T3200 Series)

Десте бағыттағышын таңдау үшін пайдаланыңыз.

8 Картридж қақпағы

Сия картридждерін ауыстырғанда ашыңыз.

 ["Сия картридждерін ауыстыру" бетте 205](#)

9 Сия картридждері

Әр ұяшыққа барлық сия картридждерін орнатыңыз.

10 Айнымалы ток кірісі

Қамтамасыз етілген қуат кабелін осы жерге жалғаңыз.

11 Опция порты

MFP сканері сияқты опцияларды жалғағанда пайдаланыңыз.

12 USB порты

Компьютерді USB кабелін пайдаланып жалғағанда пайдаланыңыз.

13 Жергілікті желі порты

Жергілікті желі кабелін қосуға арналған.

Кіріспе

14 Деректер жарығы

Желілік қосылымның күйі және деректерді қабылдау жанып тұрған немесе жыпылықтайтын жарықпен көрсетіледі.

Қосулы : Қосылған.

Жыпылы: Деректерді қабылдау.
қтау

15 Күй жарығы

Түс желілік тасымалдау жылдамдығын көрсетеді.

Өшірулі : 10Base-T

Қызыл : 100Base-T

Жасыл : 1000Base-T

16 Басқару тақтасы

 ["Басқару тақтасы" бетте 16](#)

17 Ескерту шамы

Бұл шам қате орын алғанда жанады немесе жыпылықтайды.

Жанады : Қате орын алды. Шамның жану немесе жыпылықтау әдісі қатенің түріне байланысты немесе өзгеріп отырады. Басқару тақтасында қатенің сипаттамасы көрсетіледі.
жыпылы
қтайды

Өшірулі : Қате жоқ.

18 Орам тірегі

Қағаз орамын жүктегенде оны осы тірекке қойңыз және қағаз орамының адаптерлерін бекітіңіз.

 ["Қағаз орамының адаптерін жүктеу" бетте 35](#)

19 Адаптер бағыттағыштары

Қағаз орамын бекітуге арналған бағыттағыштар. Адаптер ұстағышына бекіту үшін орамды осы бағыттағыштар бойымен жылжытыңыз.

 ["Қағаз орамының адаптерін жүктеу" бетте 35](#)

20 Орамды құлыптау тұтқасы

Орамды адаптер ұстағышына бекіткеннен кейін қағаз орамын орнында құлыптайтын тұтқа.

21 Адаптер ұстағышы

Қағаз орамын бекіткеннен кейін осы ұстағышқа қағаз орамының адаптері қойылады.

22 Қағаз саңылауы

Басып шығару кезінде қағаз орамы және жеке парақтар берілетін саңылау.

Жеке парақтарды бір-біреуден беріңіз.

Кіріспе

23 Басып шығару механизмі

Басып шығару үшін солға және оңға жылжыған кезде қысымы жоғары саңылаулар арқылы сияны бүркиді.

24 Қағаз орамының қақпағы

Қағаз орамын қорғайтын қақпақ. Қағаз орамын жүктеуді немесе алуды қоспағанда, принтерді пайдаланғанда оны жабу керек.


25 Қағазды шығару бағыттағышы

Қағазды принтерден қағаз кәрзеңкесіне біркелкі бағыттайды.

Кіріспе

Арты

Сурет SC-T7200D Series көрсетеді.



1 Опция ұясы

Қосымша қатты дискіні немесе Adobe PostScript 3 кеңейту бөлігін жалғауға арналған ұя.

**2 2-орам бөлігінің қосқышы
(тек SC-T7200D Series/SC-T5200D Series)**

2-орам бөлігінің қосылым кабелін жалғаңыз.

Әдетте кабель принтерді пайдаланғанда жалғанады.

**3 Артқы қақпақ
(тек SC-T7200D Series/SC-T5200D Series)**

2-орам бөлігіне жүктелген қағаз орамы кептелсе, қақпақты ашыңыз, содан кейін кептелген қағазды алыңыз.


Әдетте принтерді пайдалану кезінде жабылған.

 ["Қағаз орамының кептелісі" бетте 227](#)

Кіріспе

2-орам бөлігі (SC-T7200D Series/SC-T5200D Series)

Сурет SC-T7200D Series көрсетеді.



1 Қағаз саңылауы

Қағаз орамын беруге арналған енгізу саңылауы.

👉 "2-орамды жүктеу (тек SC-T7200D Series/SC-T5200D Series)" бетте 39

2 Тартпа тұтқалары

Қағаз орамын жүктегенде немесе алғанда осы тұтқаларды ұстаңыз және сыртқа тартыңыз немесе 2-орам бөлігін ішке басыңыз.

👉 "2-орамды жүктеу (тек SC-T7200D Series/SC-T5200D Series)" бетте 39

3 Адаптер бағыттағыштары

Орам жүктелген қағаз орамының адаптерін адаптер ұстағышына бекіту үшін осы бағыттағыштармен жылжытыңыз.

👉 "2-орамды жүктеу (тек SC-T7200D Series/SC-T5200D Series)" бетте 39

4 Адаптер ұстағышы

Қағаз орамын бекіткеннен кейін осы ұстағышқа қағаз орамының адаптері қойылады.


5 Орамды құлыптау тұтқасы

Орамды адаптер ұстағышына бекіткеннен кейін қағаз орамын орнында құлыптайтын тұтқа.

Қағаз орамының адаптері

Қағаз орамын принтерге жүктегенде қамтамасыз етілген қағаз орамының адаптерін пайдаланыңыз.

👉 "Қағаз орамының адаптерін жүктеу" бетте 35



1 Адаптерді құлыптау тұтқасы


Құлпын ашу үшін көтеріңіз, құлыптау үшін төмендетіңіз. Қағаз орамын адаптерге бекіткенде құлпын ашыңыз, орама бекітілгеннен кейін құлыптаңыз.

Кіріспе

2 Өлшем тұтқасы

Орам өзегінің өлшеміне сай орналастырыңыз.

Басқару тақтасы



1 **түймешігі (қуат түймешігі)**
Қуатты қосады және өшіреді.

2 **шамы (қуат шамы)**
Принтердің жұмыс күйі жанып тұрған немесе жыпылықтайтын жарықпен көрсетіледі.

Қосулы : Қуат қосулы.

Жыпылы : Принтер деректерді алуда, басып қтау шығару механизмін тазалауда немесе өшірілуі барысында басқа әрекеттерді орындауда.


Өшірулі : Қуат өшірулі.

3 **түймесі (Қағазды жүктеу/алу түймесі)**



Кіріспе

Бұл түймені басып Load/Remove Paper мәзірін көрсетеді. Қағазды жүктеу немесе алу туралы нұсқауларды **Remove Paper** немесе қазіргі уақытта жүктелген қағаз түрін бөлектеу, содан кейін ОК түймесін басып арқылы көрсетуге болады. Қағазды жүктеу немесе алу үшін экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

4 Экран


Принтер күйін, мәзірлерді, қате хабарларды т.б. көрсетеді.  [“Экран көрінісі” бетте 18](#)

5 Menu түймесі

Дисплейде қазіргі уақытта таңдалған қойынды үшін мәзірді көрсетеді. ( және  қойындыларын қоспағанда.)

 [“Басқару тақтасы мәзірін пайдалану” бетте 153](#)

6 ↵ түймешігі (артқа түймешігі)

Егер мәзірлер көрсетілсе, бұл түймені басып мәзір иерархиясында бір деңгей жоғары өткізеді.  [“Мәзір әрекеттері” бетте 153](#)


7 ◀/▶ түймешіктері (сол және оң көрсеткі түймешіктері)

Бұл түймелерді қойындыларды таңдау үшін пайдаланыңыз. Таңдалған қойынды бөлектеледі және таңдалған қойынды үшін ақпараттық дисплей аумағының мазмұны жаңартылады.

 [“Экран көрінісі” бетте 18](#)

Егер мәзірлер көрсетілсе, бұл түймелерді пайдаланып **Setting Name** немесе **IP Address** сияқты элементтер үшін мәтінді енгізу кезінде жүргіргіні орналастыру немесе таңбаларды жою үшін пайдалануға болады.

8 ▲/▼ түймелері (Жоғары/төмен түймелері)

Мәзірлер көрсетілсе, бұл түймелерді элементтерді немесе опцияларды бөлектеу үшін пайдалануға болады.  [“Мәзір әрекеттері” бетте 153](#)

9 OK түймесі

Дисплейде қазіргі уақытта таңдалған қойынды үшін мәзірді көрсетеді.

 [“Басқару тақтасы мәзірін пайдалану” бетте 153](#)

Мәзірлер көрсетілген және элемент бөлектелген болса, бұл түймені басып бөлектелген элемент үшін ішкі мәзірді көрсетеді.

Мәзір ішінде параметр таңдалған кезде басылса, параметр орнатылады немесе орындалады.

10 ? түймесі (Help (Анықтама) түймесі)

Басып шығару орындалып жатпаса, бұл түймені басып Help мәзірін көрсетеді. Элементті бөлектеңіз және бөлектелген элемент үшін анықтаманы көру үшін ОК түймесін басыңыз.

11 A•A түймесі (Maintenance (Техникалық қызмет көрсету) түймесі)

Саңылауларды тексеру және басып шығару механизмін тазалау үшін пайдаланылатын Maintenance мәзірін көрсетеді.

 [“Басып шығару механизмін реттеу” бетте 199](#)

12 II·II түймесі (Кідіру/болдырмау түймесі)

Басып шығару кезінде мұны бассаңыз, принтер кідірту күйіне енеді. Кідірту күйін босату үшін II·II түймесін қайтадан басыңыз немесе экранда **Pause Cancel** пәрменін басыңыз, содан кейін ОК түймесін басыңыз. Өңделіп жатқан баспа тапсырмаларын болдырмау үшін экранда **Job Cancel** пәрменін таңдаңыз да, ОК түймесін басыңыз.



Мәзір немесе анықтама көрсетіліп тұрғанда осы түймені басып мәзірді немесе анықтаманы жабады және принтерді дайын күйге қайтарады.

13 ✂ түймесі (Feed/Cut Media (Баспа материалын беру/кесу түймесі))

Кіріспе

- ❑ Бұл түйме тек қағаз орамы үшін пайдаланылады. Егер принтерге кесілген парақтар немесе постер тақтасы жүктелген болса, бұл түймені басудың әсері болмайды.
- ❑ Ол бекітілген кескішті пайдаланып қағаз орамын қолмен кесу үшін пайдаланылады.
📖 “Қолмен кесу әдісі” бетте 42
- ❑ Егер қазіргі уақытта басып шығару орындалып жатпаса және принтерге қағаз орамы жүктелген болса, алдымен осы түймені, содан кейін ▼ түймесін басу арқылы қағазды алдын ала беруге болады. Артқа айналдыру үшін ▲ түймесін басыңыз. 3 м-ге дейінгі қағазды беру үшін ▼ түймесін басып тұрыңыз. 20 см-ге дейінгі қағазды артқа айналдыру үшін ▲ түймесін басып тұрыңыз.
Қағаз орамын артқа айналдыру үшін ▲ түймесі пайдаланылса, қағаз орамның соңы бастапқы басып шығару орнына жеткенде кідіреді. Түймешікті жіберіңіз, содан кейін жалғастыру үшін қайтадан басыңыз.

Экран көрінісі



1 Хабарлар

Принтердің күйін, жұмысын және қате туралы хабарларды көрсетеді.

📖 “Хабар көрсетілгенде не істеу керек” бетте 213

2 Қойындылар/ақпараттық дисплей аумағы

Қойынды/ақпараттық дисплей аумағы төменде тізілген жеті қойындыны қамтиды.

Қойындыны таңдау үшін ◀/▶ түймелерін пайдаланыңыз.

Таңдалған қойындыдағы ақпарат ақпараттық дисплей аумағында көрсетіледі.

📄 : Scan File Options қойындысы

Қойынды қатты дискінің қосымша бөлігі немесе Adobe PostScript 3 Expansion Unit (бұдан әрі қатты диск деп аталады) ішіне орнатылған кезде ғана көрсетіледі.

Файлды сканерлеу әрекеттері төменде көрсетілгендей орындалады.

- ❑ Қосымша MFP сканері орнатылған принтерден жіберілген сканерленген файлдарды қабылдау.
- ❑ Қатты дискіге сақталған сканерленген файлдарды басып шығару және алға жіберу.


📖 “Сканерленген немесе алынған кескін файлдарға қатысты әрекеттер” бетте 92

Кіріспе

Large Copy (Үлкен көшірме) қойындысы

Бұл қойынды қосымша MFP сканері орнатылғанда ғана көрсетіледі.

Осы қойындыда істеу керек тапсырманы таңдаңыз, содан кейін ОК түймесін басыңыз. Қосымша қатты диск немесе Adobe PostScript 3 кеңейту бөлігі орнатылған болса, сонымен бірге сканерлеу функциясын пайдалана аласыз.

 ["MFP сканерін \(опция\) пайдаланып үлкен көшіру және үлкен сканерлеу" бетте 83](#)

Басып шығару кезектері қойындысы

Ақпараттық дисплей аумағында баспа тапсырмасы туралы ақпарат көрсетіледі.

Menu (Мәзір) түймесін басқанда Print Queues мәзірі көрсетіледі.


 ["Print Queues мәзірі" бетте 164](#)

Ақпараттық дисплей аумағы

Принтер драйвері пайдаланылғанда басып шығарылып жатқан тапсырманың атауы көрсетіледі.

Егер қосымша қатты диск немесе Adobe PostScript 3 кеңейту бөлігі орнатылған болса, ол да бар болса ұсталған тапсырмалардың санын көрсетеді.

Маңызды:

Жыпылықтайтын  белгішесі қосымша қатты диск немесе Adobe PostScript 3 кеңейту бөлігі деректерді принтерге тасымалдап жатқанын көрсетеді. Бұл белгіше жыпылықтап тұрғанда қуат сымын ажыратпаңыз немесе принтерді өшірмеңіз. Бұл сақтық шарасын орындамау қатты дискідегі немесе Adobe PostScript 3 кеңейту бөлігіндегі деректерді бүлдіруі мүмкін.

Қағаз қойындысы


Жүктелген қағаз туралы ақпарат ақпараттық дисплей аумағында көрсетіледі.

Menu (Мәзір) түймесін басқанда Paper мәзірі көрсетіледі.

 ["Paper мәзірі" бетте 167](#)

Ақпараттық дисплей аумағы

Жүктелген қағаздың Source және Media Type параметрлерін көрсетеді.

Орам пайдаланылса, ол сонымен бірге орамның енін көрсетеді. **Roll Paper Remaining** параметрі **On** күйінде болса, ол қалған қағаз орамының мөлшерін көрсетеді. Қалған ұзындық **Remaining Alert** үшін таңдалған мәнге жетсе немесе одан төмен түссе, қойынды белгішесінің үстінде  белгішесі және принтердегі орам бітейін деп жатқаны туралы ескертетін төмендегідей ескерту пайда болады.



Қағаз орамы SC-T7200D Series/ SC-T5200D Series принтерінің 1-орамына/2-орамына жүктелсе, белгішені құлыптау арқылы қайсысы таңдалғанын (пайдаланылып жатқанын) тексере аласыз.




: Таңдалған (пайдаланылып жатқан) орамды көрсетеді.

Нөмір 1-орамды немесе 2-орамды көрсетеді.



: Күту күйіндегі орамды көрсетеді.

Егер автоматты ауыстыру пәрмені бар болса, осы орам басып шығару үшін таңдалған.

Қағаз орамын автоматты түрде ауыстыру  ["Басып шығару алдында қағаз орамын автоматты түрде ауыстыру \(тек SC-T7200D Series/SC-T5200D Series\)" бетте 109](#)

Кіріспе

💧 : Сия қойындысы

Ақпараттық дисплей аумағында сия картриджінің күйін көрсетеді.


Ақпараттық дисплей аумағы


Төмендегі суреттерде көрсетілгендей белгіше сия картриджінің күйінің негізінде өзгереді.


Қалыпты Ескерту немесе қате




1 Күй көрсеткіштері

 : Қате жоқ. Индикатор биіктігі қалған сия деңгейімен өзгереді.

 : Сия деңгейі төмен. Жаңа сия картриджін дайындау керек.

 : Сия картриджі таусылды; жаңа сия картриджімен ауыстырыңыз.

 : Қате орын алды. Экрандағы хабарды тексеріңіз және қатені өшіріңіз.

2 Сия түсінің кодтары

C : Cyan (Көкшіл)

Y : Yellow (Сары)

M : Magenta (Алқызыл)

MK : Matte Black (Күңгірт қара)

PK : Photo Black (Фотохимиялық қара)

🔧 : Техникалық қызмет көрсету қойындысы

Ақпараттық дисплей аумағында Maintenance Box (Памперс) күйін көрсетеді.


Menu (Мәзір) түймесін басқанда Maintenance мәзірі көрсетіледі.

 ["Maintenance мәзірі" бетте 171](#)


Ақпараттық дисплей аумағы


Төмендегі суреттерде көрсетілгендей белгіше Maintenance Box (Памперс) күйінің негізінде өзгереді.


Қалыпты Ескерту немесе қате



1 Күй көрсеткіштері

 : Қате жоқ. Көрсеткіштің деңгейі қалған бос орын мөлшеріне сәйкес болады.

 : Maintenance Box (Памперс) қызмет көрсету мерзімінің соңына жақындап жатыр. Жаңа Maintenance Box (Памперс) дайындау керек.

 : Maintenance Box (Памперс) қызмет көрсету мерзімі аяқталды. Maintenance Box (Памперс) жаңасымен ауыстырыңыз.

⚙️ : Реттеу қойындысы

Көрсетілген IP мекенжайын ақпараттық дисплей аумағында көрсетеді.

Menu (Мәзір) түймесін басқанда Setup мәзірі көрсетіледі.

 ["Setup мәзірі" бетте 172](#)

Кіріспе

🔍 : Үлкейтілген көшірме қойындысы
Enlarged Copy (Үлкейтілген көшірме)
қойындысы тек сканер қосылған кезде көрсетіледі.

Осы қойынды таңдалған кезде ОК түймесін басып Enlarged Copy экранын көрсетеді.

📖 “Enlarged Copy мәзірі” бетте 192

Мүмкіндіктер

Осы принтердің негізгі мүмкіндіктері төменде сипатталған.

Жоғары өнімділікті жүзеге асыру

Жоғары жылдамдықпен басып шығару

Басып шығару механизмінің және қағаз берудің жылдамдығы тезірек басып шығару үшін арттырылды.

Принтер жылдам кесу үшін жылдамдығы жоғары айналмалы кескішпен жабдықталған, бұл өнімділікті айтарлықтай арттырады.

Қағаз кәрзеңкесі ретті парақтарды қамтиды (SC-T7200 Series/SC-T5200 Series/SC-T3200 Series)

Қағаз кәрзеңкесіне 20-ға дейін A2/A1/A0/ARCH D/US D/US E кәдімгі қағаз парағы сыяды, бұл өнімділікті арттыратын автоматтандыруға мүмкіндік береді.

SC-T3200 Series үшін қосымша тұрғы (24) қағаз кәрзеңкесімен бірге келеді.

📖 “Қағаз кәрзеңкесін пайдалану (SC-T7200 Series/SC-T5200 Series/SC-T3200 Series)” бетте 55

Әр түрлі аралас қағаз өлшемдерін үздіксіз сыйдыратын сыйымдылығы үлкен қағаз кәрзеңкесі (SC-T7200D Series/SC-T5200D Series)

Бұл кәрзеңке A1 альбомдық өлшемінен және кішірек әр түрлі аралас қағаз өлшемдерін ұстай алады.

Бұған қоса, кәрзеңкені шағын күйге орнатсаңыз, тіпті еңсіздеу кеңістіктерде пайдалану үшін қағаз кәрзеңкесінің шығып тұруын азайтуға болады.

📖 “Сыйымдылығы үлкен қағаз кәрзеңкесін пайдалану (SC-T7200D Series/SC-T5200D Series)” бетте 59

Кіріспе

Көру және пайдалану оңай түсті экран арқылы жақсартылған пайдалану

Интуитивтік пайдалануға арналған үлкен, жарық, түсті СК дисплейді түсіну және пайдалану оңай.

Үлкен дисплей толық, түсінуге оңай қате туралы хабарларды және қағазды жүктеу туралы суреттері бар нұсқауларды ұсынады.

 [“Экран көрінісі” бетте 18](#)

Ескерту шамының арқасында тіпті алыстан да ағымдағы жұмыс күйін тексеру

Үлкен, жақсы көрінетін ескерту шамының арқасында қателер тіпті қашықтықтан да бірден көрінеді. Бұл сия немесе қағаз бітуіне байланысты басып шығару тоқтаған кезде уақытты ысыраптауды болдырмауға мүмкіндік береді.


Екі қағаз орамын жүктеу және өнімділікті арттыру

(SC-T7200D Series/SC-T5200D Series)


Қағаз орамын екі орында жүктеуге болады, 1-орам (жоғарғы бөлім) және 2-орам (төменгі бөлім). Бұл мүмкіндік келесі түрде өнімділікті арттырады.

- 1-орамда және 2-орамда қағаз орамының әр түрлі түрлерін жүктеу мүмкін болғандықтан басып шығару кезінде принтер драйверінде баспа материалының түрін көрсетіңіз және басып шығаруды 1-орам және 2-орам арасында ауыстырыңыз, баспа материалының түрін ауыстырған сайын қағазды ысыру қажет емес.

 [“Қағаз түрі бойынша 1-орамға/2-орамға ауысу” бетте 109](#)

- 1-орамда және 2-орамда қағаз орамының әр түрлі өлшемдерін алдын ала жүктесеңіз, принтер басып шығару кезінде баспа тапсырмасының құжат өлшеміне сай кішірек шеті бар қағаз орамына автоматты түрде ауысады. Бұл мүмкіндік қағазды үнемдеуді оңай етеді.  [“Құжат өлшемі бойынша 1-орамға/2-орамға ауысу” бетте 110](#)

- Егер 1-орамға және 2-орамға қағаз орамының бірдей түрлерін және өлшемдерін алдын ала жүктесеңіз, сөйтіп басып шығару кезінде қалған қағаз орамы басып шығару ұзындығынан қысқарақ екенін анықтаса, принтер басып шығару ұзындығынан ұзынырақ қағаз орамына автоматты түрде ауысады және басып шығаруды жалғастырады. Бұл мүмкіндік үздіксіз қараусыз жұмысқа мүмкіндік береді.

 [“Қағаз таусылса басып шығару алдында ең көп қағаз қалған орамға \(1-орам/2-орам\) ауысу” бетте 112](#)

Жоғары ажыратымдылықты жүзеге асыру

Жаңадан жасалған Epson UltraChrome XD Ink технологияның арқасында принтерді жоғары сапалы постерлер және CAD сызбалары үшін пайдалануға болады.

CAD сызбалары: анық, түсінікті және теңдесі жоқ су өткізбеушілік

Жаңадан жасалған, тығыздығы жоғары Matte Black (Күңгірт қара) сиясы принтерге ерекше егжей-тегжейлі сызбаларды жасауға мүмкіндік береді.

Теңдесі жоқ суға төзімділікке жету үшін барлық сиялар үшін пигменттелген сиялар пайдаланылады, бұл басып шығару нәтижелерін сыртқа қауіпсіз шығаруға мүмкіндік береді.*¹

Принтер драйвері сызықпен салу режимін ұсынады, бұл сызықпен салу үшін басып шығаруды оңтайландыруды жеңілдетеді және сызықтық сызбаны және жіңішке сызықтарды қосылған сызықтар, диагональдар және қисық сызықтар ретінде үздік көрсету арқылы принтерді сызбалар үшін пайдаланғанда ең жақсы мүмкін нәтижелерді қамтамасыз етеді.

Жарқын, жарыққа төзімділігі жоғары постерлер және дисплейлер*²

Біздің жаңа алқызыл сиямыз постерлер үшін өте маңызды қызыл түстерді жақсартады, осылайша оларды бұрынғыдан да ерекшелейді.

Кіріспе

Принтер драйвері жарқын постерлерді басып шығаруды жеңілдететін постер режимін ұсынады. Жарқын реңктері бар постерлерді постер режимін таңдау арқылы оңай басып шығаруға болады.

Барлық түстер үшін пигменттелген сияларды пайдаланудың арқасында нәтижелердің суға төзімділігі жоғары болады және оларды қысқа мерзім бойы сыртта көрсету үшін пайдалануға болады. Сондай-ақ, олардың жарыққа төзімділігі және түссізденуге төзімділігі өте жоғары және оларды тік күн сәулесінде қауіпсіз көрсетуге болады.


- *1 Сыртта пайдалану үшін басып шығарып жатсаңыз, ламинаттау өңдеуін пайдаланыңыз.
- *2 Барлық қағаз үшін бірдей нәтижелерді алу мүмкін емес.

Жеңіл пайдалануға ерекше көңіл бөлу

Шпинделі жоқ қағаз орамының адаптері қағаз орамын бір сәтте жүктеуге мүмкіндік береді

Шпиндельдің болмауы тіпті бос орын құнды орталарда да қағаз орамын жүктеуге және алуға мүмкіндік береді.

Қағаз орамын жүктеу үшін жай орам тірегіне қойыңыз және екі соңына қағаз орамының адаптерлерін бекітіңіз. Ролик тірегі төмен, бұл тіпті бойы аласа жұмысшыларға да қағазды жүктеуді оңай етеді.

 [“Қағаз орамының адаптерін жүктеу” бетте 35](#)

Техникалық қызмет көрсетудің оңайлығы

Қағаз орамы және бүкіл ауыстыру бөліктері, соның ішінде сия картридждері, Maintenance Boxes (Памперс) және кескіштер алдынан орнатылады, бұл принтерді қабырғаға тақап қоюға мүмкіндік береді. Артына қол жеткізу үшін принтерді жылжыту қажеттілігі болмайды.

Тапсырмаға сай картридждің үш өлшемі арасынан таңдаңыз

Принтерді пайдалану жиілігіне сай 110, 350 және 700 мл картридждер арасынан таңдаңыз. Постерлердің көп мөлшерін басып шығару үшін үнемді 700 мл картридждерді пайдаланыңыз, не болмаса монохромды басып шығару үшін жеке 110 немесе 350 мл картридждерді таңдаңыз.

Жаңа принтер драйвері айтарлықтай жақсартылған пайдалану жеңілдігін ұсынады

Басып шығару параметрлерін жай қажет пайдалануды немесе мақсатты таңдау арқылы оңтайландыруға болады. Бұл басып шығару параметрлерін жеке-жеке реттеу мәселесін кетіреді.

Іске қосу кезінде принтер драйвері принтерге жүктелген қағаздың күйін автоматты түрде тексереді және оны **Media Settings** диалогтық терезесінде көрсетеді, бұл басып шығару алдында қағаз күйін тексермеу тудыратын қателерді болдырмайды.

Принтер драйвері принтер параметрлерін графикалық түрде көрсетеді, бұл параметрлерді дұрыс емес таңдау тудыратын қателерді азайтады.

Принтермен біріктіруге және онымен бірге орнатуға болатын MFP сканері

Арнайы тіректі пайдалансаңыз, қосымша MFP сканерін принтердің жоғарғы жағына қоса аласыз. Бұл мүмкіндік орнату кеңістігін азайтады және бір орында құжаттарды жүктеуге және көшірмелерді басып шығаруға мүмкіндік береді.

Бұған қоса, бұл мүмкіндік қиындықсыз жұмыс ағынын қамтамасыз етеді, өйткені басып шығару көшіруден кейін жоғары жылдамдықпен басталады.

 [“MFP сканерін \(опция\) пайдаланып үлкен көшіру және үлкен сканерлеу” бетте 83](#)


Кіріспе

Пайдалану және сақтау туралы ескертпелер


Орнату орны

Қағазды шығаруға және шығын материалдарын ауыстыруға кедергі келмеуі үшін өту орнын кез келген басқа заттардан тазалаңыз.


Принтердің сыртқы өлшемдерін “Техникалық сипаттамалар кестесі” ішінен қараңыз.

 [“Техникалық сипаттамалар кестесі” бетте 251](#)


* Постер тақтасында басып шығарып жатқанда принтердің алдында да, артында да жеткілікті бос орын бар екенін тексеріңіз.

 [“Постер тақтасын жүктеу және алу” бетте 48](#)


SC-T7200 Series/SC-T5200 Series



SC-T3200 Series




SC-T7200D Series/SC-T5200D Series




MFP сканері орнатылған болса

Төмендегі сурет MFP сканерін бекіту үшін арнайы тұрғы пайдаланылған кездегі орнату кеңістігін көрсетеді.

* Жүктелетін құжаттың қалыңдығы 0,25 мм немесе одан үлкенірек болса, принтердің алдында да, артында да жеткілікті кеңістік бар екеніне көз жеткізіңіз.

 [“Қалыңдығы 0,25 мм артық құжатты жүктеген кезде” бетте 87](#)




*1 SC-T7200D Series/SC-T5200D Series үшін

*2 SC-T7200 Series/SC-T5200 Series/SC-T3200 Series үшін

Кіріспе

Принтерді пайдалану кезіндегі ескертпелер

Бұзылуларды, дұрыс емес жұмыс істеуді және басып шығару сапасының төмендеуін болдырмау үшін осы принтерді пайдаланған кезде мыналарды ескеріңіз.

- Принтерді пайдаланғанда “Техникалық сипаттамалар кестесі” ішінде сипатталған жұмыс температурасы және ылғалдылық ауқымын сақтаңыз.  “Техникалық сипаттамалар кестесі” бетте 251

Тіпті жоғарыдағы шарттар орындалса да, қоршаған орта жағдайлары қағаз үшін қолайсыз болса, дұрыс басып шығару мүмкін болмауы мүмкін. Принтерді қағаз талаптары орындалатын ортада пайдаланыңыз. Қосымша мәліметтер алу үшін қағазбен бірге берілген құжаттаманы қараңыз.

Сондай-ақ, құрғақ аймақтарда, кондиционер бар ортада немесе тік күн сәулесінің астында пайдаланғанда тиісті ылғалдылықты сақтаңыз.

- Принтерді қызу көздерінің жанында немесе тікелей желдеткіштің, не болмаса кондиционердің ауа жолында орнатпаңыз. Бұл сақтық шарасын орындамау басып шығару механизмі саңылауларының құрғауына және бітелуіне әкелуі мүмкін.
- Қателер орын алса және принтер алдымен қатені шешпей өшірілсе, басып шығару механизмі жабылмауы мүмкін (яғни, оң жаққа қарай жылжымауы мүмкін). Жабу — басып шығару механизмінің құрғауын болдырмау үшін басып шығару механизмін қақпақпен автоматты түрде жабу функциясы. Бұл жағдайда қуатты қосыңыз және жабу автоматты түрде орындалғанша күтіңіз.
- Қуат қосулы кезде қуат ашасын суырмаңыз немесе өшіргіштің қуатын өшірмеңіз. Басып шығару механизмі дұрыс жабылмауы мүмкін. Бұл жағдайда қуатты қосыңыз және жабу автоматты түрде орындалғанша күтіңіз.

- Тіпті принтер пайдаланылып жатпаса да, басып шығару механизмін тазалау және басып шығару механизмін жақсы жағдайда ұстау үшін қажет басқа техникалық қызмет көрсету әрекеттерін орындағанда біраз сия тұтынылады.

Принтерді пайдаланбаған кездегі ескертпелер

Егер пайдаланып жатпасаңыз, принтерді сақтауға қойғанда мыналарды ескеріңіз. Егер сақтауға дұрыс қойылмаса, келесі пайдаланғанда дұрыс басып шығару мүмкін болмауы мүмкін.

- Егер ұзақ уақыт бойы басып шығармасаңыз, басып шығару механизмінің саңылаулары бітелуі мүмкін. Басып шығару механизмінің бітелуін болдырмау үшін аптасына бір рет басып шығару ұсынылады.
- Ролик принтер ішінде қалған қағазда із қалдыруы мүмкін. Сондай-ақ, бұл толқынды немесе оралған қағазға әкеліп, қағазды беру мәселелеріне әкелуі мүмкін немесе басып шығару механизміне сызық түсуі мүмкін. Сақтауға қойған кезде қағазды алыңыз.
- Принтерді басып шығару механизмі жабылғанын (басып шығару механизмі ең шеткі оң жақта орналасқан) тексергеннен кейін сақтауға қойыңыз. Егер басып шығару механизмі ұзақ уақыт бойы жабылмаған болып қалдырылса, басып шығару сапасы төмендеуі мүмкін.

Ескертпе:

Егер басып шығару механизмі жабылмаған болса, принтерді қосыңыз, содан кейін өшіріңіз.

- Принтерде шаңның және басқа бөгде заттардың жиналуын болдырмау үшін сақтауға қоймай тұрып бүкіл қақпақтарды жабыңыз.

Принтер ұзақ уақыт бойы пайдаланылмайтын болса, статикалық

Кіріспе

тоққа қарсы матамен немесе басқа жабынмен қорғаңыз.

Басып шығару механизмінің саңылаулары өте кішкентай және басып шығару механизміне майда шаң кірсе оңай бітелуі мүмкін және дұрыс басып шығара алмауыңыз мүмкін.

- ❑ Ұзақ уақыт бойы пайдаланбау кезеңінен кейін қосқанда, принтер басып шығару сапасын қамтамасыз ету үшін басты тазалауды автоматты түрде орындауы мүмкін.

Басып шығару механизмін тазалау шамамен 10–15 минуттан кейін бітеді.

Сия картридждерін пайдалану туралы ескертпелер

Жақсы басып шығару сапасын сақтау үшін сия картридждерін ұстағанда мыналарды ескеріңіз.

- ❑ Қамтамасыз етілген сия картридждері және Maintenance Box (Памперс) бастапқы зарядтау кезінде пайдалануға арналған. Қамтамасыз етілген сия картридждері және Maintenance Box (Памперс) ауыстыруды салыстырмалы түрде тез қажет етеді.
- ❑ Сия картридждерін бөлме температурасында, тік күн сәулесінен тыс сақтау және орамдағы мерзімі біту күніне дейін пайдалану ұсынылады.
- ❑ Жақсы нәтижелерді қамтамасыз ету үшін картридждегі бүкіл сияны орнатудан кейін бір жыл ішінде пайдаланыңыз.
- ❑ Ұзақ уақыт бойы төмен температураларда сақталған сия картридждерін төрт сағат бойы бөлме температурасына дейін жеткізу керек.
- ❑ Сия картридждеріндегі ІС чиптерін ұстамаңыз. Дұрыс басып шығара алмауыңыз мүмкін.
- ❑ Әр ұяшыққа барлық сия картридждерін орнатыңыз. Ұяшықтардың біреуі бос болса, басып шығара алмайсыз.

- ❑ Принтерді сия картридждерін орнатпай қалдырмаңыз. Принтердегі сия құрғап, принтер күтілгендей басып шығармауы мүмкін. Тіпті принтерді пайдаланбасаңыз да, бүкіл ұяшықтарда сия картридждерін қалдырыңыз.
- ❑ ІС чипінде картридждерді алу және ауыстырудан кейін пайдалануға мүмкіндік беретін сия деңгейі және басқа деректер сақталады.
- ❑ Сия беру портында кір жиналмауы үшін алынған сия картриджін дұрыстап сақтауға қойыңыз. Сия беру портында клапан бар, сондықтан оны жабу қажет емес.
- ❑ Алып тасталған сия картридждерінде сия беру портының айналасында сия болуы мүмкін, сондықтан картридждерді алған кезде айналасындағы аймаққа сия төгіп алмаңыз.
- ❑ Басып шығару механизмінің сапасын сақтау үшін бұл принтер сия картридждері толығымен бітпей тұрып басып шығаруды тоқтатады.
- ❑ Сия картридждерінде қайта өңделген материалдардың болуы мүмкіндігіне қарамастан, бұл принтердің қызметіне немесе өнімділігіне әсер етпейді.
- ❑ Сия картридждерін бөлшектемеңіз немесе үлгісін өзгертпеңіз. Дұрыс басып шығара алмауыңыз мүмкін.
- ❑ Сия картридждерін құлатып алмаңыз немесе қатты заттарға соқпаңыз, әйтпесе, сия ағуы мүмкін.

Қағазды пайдалану туралы ескертпелер

Қағазды пайдалану және сақтау кезінде мыналарды ескеріңіз. Егер қағаздың күйі жақсы болмаса, басып шығару сапасы төмендеуі мүмкін.

Әр қағазбен бірге берілетін құжаттаманы тексеріңіз.

Кіріспе

Пайдалану туралы ескертпелер

- ❑ Epson арнайы баспа материалын қалыпты бөлме жағдайларында (температура: 15–25 °C; ылғалдылық: 40–60 %) пайдаланыңыз.
- ❑ Қағазды бүкпеңіз немесе қағаз бетіне сызық түсірмеңіз.
- ❑ Қағаздың басылатын бетін қолмен ұстамаңыз. Қолдардағы ылғал және май басып шығару сапасына әсер етуі мүмкін.
- ❑ Қағазды шеттерінен ұстаңыз. Мақтадан жасалған қолғап кию ұсынылады.
- ❑ Температура мен ылғалдылықтағы өзгерістер қағаздың толқынды немесе оралған болуына әкелуі мүмкін. Қағазға сызат түсірмеңіз немесе ластаныңыз, принтерге салмай тұрып тегістеңіз.
- ❑ Қағазды ылғалдандырмаңыз.
- ❑ Қағаз орамын лақтырмаңыз, себебі оны қағазды сақтау үшін пайдалануға болады.
- ❑ Тік күн сәулесі, шамадан тыс қызу немесе ылғалдылық әсер ететін орындарға қоймаңыз.
- ❑ Ашқаннан кейін кесілген парақтарды бастапқы орамда сақтаңыз және тегіс орында сақтаңыз.
- ❑ Пайдаланылып жатпаған қағаз орамын принтерден алыңыз. Оны дұрыстап қайта ораңыз, содан кейін қағаз орамының бастапқы орамында сақтаңыз. Егер қағаз орамын принтерде ұзақ уақытқа қалдырсаңыз, оның сапасы төмендеуі мүмкін.

Басылған қағазды пайдалану туралы ескертпелер

Ұзақ, жоғары сапалы басып шығару нәтижелерін сақтау үшін мыналарды ескеріңіз.

- ❑ Басылған бетті үйкемеңіз немесе оған сызық түсірмеңіз. Егер үйкелсе немесе сызық түссе, сия түсуі мүмкін.

- ❑ Басылған бетке тимеңіз; бұл сақтық шарасын орындамау сияның кетуіне әкелуі мүмкін.
- ❑ Дестені бүктеу алдында басып шығарылған қағаздар толығымен құрғағанын тексеріңіз; әйтпесе олар тиетін жерде түс өзгеруі мүмкін (дақ қалады). Бірден бөлектелсе және құрғатылса, бұл дақтар кетеді; бірақ бөлектемесе, олар қалады.
- ❑ Егер толығымен құрғамай тұрып альбомға қойсаңыз, басып шығарылған қағаздар бұрмаланған болуы мүмкін.
- ❑ Басып шығарылған қағаздарды құрғату үшін құрғатқышты пайдаланбаңыз.
- ❑ Тік күн сәулесінің әсерін болдырмаңыз.
- ❑ Қағаз құжаттамасындағы нұсқауларды орындау арқылы басып шығарылған қағаздарды көрсету немесе сақтау кезінде түстің бұрмалануын болдырмаңыз.

Ескертпе:

Әдетте, басып шығарылған қағаздар және суреттер жарықтың және ауада әр түрлі құрамдастарға байланысты уақыт өте келе түссізденеді (түстің бұрмалануы). Бұл Epson өнімінің арнайы баспа материалдарына да қатысты. Бірақ, дұрыс сақтау әдісі пайдаланылса, түстің бұрмалану дәрежесін барынша азайтуға болады.

- ❑ *Басып шығарудан кейін қағазды пайдалану туралы толық ақпарат алу үшін Epson арнайы материалдарымен бірге берілген құжаттаманы қараңыз.*
- ❑ *Әр түрлі жарықтандыру жағдайларында (жарық көздері*) суреттердің, постерлердің және басқа басылған материалдардың түстері әр түрлі болып көрінуі мүмкін. Осы принтерден басылған қағаздардың түстері сонымен бірге әр түрлі жарық көздері астында әр түрлі болып көрінуі мүмкін.*

** Жарық көздеріне күн жарығын, флюоресценттік жарықты, қызу шамы және басқа түрлер кіреді.*

Кіріспе

Қамтамасыз етілген бағдарламаға кіріспе

Принтерде пайдалануға болатын бағдарлама төмендегі екі жолмен беріледі.

- ❑ Бірге берілетін бағдарлама дискіне сақталады

Сақталған бағдарламаның сипаттамаларын төмендегі бөлімнен қараңыз.

- ❑ Принтерге орнатылады

Оны желі арқылы веб-шолғыштан іске қосуға болады.

Орнатылған бағдарламаның сипаттамаларын төменнен қараңыз.

 [“Принтерге орнатылған бағдарламаға шолу” бетте 30](#)

Бағдарлама дискісінің құрамы

Қамтамасыз етілген бағдарлама дискісі келесі бағдарламаны қамтиды. Қажетті түрде орнатыңыз.

Қосымша ақпаратты *Желімен жұмыс істеуге арналған нұсқау* (pdf) ішінде немесе қарастырылып отырған қолданбаның желілік анықтамасы арқылы табуға болады.



Маңызды:

Қолайлық пен жұмыс сенімділігін арттыру үшін бағдарлама қажетінше жаңартылады. Соңғы нұсқасын Epson веб-сайтынан қараңыз.

<http://www.epson.com>


Windows жүйесі үшін

Бағдарламаның атауы	Жиынтық мәліметтер
Epson Driver and Utilities (Epson драйвері мен утилиталары)	<p>Келесі бағдарлама орнатылады.</p> <p>Принтер драйвері Принтер драйвері принтерді пайдаланған кезде қажет. Оны орнату кезінде Install (Орнату) пәрменін таңдау арқылы орнатуға болады.  “Принтер драйвері туралы жиынтық мәліметтер” бетте 31</p> <p>EPSON LFP Remote Panel 2 Бұл бағдарлама теңшелетін қағаз параметрлері және басқа конфигурациялар үшін пайдаланылады.</p>
Epson Network Utilities (Epson желі утилиталары)	<p>Принтер және компьютер желі арқылы қосылған болса, орнату кезінде осы опцияны таңдаңыз. Бұл утилитаны орнату желілік қосылымдар үшін қажет мекенжайларды орнату процесін жеңілдету үшін шеберді пайдалануға мүмкіндік береді.</p> <p>EpsonNet Print қолданбасы да орнатылады. Компьютер мен принтер желі арқылы қосылған болса, EpsonNet Print көмегімен TCP/IP арқылы тікелей басып шығаруды орындауға болады.</p>

Кіріспе

Бағдарламаның атауы	Жиынтық мәліметтер
EpsonNet Config (Epson желі теңшелімі)	Бұл бағдарлама көмегімен принтердің әр түрлі желілік параметрлерін компьютерден реттеуге болады. Бұл — ыңғайлы, өйткені мекенжайларды және атауларды пернетақтаны пайдаланып енгізуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ, нұсқаулық бағдарламамен бірге орнатылады.
LFP Print Plug-In for Office	Бұл Microsoft Office бағдарламаларына (Word, Excel және PowerPoint) арналған қосылатын модуль. Бұл қосылатын модульді орнату Office бағдарламаларында таспаны көрсетеді. Бұл таспа көлденеңінен және тігінен баннерді басып шығаруға және үлкейтілген басып шығаруға жылдам қатынасуға мүмкіндік береді. Қосылатын модульді орнатпай тұрып мыналарды тексеріңіз. <input type="checkbox"/> Office 2003, Office 2007, Office 2010 немесе Office 2013 орнатылған. <input type="checkbox"/> Бұл қолданбалардың (Office 2003, Office 2007, Office 2010 немесе Office 2013) ешқайсысы іске қосылмаған. Бұл қосылатын модуль кейбір аймақтарда қамтылмаған.

Mac OS X жүйесі үшін

Бағдарламаның атауы	Жиынтық мәліметтер
Epson Driver and Utilities (Epson драйвері мен утилиталары)	Келесі бағдарлама орнатылады. Принтер драйвері Принтер драйвері принтерді пайдаланған кезде қажет. Оны орнату кезінде Install (Орнату) пәрменін таңдау арқылы орнатуға болады.  "Принтер драйвері туралы жиынтық мәліметтер" бетте 31 EPSON LFP Remote Panel 2 Бұл бағдарлама теңшелетін қағаз параметрлері және басқа конфигурациялар үшін пайдаланылады.
Epson Network Utilities (Epson желі утилиталары)	Принтер және компьютер желі арқылы қосылған болса, орнату кезінде осы опцияны таңдаңыз. Бұл утилитаны орнату желілік қосылымдар үшін қажет мекенжайларды орнату процесін жеңілдету үшін шеберді пайдалануға мүмкіндік береді.
EpsonNet Config (Epson желі теңшелімі)	Бұл бағдарлама көмегімен принтердің әр түрлі желілік параметрлерін компьютерден реттеуге болады. Бұл — ыңғайлы, өйткені мекенжайларды және атауларды пернетақтаны пайдаланып енгізуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ, нұсқаулық бағдарламамен бірге орнатылады.

Кіріспе

Принтерге орнатылған бағдарламаға шолу

Бағдарламаның атауы	Жиынтық мәліметтер
Remote Manager	<p>Осы бағдарламаны принтердің күйін тексеру, сондай-ақ желі және қауіпсіздік параметрлерін орнату үшін қолданыңыз.</p> <p>Оған қоса қатты дискінің қосымша бөлігіне немесе Adobe PostScript 3 Expansion Unit ішіне сақталған баспа тапсырмаларын басқаруға болады.</p> <p>☞ "Қосымша қатты дискіне сақтау және одан қайта басып шығару" бетте 79</p> <p>Remote Manager қолданбасын іске қосу және қолдану процедурасын төмендегі бөлімнен қараңыз.</p> <p>☞ "Қолдану жолы Remote Manager" бетте 33</p>
Copy Manager	<p>Бұл бағдарлама қосымша MFP сканерін үлкен көлемде көшіру және сканерлеу үшін қолдануға мүмкіндік береді.</p> <p>Үлкен экраннан көшіру және сканерлеу параметрлерін реттеуге мүмкіндік алып, басқару ыңғайлылығын арттыру үшін, оны планшеттен немесе басқа терминалдан іске қосып, қолданыңыз. Басқару процедуралары туралы мәліметті желілік анықтамадан қараңыз.</p> <p>Іске қосу процедурасы ☞ "Іске қосу жолы Copy Manager" бетте 84</p>


Кіріспе

Принтер драйвері туралы жиынтық мәліметтер

Принтердің драйверінің негізгі функциялары төменде сипатталған.

- ❑ Бағдарламалардан алынған басып шығару деректерін басылатын деректерге түрлендіреді және оны принтерге жібереді.
- ❑ Құжат өлшемі және басып шығару сапасы сияқты параметрлерді параметрлер диалогтық терезелерінде реттеуге болады.


Windows



Бұл параметрлерді сақтауға және осы сақталған параметрлерді оңай импорттауға немесе экспорттауға болады.


👉 [“Принтер драйверін реттеу” бетте 144](#)

Mac OS X



- ❑ Басып шығару сапасын сақтау үшін пайдаланушыға принтерге техникалық қызмет көрсету функцияларын орындауға, принтердің күйін тексеруге және т.с.с. мүмкіндік береді.

Windows



Принтер драйверінің параметрлерін оңай импорттауға немесе экспорттауға болады.

👉 [“Utility қойындысын шолу” бетте 147](#)

Кіріспе



Кіріспе

Қолдану жолы Remote Manager

Бағдарламаны принтерге желі арқылы қосылған компьютердің немесе планшет терминалдың веб-шолғышынан іске қосып, қолданыңыз.

Принтер күйін тексеру және желі параметрлерін реттеуге қоса, Upload And Print және Print From Folder әрекеттерін орындауға болады.

Іске қосу процедурасы


- 1 Принтерге желі арқылы қосылған планшет терминалында немесе компьютерде веб-шолғышты іске қосыңыз.
- 2 Принтер үшін көрсетілген IP мекенжайын мекенжай өрісіне енгізіп, содан кейін Enter пернесін немесе Return пернесін басыңыз.

Төмендегі опциялардың кез келгені орнатылған болса, 3-қадамға өтіңіз.

- MFP сканері
- Қатты дискінің бөлігі
- Adobe PostScript 3 кеңейту бөлігі


Ешқайсысы орнатылмаған болса, Remote Manager іске қосылады.

- 3 Көрсетілген экранда **Remote Manager** түймесін басыңыз.



Принтерде сымсыз жергілікті желі функциясы жоқ. Принтерді және планшет терминалын желі арқылы қосу үшін сымсыз жергілікті желі маршрутизаторы немесе сымсыз жергілікті желіге кіру нүктесі қажет.

Мысалы



Қолдау көрсетілетін амалдық жүйелерді және шолғыштарды төмендегі бөлімнен қараңыз.

[👉 "Жүйе талаптары" бетте 249](#)

Шолу: Upload And Print және Print From Folder

Upload And Print және Print From Folder — Remote Manager қолданбасын іске қосатын және принтер драйвері орнатылмаған компьютерден немесе планшет терминалдан басып шығару үшін қолданылатын функциялар.

Upload And Print

Басып шығарғыңыз келетін файлды таңдап, оны басып шығару үшін принтерге жүктесеңіз болғаны. Қолданып отырған шолғыш сүйреп, тастауды қолдаса, бірнеше файлды бір топтамамен жүктеп, оларды ретімен басып шығаруға болады.

Кіріспе

Print From Folder

Алдын ала параметрлері орнатылған ортақ қалтадағы файлды таңдап, басып шығаруға болады.

Қолдау көрсетілетін файлдар

Төмендегі файлдарға Upload And Print және Print From Folder функциялары қолдау көрсетеді. Қолдау көрсетілетін файлдар қосымша Adobe PostScript 3 кеңейту бөлігінің орнатылып-орнатылмағанына қарай әр түрлі болады.

Файл пішімдері	Орнатылм аған	Орнатылған
HP-GL/2	✓	✓
HP RTL	✓	✓
PDF	-	✓
PostScript	-	✓
EPS	-	✓
TIFF	-	✓
JPEG	-	✓
CALS G4(type I)	-	✓

HP-GL/2 және HP RTL пішіміндегі файлдар принтер параметрлері мәзіріндегі **HP-GL/2 Settings** параметрлеріне қарай басып шығарылады.

 ["Printer Setup" бетте 172](#)

Басқа файлдар принтер параметрлері мәзіріндегі **PS3 Expansion Unit** ішіндегі параметрлерге қарай басып шығарылады.

 ["Option Setup"*4" бетте 182](#)

Әрекеттер туралы мәліметті желілік анықтамадан қараңыз.

Негізгі амалдар

Негізгі амалдар

Қағаз орамын жүктеу және алу


Қамтамасыз етілген қағаз орамы адаптерлерін бекіткеннен кейін қағаз орамын жүктеңіз.

! Маңызды:

Қағазды басып шығарудың дәл алдында салыңыз. Ролик принтер ішінде қалған қағазда із қалдыруы мүмкін.

Ескертпе:

- ❑ Принтерде пайдалануға болатын қағаз туралы мәліметтер келесі бөлімде берілген.
 - 🔗 "Қолдау көрсетілетін баспа материалдары" бетте 236
- ❑ Арнайы тіректі пайдаланып принтерге қосымша MFP сканері бекітілген болса, сканерді шырт еткен дыбысты естігенше көтеріңіз.




SC-T7200D Series/SC-T5200D Series принтерінде 1-орамда және 2-орамда қағаз орамын жүктеу әдістері әр түрлі. Қағаз орамының адаптарын бекіткеннен кейін келесі бөлімдерді қараңыз.

1-орамда жүктеу 🔗 "Қағаз орамын жүктеу немесе 1-орам" бетте 36


2-орамда жүктеу 🔗 "2-орамды жүктеу (тек SC-T7200D Series/SC-T5200D Series)" бетте 39

Қағаз орамының адаптерін жүктеу


- 1** Принтерді  түймесін басу арқылы қосыңыз.

Ескертпе:

- ❑ Қағаз кәрзеңкесін жабу жұмысты жеңілдетеді.
 - SC-T7200 Series/SC-T5200 Series/SC-T3200 Series 🔗 "Сақтау және ашу" бетте 56
 - SC-T7200D Series/SC-T5200D Series 🔗 "Сақтау" бетте 59
- ❑ Постер тақтасының тіректерін көтерілген күйде қалдыру кептелістерді тудыруы мүмкін; жалғастырмай тұрып бүкіл тіректерді түсіріңіз. Тіректерді түсіру үшін ұстаңыз, диагональ бойынша төмен қарай тартыңыз, содан кейін босатыңыз.




- 2** Қағаз орамын принтердің үстіндегі орам ұстағышына қойыңыз.






Негізгі амалдар

- 3** Жинақтағы екі қағаз орамы адаптерлерінің өлшемді ауыстыру тұтқаларын жүктелетін қағаз орамының қағаз өзегінің өлшеміне сай жылжытыңыз.



3-inch core




2-inch core




- 4** Екі қағаз орамы адаптерлерінің әрқайсысында құлыптау үшін адаптердің құлыптау тұтқасын көтеріңіз.



- 5** Орамның әр соңына адаптерді бекітіңіз.
Орамға саңылауларсыз толығымен кіргенше адаптерлерді ішке басыңыз.




- 6** Адаптерлерді орнында құлыптау үшін құлыптау тұтқаларын түсіріңіз.




Қағаз орамын жүктеу немесе 1-орам

Келесі параметрлерде пайдаланылатын түймелер




Негізгі амалдар


- 1** Қағаз орамының қақпағын ашыңыз.




- 2** Адаптер ұстағышын құлыптау тұтқасы көтерілгенін тексеріңіз.



- 3** Қағаз орамын адаптер бағыттағышына тигенше оңға қарай сырғытыңыз. Содан кейін адаптер бағыттағышының бойымен орамды баяу ішке қарай сырғытыңыз.



- 4** Басқару тақтасында  түймесін басыңыз. Дисплейде **Roll Paper** немесе **Roll 1** бөлектелгенін тексеріңіз, сөйтіп ОК түймесін басыңыз.

- 5** Қағаз орамында бостық жоқ екенін және соңы бүгілмегенін тексеріңіз, содан кейін оны қағаз саңылауына салыңыз.

SC-T7200D Series/SC-T5200D Series принтерінде Auto Loading параметрі On күйіне орнатылған болса


Қағаз орамы салынып жатса, дыбыстық сигнал естіледі. Егер дыбысты естісеңіз, 6-қадамға өтіңіз.

SC-T7200 Series/SC-T5200 Series/SC-T3200 Series

SC-T7200D Series/ принтерінде Auto Loading параметрі Off күйіне орнатылған болса


SC-T5200D Series Қағаздың жиегін көрсетілгендей принтерден түзу сыртқа тартыңыз.

Егер қағаздың жиегі көлденең болмаса немесе түзу кесілмесе, 6-қадамда кесу үшін кірістірілген кескішті пайдалануға болады.




Ескертпе:


Басып шығарылып жатқанда қағазды ұстамаңыз. Қағаз орамын жүктегеннен кейін қағазды беру үшін қағаз орамы адаптерлерін көрсетілгендей айналдырыңыз.




Негізгі амалдар

- 6** Қағаз орамын құлыптау тұтқасын түсіріңіз де, ОК түймесін басыңыз.




SC-T7200 Series/SC-T5200 Series/SC-T3200 Series немесе SC-T7200D Series/SC-T5200D Series принтерінде **Auto Loading** параметрі **Off** күйіне орнатылған болса, ОК түймесін басып, содан кейін  түймесін 5 секунд ішінде басып арқылы қағаз орамының жиегін кірістірілген кескішпен кесуге болады.

- 7** Қағаз орамының қақпағын жабыңыз.



Ескертпе:

Қосымша MFP сканері қағаз орамын жүктеу кезінде көтерілген болса, сканерді пайдалану үшін орнына қайтарыңыз.



- 8** Баспа материалының түрін тексеріңіз.

Егер қағаздағы ақпарат беретін штрих-код орамда басылған болса

Қағаз жүктелсе, штрих-код автоматты түрде оқылады және Media Type (Баспа материалының түрі) және Roll Paper Remaining (Қалған қағаз орамы) параметрлері автоматты түрде теңшеледі.


Ready жазуы көрсетілгеннен кейін басып шығаруға болады.

Егер орамда қағазда ақпарат беретін штрих-код басылмаған болса

Дисплей принтер көмегімен қазіргі уақытта таңдалған Media Type көрсетеді.


Көрсетілген параметрлермен басып шығару үшін ▼/▲ түймелерін пайдаланып **Keep Settings Above** параметрін таңдап, ОК түймесін басыңыз.

Негізгі амалдар

Параметрлерді өзгерту үшін **Change Settings** пәрменін бөлектеңіз және OK түймесін басыңыз.  “Баспа материалы параметрлерін көру және өзгерту” бетте 52


2-орамды жүктеу (тек SC-T7200D Series/ SC-T5200D Series)

Келесі параметрлерде пайдаланылатын түймелер




- 1 Қағаз кәрзеңкесін көлденең күйге түсіріңіз.

 “Күйді реттеу” бетте 60

- 2 Басқару тақтасында  түймесін басыңыз.

▼/▲ түймелерін пайдаланып **Roll 2** параметрін таңдап, OK түймесін басыңыз.


- 3 2-орам бөлігінің тартпа тұтқаларын ұстап тұрыңыз, содан кейін бөлікті тартып шығарыңыз.



Маңызды:


Басқару тақтасының экранында солай істеуге нұсқау берілмесе, 2-орам бөлігін тартып шығармаңыз. Егер қағаз жүктеліп жатқанда бөлік қалай болса, солай тартып шығарылса, қағаз кептелістері немесе қағаздың зақымдалуы орын алуы мүмкін.

- 4 Қағаз орамын құлыптау тұтқасы көтерілгенін тексеріңіз.




Негізгі амалдар

- 5** Қағаз орамы адаптерлерін адаптер бағыттағыштарына адаптерлердің тегіс беттері төмен қарап тұратындай орналастырыңыз. Содан кейін адаптер бағыттағышының бойымен орамды баяу ішке қарай сырғытыңыз.




- 6** Қағаз орамында бостық жоқ екенін және соңы бүгілмегенін тексеріңіз, содан кейін оны қағаз саңылауына салыңыз.

Егер қағаз орамы салынып жатса, қағаз автоматты түрде жүктеледі және дыбыстық сигнал естіледі.




- 7** Орамды құлыптау тұтқасын түсіріңіз.



Негізгі амалдар

- 8** 2-орам бөлігін орнатыңыз да, ОК түймесін басыңыз.



- 9** Баспа материалының түрін тексеріңіз.

Егер қағаздағы ақпарат беретін штрих-код орамда басылған болса

Қағаз жүктелсе, штрих-код автоматты түрде оқылады және Media Type (Баспа материалының түрі) және Roll Paper Remaining (Қалған қағаз орамы) параметрлері автоматты түрде теңшеледі.

Ready жазуы көрсетілгеннен кейін басып шығаруға болады.

Егер орамда қағазда ақпарат беретін штрих-код басылмаған болса

Дисплей принтер көмегімен қазіргі уақытта таңдалған Media Type көрсетеді.

Көрсетілген параметрлермен басып шығару үшін ▼/▲ түймелерін пайдаланып **Keep Settings Above** параметрін таңдап, ОК түймесін басыңыз.

Параметрлерді өзгерту үшін **Change Settings** пәрменін бөлектеңіз және ОК түймесін басыңыз. [☞ "Баспа материалы параметрлерін көру және өзгерту" бетте 52](#)

Қағаз орамын кесу

Принтер кірістірілген кескішпен жабдықталған. Төмендегі әдістердің біреуін пайдалана отырып басып шығарудан кейін қағаз орамын кесуге болады.

- Auto Cut:

Кескіш принтер драйверінің немесе басқару тақтасы мәзірінің параметріне сай бет

басылып шыққан сайын анықталған орында автоматты түрде кеседі.

- Қолмен кесу:

Кесу орны басқару тақтасында көрсетіледі, содан кейін қағаз орамы кесіледі. Қолмен кесу үшін кесу сызығы басылады және оны бекітілген кескішті пайдаланып қағазды кесу кезінде бағыттағыш ретінде пайдалануға болады.



Маңызды:

Төменде көрсетілгендей сатылатын қол жетімді баспа материалдарын кірістірілген кескіш дұрыстап кеспейуі мүмкін. Бұған қоса, келесі баспа материалының түрлерін кесу кірістірілген кескішті зақымдауы немесе оның қызмет көрсету мерзімін азайтуы мүмкін.

- Көркем өнер қағазы
- Кенеп
- Винил
- Күңгірт постер тақтасы
- Жабысқақ қағаз
- Баннер баспа материалы

Бұл баспа материалы түрлерін сатылатын қайшымен немесе кескішпен төмендегідей кесіңіз:

☞ түймесін басыңыз. Қағазды кесу орны қағазды шығару бағыттағышынан төмен болатындай беру үшін ▼ түймесін басып тұрыңыз. Қағазды қайшыны немесе үшінші тарап кескішін пайдаланып кесіңіз.

SC-T7200D Series/SC-T5200D Series принтерін пайдаланғанда бұл қағаз түрлерін 1-орамда жүктеу ұсынылады.

Автоматты кесуді орнату

Әдісте басқару тақтасынан немесе принтер драйверінен көрсетуге болады. Бірақ, принтер драйвері пайдаланылса, принтер драйверінің көмегімен таңдалған параметрдің басымдылығы жоғары болатынын ескеріңіз.

Негізгі амалдар

Ескертпе:

- ❑ Қосымша автоматты түрде алу катушкасын пайдаланғанда **Auto Cut** принтер драйверін және **Auto Cut** принтер опцияларын өшіріңіз.
- ❑ Қағаз орамын кесу біраз уақыт алуы мүмкін.
- ❑ Егер кесу кезіндегі шу алаңдатса, **Cutting Mode** параметрін **Silent** мәніне орнатыңыз.

📖 "Setup мәзірі" бетте 172

Компьютерде орнату

Принтер драйверінің **Properties** (немесе **Printing preferences**) экранындағы **Advanced** қойындысы — **Roll Paper Option** тармағынан **Auto Cut** параметрін орнатыңыз.

Принтерден реттеу


Басқару тақтасындағы ◀▶ түймелерін пайдаланып ⚙ қойындысын таңдаңыз, сөйтіп OK немесе Menu (Мәзір) түймесін басыңыз. Көрсетілген Setup мәзірінде **Printer Setup** > **Roll Paper Setup** > **Auto Cut** > **On** тармағын таңдаңыз. Қолмен кесу үшін **Off** күйін таңдаңыз. Әдепкі параметр — **On**.

📖 "Setup мәзірі" бетте 172

Қолмен кесу әдісі


Принтер драйверінде **Off** күйі таңдалған болса немесе басқару тақтасында **Auto Cut** үшін **Off** таңдалған болса, төменде сипатталғандай басып шығарғаннан кейін қағазды кез келген орында кесуге болады.

Келесі параметрлерде пайдаланылатын түймелер



1

✂ түймесін басыңыз. Принтердің ішін принтер қақпағын ашпай көріп, ▼ түймесін басып кесу орнын принтер ішіндегі оң жақтағы ◀ белгісімен туралаңыз.



Ескертпе:

Бекітілген кескішпен кесуге болатын ең аз қағаз ұзындығы 60–127 мм деп бекітіледі және оны өзгерту мүмкін емес. Егер кесу орны жоғарыдағы ең қысқа ұзындықтан қысқарақ болса, қағазды сол ұзындыққа дейін автоматты түрде беру керек, осылайша шет қалады. Шетті дүкенде сатылатын кескішпен кесіңіз.

Негізгі амалдар


2 ОК түймесін басыңыз.

Қағаз бекітілген кескіш арқылы кесіледі.

Қағаз орамын алу немесе 1-орам

Бұл бөлімде басып шығарудан кейін қағаз орамын алу және сақтау жолы сипатталған. Басу роликтері принтер ішінде қалған қағазда із қалдыруы мүмкін.

Келесі параметрлерде пайдаланылатын түймелер



1 Принтердің дайын екенін тексеріп, **Load/Remove Paper** түймесін басыңыз.

Load/Remove Paper мәзірі көрсетіледі.

2 ▼/▲ түймелерін басып **Remove Paper** бөлектеңіз және ОК түймесін басыңыз.

Егер SC-T7200D Series/SC-T5200D Series принтерін пайдаланып жатсаңыз және 2-орамда да қағаз орамы жүктелген болса, **Roll 1** параметрін таңдаңыз да, ОК түймесін басыңыз.

Roll Paper Remaining параметрі үшін **On** күйі таңдалса, принтер штрих-кодты автоматты түрде басып шығарады.

3 Қағаз автоматты түрде оралады.

SC-T7200 Series/SC-T5200 Series/SC-T3200 Series

Қағаз оралғаннан кейін принтер мына хабарды көрсетеді: **Press [Load/Remove Paper] and load paper.**


SC-T7200D Series/SC-T5200D Series

Қағаз оралғаннан кейін дыбыстық сигнал естіледі.

Ескертпе:


Дисплей **Turn roll paper adapter to wind up roll paper** хабарын көрсеткенде қағаз орамының қақпағын ашыңыз және қағазды қолмен ораңыз.

4 Қағаз орамының қақпағын ашыңыз.




Ескертпе:

Қағаз орамын алып жатқанда қағаз орамының тарқатылуын болдырмау үшін қосымша қағаз орамының белдігін пайдалануға болады.




Негізгі амалдар


- 5** Орамды құлыптау тұтқасын көтеріңіз.




- 6** Қағазды орам адаптерлерінен ұстап, орамды орам ұстағышқа жылжытыңыз.



- 7** Қағаз орамы адаптерлерін босату үшін адаптерді құлыптау тұтқаларын көтеріңіз.



- 8** Қағаз орамы адаптерлерін алыңыз.




Қағаз орамын мұқият орағаннан кейін бастапқы орауышта сақтаңыз.


Қағаз орамының қақпағын жабыңыз.

2-орамды алу (тек SC-T7200D Series/ SC-T5200D Series)

Бұл бөлімде басып шығарудан кейін 2-орамның қағаз орамын алу және сақтау жолы сипатталған. Басу роликтері принтер ішінде қалған қағазда із қалдыруы мүмкін.

Келесі параметрлерде пайдаланылатын түймелер



- 1** Принтердің дайын екенін тексеріп,  түймесін басыңыз.

Load/Remove Paper мәзірі көрсетіледі.

- 2** ▼/▲ түймелерін басып **Remove Paper** бөлектеңіз және OK түймесін басыңыз.

1-орамда да қағаз орамы жүктелген болса, **Roll 2** параметрін таңдаңыз да, OK түймесін басыңыз.

Roll Paper Remaining параметрі үшін On күйі таңдалса, принтер штрих-кодты автоматты түрде басып шығарады.

Негізгі амалдар


3 Қағаз автоматты түрде оралады.

Қағаз оралғаннан кейін дыбыстық сигнал естіледі.

4 Қағаз кәрзеңкесін көлденең күйге түсіріңіз.


 "Күйді реттеу" бетте 60

5 2-орам бөлігінің тартпа тұтқаларын ұстап тұрыңыз, содан кейін бөлікті тартып шығарыңыз.




Ескертпе:


Қағаз орамын алып жатқанда қағаз орамының тарқатылуын болдырмау үшін қосымша қағаз орамының белдігін пайдалануға болады.




6 Орамды құлыптау тұтқасын көтеріңіз.




7 Қағаз орамын орам тірегіне жылжытыңыз.




8 2-орам бөлігін орнатыңыз.



9 Қағаз орамы адаптерлерін босату үшін адаптерді құлыптау тұтқаларын көтеріңіз.



10 Қағаз орамы адаптерлерін алыңыз.




Қағаз орамын мұқият орағаннан кейін бастапқы орауышта сақтаңыз.

Негізгі амалдар

Парақтарды жүктеу және алу

Кесілген парақтарды жүктеу және орналастыру процедурасы қағаз қалыңдығына қарай өзгеріп тұрады.

0,08–0,8 мм  "Кесілген парақтарды жүктеу" бетте 46

0,8–1,5 мм  "Постер тақтасын жүктеу" бетте 48

Маңызды:

Егер қағаз толқынды немесе оралған болса, принтерге жүктемей тұрып қағазды тегістеңіз немесе жаңа қағазды пайдаланыңыз. Егер толқынды немесе оралған қағаз жүктелсе, бұл принтер қағаз өлшемін танымауы, қағазды бермеуі немесе дұрыс басып шығармауы мүмкін.

Қағазды бастапқы орауышқа қайтару және пайдаланудың тура алдында орауыштан шығару ұсынылады.


Кесілген парақтарды жүктеу

Маңызды:


Қағазды басып шығарудың дәл алдында салыңыз. Басу роликтері принтер ішінде қалған қағазда із қалдыруы мүмкін.

Ескертпе:

Принтерде пайдалануға болатын қағаз туралы мәліметтер келесі бөлімде берілген.

 "Қолдау көрсетілетін баспа материалдары" бетте 236

Келесі параметрлерде пайдаланылатын түймелер




Негізгі амалдар

- 1** Принтерді  түймесін басы арқылы қосыңыз.



Ескертпе:




- ❑ Қағаз кәрзеңкесін жабу жұмысты жеңілдетеді.

SC-T7200 Series/SC-T5200 Series/
SC-T3200 Series  "Сақтау және ашу"
бетте 56

SC-T7200D Series/SC-T5200D Series
 "Сақтау" бетте 59



- ❑ Постер тақтасының тіректерін көтерілген күйде қалдыру кептелістерді тудыруы мүмкін; жалғастырмай тұрып бүкіл тіректерді түсіріңіз. Тіректерді түсіру үшін ұстаңыз, диагональ бойынша төмен қарай тартыңыз, содан кейін босатыңыз.



- 2** Басқару тақтасында  түймесін басыңыз. / түймелерін басып, **Cut Sheet** параметрін таңдап, ОК түймесін басыңыз.

- 3** Қағазды қағаз ұяшығына басылатын бетін өзіңізге қаратып беріңіз.

Қағазды қағаз ұяшығына оң жақ шетін қағаз орамы қақпағындағы жүктеу белгісіне туралап салыңыз. Қағазды тоқтағанша сырғытыңыз.






! Маңызды:

Бүкіл қағазды портреттік бағдарда салыңыз. Қағазды альбомдық бағдарда салу басып шығару сапасының төмендеуіне әкелуі мүмкін.

- 4** **Press OK** хабары көрсетілгенін тексеріп, ОК түймесін басыңыз.

Қағаз принтерге беріледі.

- 5** Баспа материалының түрін тексеріңіз.


Дисплей принтер көмегімен қазіргі уақытта таңдалған қағаз түрін көрсетеді. Көрсетілген параметрлермен басып шығару үшін / түймелерін пайдаланып **Keep Settings Above** параметрін таңдап, ОК түймесін басыңыз. Параметрлерді өзгерту үшін **Change Settings** пәрменін бөлектеңіз және ОК түймесін басыңыз.  "Баспа материалы параметрлерін көру және өзгерту" бетте 52

Негізгі амалдар


Кесілген парақтарды алу

Бұл бөлімде басып шығару аяқталғанда кесілген парақтарды алу жолы сипатталады.

Ескертпе:

Жүктелген, бірақ пайдаланылмаған қағазды алу үшін  түймесін басыңыз және **Remove Paper** пәрменін таңдаңыз.

Келесі параметрлерде пайдаланылатын түймелер



1 Басқару тақтасында **Paper Eject** хабары көрсетілгенін тексеріңіз.

Принтерден түсіп кетуін болдырмау үшін кесілген қағаздарды қолмен ұстап тұрып, ОК түймесін басыңыз.

2 Қағаз принтерден толығымен шығарылады, содан кейін оны қолмен алуға болады.

Постер тақтасын жүктеу және алу

Бұл бөлімде қалыңдығы 0,8–1,5 мм постер тақтасын жүктеу және алу жолы сипатталады.


Принтерді өлшемдері келесідей тақтада пайдалануға болады.

A2/A1/B2/B1*/B1 альбомдық*/24 × 30 дюйм/30 × 40 дюйм*

* SC-T3200 Series қолдау көрсетпейді.

Постер тақтасын жүктеу

Постер тақтасы принтердің артында да, алдында да бос орынды қажет етеді. Болжалды қажет бос орын мөлшері төменде көрсетілген. Егер принтер қабырғаға жақын орнатылған болса, артында жеткілікті бос орын бар екенін тексеріңіз.



Қағаз өлшемі	Алды (a)	Арты (b)
A2	444 мм	135 мм
A1	691 мм	382 мм
24 × 30 дюйм	612 мм	303 мм
30 × 40 дюйм	866 мм	557 мм



Маңызды:

Қағазды басып шығарудың дәл алдында салыңыз. Ролик принтер ішінде қалған қағазда із қалдыруы мүмкін.


Негізгі амалдар

Ескертпе:

Принтерде пайдалануға болатын қағаз туралы мәліметтер келесі бөлімде берілген.

☞ "Қолдау көрсетілетін баспа материалдары" бетте 236

Келесі параметрлерде пайдаланылатын түймелер




- 1 Принтерді  түймесін басу арқылы қосыңыз.

Ескертпе:

Қағаз кәрзеңкесін жабу жұмысты жеңілдетеді.




SC-T7200 Series/SC-T5200 Series/SC-T3200 Series ☞ "Сақтау және ашу" бетте 56

SC-T7200D Series/SC-T5200D Series ☞ "Сақтау" бетте 59



- 2 Басқару тақтасында  түймесін басыңыз. ▼/▲ түймесін басып, **Poster Board** параметрін таңдап, OK түймесін басыңыз.

- 3 Бүкіл постер тақтасы тіректерін көтеріңіз.

Тіректерді диагональ бойымен төмен қарай басыңыз да, түзу көтеріңіз.




- 4 Басылатын беті жағын шетімен шығыңқы тіректердің алдына көрсетілгендей қойыңыз.




Негізгі амалдар


- 5** Жиекті пайдаланып тіректерді төмен басып тұрып, тақтаны салыңыз.



- 6** Принтер қақпағын ашыңыз.



- 7** Тақтаны роликтер астынан өтетінін тексеріп салыңыз.




- 8** Принтер қақпағын жабыңыз.

Негізгі амалдар

- 9** Тақтаның соңындағы және оң жақ жиектерін жүктеу көрсеткіштері көрсететіндей орналастырыңыз.

Оң жақ жиекті қағазды шығару бағыттағышының оң жағындағы ойық үстінде ортаға келтіріңіз және соңындағы жиекті көрсетілгендей постер тақтасы тіректерінің соңдарымен туралаңыз.



- 10** Баспа материалын орналастырғаннан кейін ОК түймесін басыңыз.

Қағаз принтерге беріледі.


- 11** Баспа материалының түрін тексеріңіз.

Дисплей принтер көмегімен қазіргі уақытта таңдалған қағаз түрін көрсетеді. Көрсетілген параметрлермен басып шығару үшін ▼/▲ түймелерін пайдаланып **Keep Settings Above** параметрін таңдап, ОК түймесін басыңыз. Параметрлерді өзгерту үшін **Change Settings** пәрменін бөлектеңіз және ОК түймесін басыңыз. [☞ “Баспа материалы параметрлерін көру және өзгерту” бетте 52](#)


Постер тақтасын алу

Бұл бөлімде басып шығару аяқталғанда постер тақтасын алу жолы сипатталады.

Ескертпе:

Жүктелген, бірақ пайдаланылмаған қағазды алу үшін  түймесін басыңыз және **Remove Paper** пәрменін таңдаңыз.

Келесі параметрлерде пайдаланылатын түймелер



- 1** Басқару тақтасында **Paper Eject** хабары көрсетілгенін тексеріңіз.

Принтерден түсіп кетуін болдырмау үшін постер тақтасын қолмен ұстап тұрып, ОК түймесін басыңыз.

Негізгі амалдар


2

Постер тақтасын экрандық нұсқауларда көрсетілгендей алға тартыңыз. Постер тақтасын алғаннан кейін ОК түймесін басыңыз.

**Маңызды:**

Егер постер тақтасы келесі баспа тапсырмасы үшін пайдаланылмайтын болса, бүкіл постер тақтасы тіректерін төмендетіңіз. Тіректерді көтерілген күйде қалдыру қағаздың кептелуін тудыруы мүмкін.

Тіректерді түсіру үшін көрсетілгендей ұстап, диагональ бойынша төмен қарай тартыңыз, содан кейін босатыңыз.



Баспа материалы параметрлерін көру және өзгерту


Қағаз жүктелгеннен кейін басқару тақтасының экранында принтермен қазіргі уақытта таңдалған баспа материалының түрі көрсетіледі.

Ескертпе:

Roll Paper Remaining параметрі үшін **On** күйі таңдалған болса және орам деректері үшін штрих-код бар қағаз орамы жүктелген болса, принтер штрих-кодты оқиды және параметрлерді автоматты түрде реттейді.

Көрсетілген параметрлерді өзгерту үшін төмендегі қадамдарды орындаңыз. Егер SC-T7200D Series/SC-T5200D Series принтерін пайдаланып жатқан кезде, әр орнатылған қағаз орамы үшін параметрлер сақталады (1-орам/2-орам).


Келесі параметрлерде пайдаланылатын түймелер



Негізгі амалдар

- 1 ▼/▲ түймелерін пайдаланып **Change Settings** пәрменін таңдап, ОК түймесін басыңыз.

Егер көрсетілген баспа материалымен басып шығарсаңыз, **Keep Settings Above** параметрін таңдап, ОК түймесін басыңыз. Содан кейін 5-қадамға өтіңіз.



- 2 Баспа материалының түрін таңдаңыз да, ОК түймесін басыңыз.

- 3 Баспа материалының атауын таңдаңыз да, ОК түймесін басыңыз.

- 4 Егер **Roll Paper Remaining** параметрі үшін **On** күйі таңдалған болса, орамның ұзындығын енгізу ұсынылады. ▼/▲ түймелерін басып 5,0 және 150 м арасындағы мәнді таңдаңыз және ОК түймесін басыңыз. 0,5 м қадамдарымен орнатуға болады.

► түймесін басып **Roll Paper Remaining** параметрін **Off** күйіне өзгертуге болады.

Параметрді қайтадан **On** күйіне өзгерту үшін Paper (Қағаз) мәзірінде **Roll Paper Remaining** параметрін таңдаңыз.

["Paper мәзірі" бетте 167](#)

Принтер қысқа кідірістен кейін **Ready** жазуын көрсетеді, бұл оның басып шығаруға дайын екенін көрсетеді. Компьютерден басып шығару керек деректерді жіберіңіз.

Roll Paper Remaining

Roll Paper Remaining параметрі үшін **On** күйі таңдалған болса, принтер келесі қағаз орамы деректерін бақылайды.

- Ауыстыруға дейінгі уақыт

Орамада басылған штрих-кодта келесі параметрлер жазылады.

Қалған қағаздың мөлшері, қалған қағаз туралы ескерту үшін таңдалған мән және қағаз түрі.

Орам оралғанда, орамның соңында штрих-код автоматты түрде көрсетіледі. Қағазды келесі пайдаланғанда штрих-код автоматты түрде оқылып және параметрлер ретеліп, бірнеше қағаз орамы пайдаланылғанда тиімділікті жақсартылады.

- қойындысының ақпараттық дисплей аумағында қалған қағаз мөлшерін бақылау

Ақпараттық дисплей аумағы ағымдағы орамада қалған қағаз мөлшерін көрсетеді. Қалған қағаздың мөлшері шектен төмен түссе, мөлшер қағаз бітіп жатқанын көрсететін ескерту көрсеткішімен ауыстырылады.

["Экран көрінісі" бетте 18](#)

- Printing Availability

Принтер ағымдағы тапсырманы қалған қағаз мөлшерінде басып шығару мүмкіндігін болжайды және нәтижелерді көрсетеді, сөйтіп баспа тапсырмасының жарты жолында қағаздың таусылуынан болатын жоғалтуды болдырмайды. Бұл бар орамада басып шығаруды таңдауға немесе қағазды ауыстыруға мүмкіндік беріп, жоғалтуды болдырмайды.

SC-T7200 Series/SC-T5200 Series/SC-T3200 Series қосымша қатты диск немесе Adobe PostScript 3 кеңейту бөлігі орнатылған болса ғана қол жетімділікті болжай алады.

["Қосымша қатты дискіне сақтау және одан қайта басып шығару" бетте 79](#)

Егер қағаз біткен болса, SC-T7200D Series/SC-T5200D Series болжанған қол жетімділікке байланысты 1-орамға немесе

Негізгі амалдар


2-орамға автоматты түрде ауысып, басып шығаруды жалғастыра алады.


☞ “Қағаз таусылса басып шығару алдында ең көп қағаз қалған орамға (1-орам/2-орам) ауысу” бетте 112

Қағазды ауыстыру

Бұл бөлімде қағазды ауыстыру жолы сипатталады. Ағымдағы қағазды алу процесі жүктелген қағаз түріне қарай әр түрлі болады; басқару тақтасында көрсетілген нұсқауларды орындаңыз.

Келесі параметрлерде пайдаланылатын түймелер



- 1 Принтердің дайын екенін тексеріп,  түймесін басыңыз.
Load/Remove Paper мәзірі көрсетіледі.
- 2 ▼/▲ түймелерін басып ағымдағы қағазды ауыстыру үшін пайдаланылатын қағаз түрін таңдаңыз да, OK түймесін басыңыз.
- 3 Принтер ағымдағы қағазды шығарады.
Төменде сипатталғандай қағазды шығару процесі жүктелген қағаз түріне қарай әр түрлі болады.

Roll Paper Remaining параметрі үшін On күйі таңдалған болса

Штрих-кодты басып шығару басталады; басып шығару аяқталғанда орам автоматты түрде оралады.

Roll Paper Remaining параметрі үшін Off күйі таңдалған болса

Орам автоматты түрде оралады.

Негізгі амалдар

Ескертпе:

Дисплей **Turn roll paper adapter to wind up roll paper** хабарын көрсеткенде қағаз орамының қақпағын ашыңыз және қағазды қолмен ораңыз.

Кесілген парақтар


Кесілген парақтар артқа автоматты түрде шығарылады, онда оларды қолмен алуға болады.

Постер тақтасы

Постер тақтасы алға ішінара шығарылады. Құлауын болдырмау үшін тақтаны бір қолмен ұстап тұрып, ОК түймесін басыңыз және тақтаны тартып шығарыңыз.

Егер келесі тапсырмада постер тақтасы пайдаланылмаса, бүкіл постер тақтасы тіректерін төмендетіңіз. Тіректерді көтерілген күйде қалдыру қағаздың кептелуін тудыруы мүмкін.

Тіректерді түсіру үшін көрсетілгендей ұстап, диагональ бойынша төмен қарай тартыңыз, содан кейін босатыңыз.



4

Келесі тапсырма үшін қағазды жүктеу үшін экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

Қағаз кәрзеңкесін пайдалану (SC-T7200 Series/SC-T5200 Series/SC-T3200 Series)

Қағаз кәрзеңкесі принтерден шыққан қағазды жинап, оның еденге түсуін және бүгілуін немесе ласталуын болдырмайды.

SC-T3200 Series үшін қосымша тұрғы (24) қағаз кәрзеңкесімен бірге келеді.

Егер бір парақ жиналуы керек болса, қағаз түріне қарамастан келесі өлшемдерге дейінгі қағаз жиналуы мүмкін.

Бір парақ жиналған кездегі ең үлкен өлшем

	Қағаз ені	Қағаз ұзындығы
SC-T7200 Series	Шамамен 1118 мм/ 44 дюйм	Шамамен 1189 мм
SC-T5200 Series	Шамамен 914 мм/ 36 дюйм	
SC-T3200 Series	Шамамен 610 мм/ 24 дюйм	

Бір парақты жинаған кезде стандартты күйдегі қағаз кәрзеңкесін пайдаланыңыз.

Күйді реттеу [“Күйді реттеу” бетте 57](#)

Ескертпе:

Ең үлкен ұзындықтан асатын баннерлерді немесе басқа құжаттарды басып шығармай тұрып қағаз кәрзеңкесін жабыңыз. Принтерден шығарылған қағаз еденге тимей тұрып, қағазды шығару бағыттағыштарын жабу үшін оны екі қолмен ұстау және басып шығару аяқталғанша оны жайлап ұстап тұру ұсынылады.

Келесі өлшемдері бар кәдімгі қағаз орамдарында сызық салу режимінде басып шығарсаңыз, кәрзеңке өлшемі бірдей 20 параққа дейін ұстай алады.

Негізгі амалдар

Қағаз кәрзеңкесі қағазды үздіксіз жинаса, қағаз кәрзеңкесінің күйін сақталатын қағаз өлшеміне сай өзгертіңіз.

Күйді реттеу  "Күйді реттеу" бетте 57

Үздіксіз жинау кезіндегі қағаз өлшемі және күйі

Қағаз өлшемі	Күйі
A1 портреттік (594 × 841 мм)	Стандартты күй (десте бағыттағышын түсіріңіз)
US D портреттік (22 × 34 дюйм)	
A0 портреттік (841 × 1189 мм)*	Стандартты күй (десте бағыттағышын көтеріңіз)
US E портреттік (34 × 44 дюйм)*	
A2 портреттік (420 × 594 мм)	Көлденең күй
ARCH C портреттік (18 × 24 дюйм)	
A1 альбомдық (841 × 594 мм)*	
ARCH D портреттік (36 × 24 дюйм)*	
US D портреттік (34 × 22 дюйм)*	

* SC-T3200 Series қолдау көрсетпейді.



Маңызды:

Жоғарыдағыдан басқа кәдімгі қағаз өлшемдеріне басып шығарсаңыз, қағаз кәрзеңкесінде ретті парақтарды жинау дақтарға, бүгілулерге немесе басылған парақтардың басқалай зақымдалуына әкелуі мүмкін. Үздіксіз басып шығарсаңыз, келесі парақ жиналмай тұрып принтердегі парақты алыңыз.

Сақтау және ашу


Сақтау

Қағазды жүктеу немесе принтерді жылжыту алдында қағаз кәрзеңкесін жабыңыз.

Қағаз кәрзеңкесін қарама-қарсы жаққа басыңыз

Көлденең күйдегі қағаз кәрзеңкесін сақтауға болмайды. Сақтамай тұрып кәрзеңкені стандартты күйге орнатыңыз.


 "Күйді реттеу" бетте 57



Ашу

Егер қағаз кәрзеңкесі жабылса, оны төменде сипатталғандай пайдалану үшін ашуға болады.

Қағаз кәрзеңкесін жайлап төмен қарай тартыңыз




Негізгі амалдар

! Маңызды:

Төменде оң жақта көрсетілген күйге ашылса, қағаз кәрзеңкесі дұрыс жұмыс істемейді.

Қағаз кәрзеңкесі төмендегі сол жақта көрсетілген күйде болғанда тоқтаңыз.



Күйді реттеу


Күйді жиналатын қағаз өлшеміне сай болатындай реттеңіз.

Ескертпе:


Кейбір құжаттарда немесе кейбір орталарда қағаз кәрзеңкесі қағазды дұрыс ұстамауы мүмкін, сол себептен қағаз мыжылауы немесе бүгілуі мүмкін.

Стандартты күй

- 1 Кәрзеңкені аздап өзіңізге қарай тартып, түсіріңіз.




- 2 Жоғарғы десте бағыттағышын ауыстыру тұтқасын пайдаланып жоғарғы десте бағыттағышын түсіріңіз.




Төмендегі суреттерде көрсетілгендей десте бағыттағышын түсіруді жиналатын қағаз өлшеміне сай реттеңіз.

A1 портреттік/US D портреттік (22 × 34 дюйм) өлшемді қағазды үздіксіз жинау үшін орналастырылған бағыттағыш




Негізгі амалдар

Қағаздың басқа түрлері үшін орналастырылған бағыттағыш




Көлденең күй

- 1 Жоғарғы десте бағыттағышын ауыстыру тұтқасын пайдаланып жоғарғы десте бағыттағышын көтеріңіз.



- 2 Бағыттағышты жоғары көтеріңіз, содан кейін азғантай түсіріңіз.



Ескертпе:

Егер көлденең күйдің орнына стандартты күй қателесіп орнатылған болса, бағыттағышты жоғары көтеріңіз, содан кейін жайлап басып оны түсіріңіз.

Негізгі амалдар

Сыйымдылығы үлкен қағаз кәрзеңкесін пайдалану (SC-T7200D Series/ SC-T5200D Series)

Сыйымдылығы үлкен қағаз кәрзеңкесі принтерден шыққан қағазды жинап, оның еденге құлауын және майысуын немесе ласталуын болдырмайды.

Егер бір парақ жиналса, басып шығарудан кейін қағаздың кез келген өлшемін немесе түрін жинауға болады.

Төмендегі кестеде жинауға болатын ең үлкен қағаз ұзындықтары көрсетілген.

Бір парақ жиналған кездегі ең үлкен қағаз ұзындығы

Сыйымдылық үлкен күй	Шамамен 1580 мм
Шағын күй	Шамамен 1189 мм

Ескертпе:

Ең үлкен ұзындықтан асатын баннерлерді немесе басқа құжаттарды басып шығармай тұрып қағаз кәрзеңкесін жабыңыз. Принтерден шығарылған қағаз еденге тимей тұрып, қағазды шығару бағыттағыштарын жабу үшін оны екі қолмен ұстау және басып шығару аяқталғанша оны жайлап ұстап тұру ұсынылады.

Кәдімгі қағаз орамында сызықты салу режимінде басып шығарсаңыз, бұл кәрзеңке* A1 альбомдық өлшеміне дейінгі әр түрлі өлшемдердегі парақтарды жинай алады.

Бірнеше парақты жинаған кезде сыйымдылығы үлкен күйдегі қағаз кәрзеңкесін пайдаланыңыз.

Күйді реттеу  "Күйді реттеу" бетте 60

* Қалыпты температураларда 20 параққа дейін пайдаланыңыз. Жинауға болатын парақтар санын жұмыс ортасы, басылатын кескіндер және басқа факторлар азайтатынын ескеріңіз. Егер тым көп парақ жиналса, қағаз кептелісі орын алуы мүмкін.




Маңызды:

Егер A1 портреттік өлшеміндегі немесе одан үлкенірек кәдімгі қағаздың ретті парақтарын жинасаңыз, дақтар, бүгілулер немесе басылатын парақтардың басқалай зақымдалуы орын алуы мүмкін.

Күйді сақтау және реттеу

Сақтау

Қағазды жүктеу немесе принтерді жылжыту алдында сыйымдылығы үлкен қағаз кәрзеңкесін жабыңыз.




Негізгі амалдар

Күйді реттеу

Шағын күй


Кәрзеңкені сол және оң жақтаулардың төменгі шығыңқы жерлері бекітетін күйге түсіріңіз.



Сыйымдылық үлкен күй

Кәрзеңкені аздап өзіңізге қарай тартып, содан кейін түсіріңіз.

Кәрзеңкені сол және оң жақтаулардың жоғарғы шығыңқы жерлері бекітетін күйге түсіріңіз.




Көлденең күй

Кәрзеңкені аздап өзіңізге қарай тартып, содан кейін түсіріңіз.

Негізгі амалдар

Содан кейін оны түзу басыңыз.




Кәрзеңкені көлденең күйден басқа күйге өзгерту үшін жоғарыдағы процедураны керісінше орындаңыз.

Автоматты түрде алу катушкасын пайдалану (SC-T7200 Series ғана)


Қосымша автоматты алу катушкасы басылған кезінде қағазды автоматты түрде алады. Ол қағаз орамында үздіксіз басып шығаруға қатысты баннерлер немесе үлкен тапсырмалар үшін тиімділікті арттырады.

Осы принтерге арналған автоматты түрде алу катушкасы қағазды төменде көрсетілген бағыттардың біреуінде ала алады. Кейбір қағаз түрлері осы бағыттардың бірін немесе екіншісін қолдамауы немесе алу бағытына шектеулер қоюы мүмкін.

Алу тірегі және алу бағыты туралы ақпаратты келесі бөлімнен қараңыз.

 ["Epson арнайы баспа материалдарының кестесі" бетте 236](#)

Басылған жағы сыртқа Басылған жағы ішке



Басылған жағын сыртқа қаратып алу басылған бетті орамның сыртында орналастырады.

Басылған жағын ішке қаратып алу басылған бетті орамның ішінде орналастырады.

Негізгі амалдар

Сақтандыру:

- ❑ Құжаттамада сипатталғандай автоматты түрде алу катушкасы үшін катушка өзегін орнында бекітіңіз.

Катушка өзегін түсіріп алу жарақат тигізуі мүмкін.

- ❑ Қолдарыңыз, шашыңыз немесе басқа заттар автоматты түрде алу бірлігінің қозғалатын бөліктерінде ұсталып қалмауын қадағалаңыз.

Бұл сақтық шарасын орындамау жарақат алуға әкелуі мүмкін.

Маңызды:

Орамның соңы түзу кесілгенін тексеріңіз. Орамның соңы толқынды немесе оралған болса, құрылғы күтілгендей қызмет етпейді.


 "Қолмен кесу әдісі" бетте 42

Ескертпе:

Автоматты түрде алу катушкасы туралы ақпарат алу үшін автоматты түрде алу катушкасымен бірге берілген құжаттаманы қараңыз.

Басқару тақтасын пайдалану

Бұл бөлімде автоматты түрде алу катушкасы үшін басқару тақтасын пайдалану жолы сипатталған.



1 Қуат шамы

Автоматты түрде алу катушкасының күйін көрсетеді.

Қосулы : Автоматты түрде алу катушкасы пайдалануға дайын.

Жыпылықтау : Автоматты түрде алу катушкасы пайдаланылуда.

Жарқылдау : Автоматты түрде алу катушкасы қуатты үнемдеу режимінде.

Аралық жарқылдау : Қате орын алды.

Өшірулі : Қуат өшірулі.

2 Auto қосқышы

Автоматты түрде алу бағытын таңдайды.

Backward : Орам басылатын жағымен ішке қаратып алынады.

Forward : Орам басылатын жағымен сыртқа қаратып алынады.

Off : Автоматты алу катушкасы қағазды алмайды.

3 Manual қосқышы

Қолмен алу бағытын таңдайды.

Manual қосқышының көмегімен таңдалған параметр Auto қосқышы Off күйінде болғанда күшіне енеді.

Backward : Орам басылатын жағымен ішке қаратып алынады.

Түймені үш секундтан көбірек басқаннан кейін жылдамдық артады.

Forward : Орам басылатын жағымен сыртқа қаратып алынады.

Түймені үш секундтан көбірек басқаннан кейін жылдамдық артады.

Негізгі амалдар

Қағазды бекіту

Бұл бөлімде қағаз орамын автоматты түрде алу катушкасына бекіту жолы сипатталады.

Процедура алу бағытына қарай өзгеріп отырады.

! Маңызды:


Жалғастырмай тұрып **Auto Cut** үшін **Off** күйін таңдаңыз. **On** күйі таңдалған кезде автоматты түрде алу катушкасын пайдалану қателерді тудырады.

📖 "Қағаз орамын кесу" бетте 41


Қағаздың басылатын бетін сыртқа қаратып алу

Орам өзегін орнату туралы ақпаратты қосымша автоматты түрде алу катушкасына арналған *Орнату нұсқаулығы* ішінен қараңыз.

Келесі параметрлерде пайдаланылатын түймелер



- 1 Автоматты түрде алу катушкасының Auto қосқышын Off күйіне орнатыңыз. Қуат сымын розеткаға қосыңыз және қуат шамы жанғанын тексеріңіз.




- 2 Принтерді ⏻ түймесін басу арқылы қосыңыз.
- 3 Қағаз орамы принтерге дұрыс жүктелгенін тексеріңіз.
- 4 Басқару тақтасында ⌂-↓ түймесін басыңыз. ▼ түймесін орамның соңы орам өзегіне жеткенше басып тұрыңыз.

Негізгі амалдар


- 5** Орам өзегінің соңын жабысқақ таспамен жабыстырыңыз.

Жабысқақ таспаны (үшінші тарап жеткізушілерден сатып алуға болады) ортада, содан кейін сол жақ және оң жақ сондарында орналастырыңыз.



- 6** Басқару тақтасында ▼ түймесін орам өзегінің айналасында шамамен үш орам үшін жеткілікті қағаз бергенше басып тұрыңыз.

- 7** Қағазды өзек айналасында үш рет орау үшін Manual қосқышын Forward бағытында басып тұрыңыз.




Қағазды өзек айналасында ораудан кейін өзек айналасындағы қағаз жеткілікті бос екенін тексеріңіз.

Ескертпе:


Автоматты түрде алу катушқасымен бірге қамтамасыз етілген кергіш кейбір қағаз түрлерімен бірге пайдаланылады. Қағазды босатыңыз және көрсетілгендей кергішті қағаздың ортасына жақын салыңыз. Кергішті қажет ететін қағаз туралы ақпаратты келесі бөлімнен қараңыз.

📖 "Epson арнайы баспа материалдарының кестесі" бетте 236



Негізгі амалдар


- 8** Auto қосқышын Forward бағытына орнатыңыз.




Қағаздың басылатын бетін ішке қаратып алу




Орам өзегін орнату туралы ақпаратты қосымша автоматты түрде алу катушкасына арналған *Орнату нұсқаулығы* ішінен қараңыз.

Келесі параметрлерде пайдаланылатын түймелер



- 1** Автоматты түрде алу катушкасының Auto қосқышын Off күйіне орнатыңыз. Қуат сымын розеткаға қосыңыз және қуат шамы жанғанын тексеріңіз.




- 2** Принтерді  түймесін басу арқылы қосыңыз.
- 3** Қағаз орамы принтерге дұрыс жүктелгенін тексеріңіз.
- 4** Басқару тақтасында  түймесін басыңыз.  түймесін орамның соңы орам өзегіне жеткенше басып тұрыңыз.

Негізгі амалдар


- 5** Орам өзегінің соңын жабысқақ таспамен жабыстырыңыз.

Жабысқақ таспаны (үшінші тарап жеткізушілерден сатып алуға болады) ортада, содан кейін сол жақ және оң жақ сондарында орналастырыңыз.




- 6** Басқару тақтасында ▼ түймесін орам өзегінің айналасында шамамен үш орам үшін жеткілікті қағаз бергенше басып тұрыңыз.

- 7** Қағазды өзек айналасында үш рет орау үшін Manual қосқышын Backward бағытында басып тұрыңыз.



Қағазды өзек айналасында ораудан кейін өзек айналасындағы қағаз жеткілікті бос екенін тексеріңіз.

- 8** Auto қосқышын Backward бағытына орнатыңыз.



Негізгі амалдар

Автоматты түрде алу катушкасынан қағазды алу

Бұл бөлімде автоматты түрде алу катушкасынан қағазды алу жолы сипатталған.




Сақтандыру:

Автоматты түрде алу катушкасынан қағазды алу екі жұмысшыны қажет етеді, орамның әр соңында біреуден.


Тек өзі жұмыс істейтін бір жұмысшы орамды құлатып, жарақат алуы мүмкін.

Келесі параметрлерде пайдаланылатын түймелер



1

Auto қосқышын Off бағытына орнатыңыз.



2

Қағазды кесіңіз және автоматты түрде алу катушкасының орам өзегінде болғанша жоғары көтеріңіз.


 "Қолмен кесу әдісі" бетте 42

Қағазды кескеннен кейін басылған беттің еденге тиюін болдырмау үшін соңын тіреңіз; толығымен алынғанша қағазды тіреп тұра беріңіз. Manual қағазды алу бағытында (Forward немесе Backward) басып тұрыңыз.

3


Қозғалатын құрылғының құлпын ашыңыз және орам өзегінен алыңыз.

Қозғалатын құрылғыны алғанда еденге құлауын болдырмау үшін орам өзегін бір қолмен тіреңіз.



Негізгі амалдар

- 4** Орам өзегін автоматты түрде алу катушкасынан алыңыз.



Негізгі басып шығару әдістері (Windows)

Басып шығару басып шығарғыңыз келетін құжатты жасау үшін пайдаланылатын бағдарлама ішінен орындалады. Негізгі процедура төменде сипатталғандай.


- 1** Принтерді қосыңыз және қағазды жүктеңіз.

[“Қағаз орамының адаптерін жүктеу” бетте 35](#)

[“Кесілген парақтарды жүктеу” бетте 46](#)


[“Постер тақтасын жүктеу” бетте 48](#)

- 2** Деректерді жасағаннан кейін **File (Файл)** мәзірінде **Print (Басып шығару)** пәрменін басыңыз.



Негізгі амалдар

- 3** Принтер таңдалғанын тексергеннен кейін Printer Settings қойындысын көрсету үшін **Printer properties (Принтер сипаттары)** немесе **Properties (Сипаттар)** пәрменін басыңыз.



- 4** **Media Settings** үшін таңдалған опцияларды тексеріңіз.

SC-T7200 Series/SC-T5200 Series/SC-T3200 Series принтерін пайдаланғанда


Іске қосу кезінде принтер драйвері принтердегі тасушыдағы ақпаратты автоматты түрде жүктейді және оны **Media Settings** аумағында көрсетеді.

Ағымдағы параметрлермен басып шығару үшін келесі қадамға өтіңіз.

SC-T7200D Series/SC-T5200D Series принтерін пайдаланғанда

Егер принтер драйвері іске қосылғанда **Roll Auto - **mm** параметрі таңдалған болса, принтер қазіргі уақытта принтерде пайдаланылып жатқан баспа материалының түрін және енін қолданады. Басып шығаруды бастағанда принтер принтердің Setup (Баптау) мәзіріндегі **Roll Switch Condition** параметріне сай басылатын қағаз орамына ауысады.

🔗 “Басып шығару алдында қағаз орамын автоматты түрде ауыстыру (тек SC-T7200D Series/SC-T5200D Series)” бетте 109



Егер қажет параметрлер көрсетілмесе, принтердегі баспа материалын қажет қағаз түрімен ауыстырыңыз және **Acquire Info** түймесін басыңыз. Драйвер принтерден деректерді қайта алады және **Media Settings** аумағында көрсетілетін ақпаратты жаңартады.


Ескертпе:

Егер **Acquire Info** түймесі басылса, принтерде жүктелген қағаз туралы ақпарат көрсетіледі.

Негізгі амалдар

5 Size Settings аумағында қажет Paper Size параметрін таңдаңыз.

Қолданбада құжат жасалған кезде таңдалған **Paper Size** параметрін таңдаңыз.




Егер мәзірде қажет өлшем қол жетімді болмаса, реттелетін қағаз өлшемін қосу үшін **Custom Paper Size** түймесін басыңыз. [☞ “Стандартты емес өлшемдермен басып шығару” бетте 104](#)

6 “Қиыстыру” және жиексіз басып шығару параметрлерін таңдаңыз.

Құжаттың өлшемін орам қағазын пайдаланғанда орамға қиысатындай етіп өзгерту үшін жай **Fit to Roll Paper Width** параметрін таңдаңыз.

Жиектерсіз (шеттерсіз) басып шығару үшін **Borderless** параметрін таңдаңыз.

Бастапқы құжат өлшемінен үлкенірек қағазда жиексіз басып шығару үшін “қиыстыру” параметрі мен жиексіз параметрлерін таңдаңыз.




Кеңейтілген қиыстыру және жиексіз параметрлер **Layout** қойындысында қол жетімді.

[☞ “Үлкейтулер және көлденең және тік баннерлер” бетте 100](#)

[☞ “Жиексіз басып шығару” бетте 114](#)

7 Print Quality аумағында Select Target опциясын таңдаңыз.

Құжаттың түріне және оны пайдалану жолына сай параметрді таңдаңыз.



Түсті түзету әдісін таңдау немесе түстерді реттеу үшін **Advanced Settings** тармағын таңдаңыз.


Негізгі амалдар

 "Түсті түзету және басып шығару" бетте 119

8

Параметрлерді тексеріңіз.

Таңдалған параметрлер оң жақтағы аумақта көрсетіледі; параметрлер дұрыс екенін тексеріңіз.




9

OK түймесін басыңыз.

10


Параметрлерді орнату аяқталғанда **Print (Басып шығару)** түймесін басыңыз.




Орындалу барысының жолағы көрсетіледі және басып шығару басталады.

Басып шығару кезіндегі экран

Басып шығаруды бастағанда келесі экран көрсетіледі және орындалу барысының жолағы (компьютердің өңдеу күйі) көрсетіледі. Бұл экранда қалған сия деңгейін, сия картридждернің өнім нөмірлерін және т.с.с. тексеруге болады.



Басып шығару кезінде қате орын алса немесе сия картриджін ауыстыру керек болса, қате туралы хабар көрсетіледі.



Негізгі амалдар

Негізгі басып шығару әдістері (Mac OS X)


1 Принтерді қосыңыз және қағазды жүктеңіз.

🔗 “Қағаз орамының адаптерін жүктеу” бетте 35

🔗 “Кесілген парақтарды жүктеу” бетте 46


🔗 “Постер тақтасын жүктеу” бетте 48

2 Деректерді жасағаннан кейін қолданбаның **File (Файл)** мәзірінде **Print (Басып шығару)** түймесін басыңыз және т.с.с.




3 Басып шығару экраны көрсетіледі.
Mac OS X Lion немесе жоғары

Диалогтық терезенің төменгі жағында **Show Details (Мәліметтерді көрсету)** түймесін басыңыз.




Mac OS X 10.6 және 10.5 жүйелері үшін беттің параметрлерін орнату экранында параметрлерді орнату үшін көрсеткіні (▼) басыңыз.



Негізгі амалдар

Ескертпе:

Егер басып шығару диалогтық терезесінде бет параметрлері көрсетілмесе, **File (Файл)** мәзірінде "бет параметрлері" параметрін (мысалы, **Page Setup (Бет параметрлері)**) басыңыз.




4 Осы принтер таңдалғанын тексеріңіз, содан кейін қағаз өлшемін орнатыңыз.

Paper Size үшін келесі параметрлердің біреуін таңдаңыз. XXXX — іс жүзіндегі қағаз өлшемі, мысалы, A4.

XXXX: қағаз орамында шеттермен басып шығару. Принтерде **Roll Paper Margin** параметрін таңдап басып шығарыңыз. [☞ "Print Queues мәзірі" бетте 164](#)

XXXX (кесілген парақ): кесілген парақтарда шеттермен басып шығару. 3 мм жоғарғы, оң және сол жақ шеттермен және 14 мм төменгі шетпен басып шығарыңыз.



Жиексіз немесе баннердегі басып шығару кезінде; [☞ "Жиексіз басып шығару" бетте 114](#), [☞ "Үлкейтулер және көлденең және тік баннерлер" бетте 100](#) бөлімін қараңыз

5 Негізгі басып шығару параметрлерін көру үшін тізімнен **Printer Settings** тармағын таңдаңыз.

Mac OS X 10.6 немесе жоғары (SC-T7200 Series/SC-T5200 Series/SC-T3200 Series принтерін пайдаланғанда)

Іске қосу кезінде принтер драйвері принтердегі баспа материалы туралы ақпаратты автоматты түрде жүктейді және оны **Page Setup** және **Media Type** аумақтарында көрсетеді. Ағымдағы параметрлермен басып шығару үшін келесі қадамға өтіңіз.

Mac OS X 10.6 немесе жоғары (SC-T7200D Series/SC-T5200D Series принтерін пайдаланғанда)


Егер принтер драйвері іске қосылғанда **Roll Switch** параметрі үшін **Auto** күйі таңдалған болса, принтер қазіргі уақытта принтерде пайдаланылып жатқан баспа материалының түрін және енін қолданады. Басып шығаруды бастағанда принтер принтердің Setup (Баптау) мәзіріндегі **Roll Switch Condition** параметріне сай басылатын қағаз орамына ауысады.

[☞ "Басып шығару алдында қағаз орамын автоматты түрде ауыстыру \(тек SC-T7200D Series/SC-T5200D Series\)" бетте 109](#)

Негізгі амалдар

Mac OS X 10.5

Принтерде жүктелген қағаз түріне сай **Page Setup** және **Media Type** параметрлерін таңдаңыз.




Егер қажет параметрлер көрсетілмесе, принтердегі баспа материалын қажет қағаз түрімен ауыстырыңыз және **Acquire Info** түймесін басыңыз. Драйвер принтерден деректерді қайта алады және көрсетілген ақпаратты жаңартады.

6

Басылған құжатты пайдалану жолын таңдаңыз.

Құжаттың түріне және оны пайдалану жолына сай параметрді таңдаңыз.



Түсті түзету әдісін таңдау немесе түстерді реттеу үшін **Mode** үшін **Advanced Settings** тармағын таңдаңыз.

[“Түсті түзету және басып шығару” бетте 119](#)

7

Параметрлерді тексеріңіз.


Таңдалған параметрлер оң жақтағы аумақта көрсетіледі; параметрлер дұрыс екенін тексеріңіз.

8

Параметрлерді орнату аяқталғанда **Print (Басып шығару)** түймесін басыңыз.

Басып шығару кезінде Dock (Док-станция) ішінде принтер белгішесі көрсетіледі. Күйді көрсету үшін принтер белгішесін басыңыз. Ағымдағы баспа тапсырмасының орындалу барысын және принтер күйі туралы ақпаратты тексеруге болады. Сондай-ақ, баспа тапсырмасын болдырмауға болады.

Сондай-ақ, басып шығару кезінде қате орын алса, хабарландыру хабары көрсетіледі.



Негізгі амалдар

Басылып шығарылатын аймақ

Бұл бөлімде принтер үшін басылып шығарылатын аймақ сипатталады.


Егер қолданбада орнатылған шет келесі параметр мәндерінен үлкенірек болса, көрсетілген шеттерден тыс бөлімдер басылмайды. Мысалы, принтер мәзірлерінде сол және оң жақ шеттер үшін 15 мм таңдалған болса және құжат бетті толтырса, беттің сол және оң жақтарындағы 15 мм басылмайды.

Қағаз орамының басылатын аумағы

Төмендегі суреттегі сұр аумақта басылатын аумақ көрсетілген.

Сол және оң жақта жиексіз басып шығарғанда сол және оң жақ шеттер 0 мм болады. Бүкіл жиектерде жиексіз басып шығарғанда бүкіл жиектер 0 мм болады.

Суреттегі көрсеткі шығарылатын қағаздың бағытын көрсетеді.



*1 SC-T7200 Series/SC-T7200D Series

*2 SC-T5200 Series/SC-T5200D Series

*3 SC-T3200 Series

*4 Егер принтер драйверінің **Advanced** қойындысында **Roll Paper Option** ретінде **Banner** параметрі таңдалған болса, жоғарғы және төменгі шеттер 0 мм болады.

Орам қағазының шеттері мәзірлерде **Roll Paper Margin** үшін таңдалған параметрге байланысты болады, бұл төмендегі кестеде көрсетілген.

Roll Paper Margin параметрлері "Setup мәзірі" бетте 172

зауыттық әдепкі параметрлерді көрсетеді.

Roll Paper Margin параметрі	Шет мәндері
Normal	①, ③ = 15 мм *
	②, ④ = 3 мм
Top15mm/Bottom15mm	①, ③ = 15 мм
	②, ④ = 3 мм
Top35mm/Bottom15mm	① = 35 мм
	③ = 15 мм
	②, ④ = 3 мм
Top45mm/Bottom15mm	① = 45 мм
	③ = 15 мм
	②, ④ = 3 мм
3 мм	①, ②, ③, ④ = 3 мм
15 мм	①, ②, ③, ④ = 15 мм

* **Normal** параметрі таңдалса, келесі қағаз үшін ① 20 мм болады.

Premium Glossy Photo Paper (Премиум жалтыр фотоқағазы) (250)/Premium Semigloss Photo Paper (Премиум жартылай жалтыр фотоқағазы) (250)/Premium Luster Photo Paper (Премиум жылтыр фотоқағазы) (260)/Premium Semimatte Photo Paper (Премиум жартылай күңгірт фотоқағазы) (260)

CAD / Line Drawing режимінде келесі баспа материалы пайдаланылғанда ① ③ мәні 3 мм болады.

Singleweight Matte Paper (Таза салмақты күңгірт қағаз)

Негізгі амалдар


! Маңызды:

- ❑ Қағаз орамының соңындағы жиек өзектен шықса басып шығару бұрмаланады. Соңындағы жиек басып шығару аумағының ішіне келмеуін тексеріңіз.
- ❑ Басып шығару өлшемі тіпті шеттер өзгерсе де өзгермейді.

Кесілген парақтардың басылатын аумағы

Сол және оң жақта жиексіз басып шығару кезінде сол және оң жақ шеттер 0 мм болады. (Жиексіз басып шығару постер тақтасында қол жетімді емес.)

Суреттегі көрсеткі шығарылатын қағаздың бағытын көрсетеді.



*1 SC-T7200 Series/SC-T7200D Series

*2 SC-T5200 Series/SC-T5200D Series

*3 SC-T3200 Series


Power Off Timer функциясын пайдаланып қуатты өшіру

Принтер екі қуатты басқару параметрін ұсынады.


- ❑ Ұйқы режимі

Принтер қателер болмаса, баспа тапсырмалары алынбаса және басқару тақтасының немесе басқа әрекеттер орындалмаса ұйқы режиміне кіреді. Принтер ұйқы режиміне кіргенде басқару тақтасының экраны өшеді және қуатты азырақ тұтыну үшін ішкі моторлар және басқа бөліктер өшеді.

Ұйқы режимі баспа тапсырмасы алынса немесе басқару тақтасында түйме басылса тоқтайды.

Принтердің ұйқы режиміне кіру кідірісін 5 және 210 минут арасындағы мәндерден таңдауға болады. Әдепкі параметрлерде принтер әрекеттер 15 минут бойы орындалмаса ұйқы режиміне кіреді. Кідірісті Setup мәзірінен өзгертуге болады.  "Setup мәзірі" бетте 172

Ескертпе:

Принтер ұйқы режиміне кіргенде басқару тақтасының экраны қуат өшірілгендей бос болады, бірақ  жарығы жанып тұра береді.

- ❑ Power Off Timer

Принтер орнатылған уақыт аралығы бойы қателер орын алмаса, баспа тапсырмалары алынбаса және басқару тақтасының немесе басқа әрекеттер орындалмаса, принтерді өшіретін Power Off Timer параметрімен жабдықталған. Принтер автоматты түрде өшпей тұрып болатын кідірісті 1 сағаттық

Негізгі амалдар

қадамдармен 1 және 24 сағат арасындағы мәндерден таңдауға болады.

Бұл бөлімде әдепкі параметрлер көрсетілген.

- ❑ SC-T7200 Series/SC-T5200 Series/SC-T3200 Series

Принтер сегіз сағат бойы қателер орын алмаса, баспа тапсырмалары алынбаса және басқару тақтасында әрекеттер немесе басқа әрекеттер орындалмаса автоматты түрде өшеді.

- ❑ SC-T7200D Series/SC-T5200D Series

Параметр — **Off**.

Power Off Timer параметрлерін Setup мәзірінен реттеуге болады. ["Setup мәзірі" бетте 172](#)

Қуатты басқару туралы

Қуатты басқару мүмкіндігі қолданылғанға дейінгі уақытты реттеуге болады. Кез келген арттыру принтердің қуат тиімділігіне әсер етеді. Кез келген өзгерту жасамас бұрын қоршаған ортаңызды ескеріңіз.

Басып шығаруды болдырмау


Жағдайға байланысты басып шығару әрекеттерін тоқтатудың бірнеше жолы бар.

Компьютер деректерді принтерге жіберуді аяқтағанда, баспа тапсырмасын компьютерден болдырмау мүмкін емес. Принтерде болдырмаңыз.

Компьютерден болдырмау (Windows)

Орындалу барысының жолағы көрсетілгенде

Cancel түймесін басыңыз.



Орындалу барысының жолағы көрсетілмегенде

1


Басып шығару орындалып жатқанда тапсырмалар тақтасында принтер белгішесін басыңыз.

Белгішенің көрсетілу-көрсетілмеуі Windows үшін таңдалған параметрлерге байланысты.

Негізгі амалдар

- 2** Болдырмау керек тапсырманың атауын тінтуірдің оң жақ түймесімен басыңыз және құжат мәзірінде **Cancel (Болдырмау)** пәрменін таңдаңыз.

Бүкіл тапсырмаларды болдырмау үшін **Printer (Принтер)** мәзірінде **Cancel All Documents (Басып шығару кезегін тазалау)** пәрменін басыңыз.




Егер тапсырма принтерге жіберілген болса, басып шығару деректері жоғарыдағы экранда көрсетілмейді.

Компьютерден болдырмау (Mac OS X)

- 1** Dock (Док-станция) ішіндегі принтер белгішесін басыңыз.



- 2** Болдырмау керек жұмысты таңдаңыз да, **Delete (Жою)** пәрменін таңдаңыз.



Егер тапсырма принтерге жіберілген болса, басып шығару деректері жоғарыдағы экранда көрсетілмейді.

Принтерде болдырмау

⏏ түймесін басыңыз, экранда **Job Cancel** пәрменін таңдаңыз, содан кейін **OK** түймесін басыңыз.

Баспа тапсырмасы тіпті басып шығарудың ортасында да болдырылмайды. Тапсырманы болдырмаудан кейін принтер дайын күйіне оралмай тұрып біраз уақыт кетуі мүмкін.

Ескертпе:

Жоғарыдағы әрекетті пайдаланып компьютердегі баспа кезегіндегі баспа тапсырмаларын жою мүмкін емес. Баспа кезегіндегі баспа тапсырмаларын жою үшін "Компьютерден болдырмау" бөлімін қараңыз.

Қосымша қатты дискіне сақтау және одан қайта басып шығару

Қосымша қатты дискіне сақтау және одан қайта басып шығару

Функция туралы жиынтық мәліметтер

Қосымша қатты диск немесе Adobe PostScript 3 кеңейту бөлігі (бұдан кейін қатты диск деп аталады) орнатылған болса, баспа тапсырмаларын төменде сипатталғандай көруге және басқаруға болады.



Маңызды:

SC-T7000 Series/SC-T5000 Series/SC-T3000 Series принтеріне арналған қосымша қатты дискіні бұл принтерге орнату мүмкін емес. Әрқашан осы принтерге арналған қатты дискіні пайдаланыңыз.

☞ "Параметрлер және тұтынылатын өнімдер" бетте 234

Кеңейтілген функциялар

Баспа тапсырмаларын төменде сипатталғандай көруге және басқаруға болады.

• Баспа тапсырмаларын көру

Кейбіреулері кезекте орналасқан бірнеше баспа тапсырмасы болса, келесі ақпарат көрсетілуі мүмкін.

- Болжалды басып шығарудың басталу уақыты
- Болжалды басып шығару уақыты
- Басқа ақпарат, соның ішінде, тапсырманы ауыстыру шығын материалдарынсыз басып шығару мүмкіндігі

• Ұсталып тұрған баспа тапсырмаларын көру және жалғастыру (тек SC-T7200 Series/SC-T5200 Series/SC-T3200 Series)

Егер принтер көмегімен таңдалған көз немесе басқа параметрлер баспа тапсырмасында көрсетілген параметрлерден басқаша болса, қате орын алады және басып шығару кідіріледі.

Қате орын алса, мысалы, қағазды ауыстыру арқылы принтерді дайын күйге келтіргенше басып шығаруды қайта бастау мүмкін болмайды.

Бірақ, баспа тапсырмасының төмендегі түрлерін қатты дискіде уақытша ұстауға болады.

Сондықтан, ағымдағы қағазбен басуға болатын бүкіл тапсырмаларды басудан кейін қағазды ұсталған қағаз тапсырмалары ішінде көрсетілген баспа материалымен ауыстыруға және басып шығаруды жалғастыруға болады, бұл жұмысты тиімдірек етеді.

- Принтер көмегімен таңдалғаннан басқа көздер көрсетілген баспа тапсырмалары
- Принтер көмегімен таңдалғаннан басқа қағаз түрлері көрсетілген баспа тапсырмалары
- Принтер көмегімен таңдалғаннан үлкенірек шығыс қағаз өлшемдері (ендер) көрсетілген баспа тапсырмалары

Ескертпе:

*Басқару тақтасының Setup мәзірінде **Store Held Job** үшін **On** күйі таңдалған болса, ұсталған баспа тапсырмаларын сақтауға болады.*

*Зауыттық әдепкі параметр — **Off**.*

☞ "Setup мәзірі" бетте 172

Қосымша қатты дискіне сақтау және одан қайта басып шығару

● Сақталған жұмыстарды көру және басып шығару

Баспа тапсырмаларын қатты дискіде сақтауға және кейінірек басып шығаруға болады.

Кейінірек басып шығару үшін таңдалған баспа тапсырмаларын компьютерге жүктемені арттырусыз тікелей қатты дискіден басып шығаруға болады.

Баспа тапсырмалары принтер драйверін пайдаланып сақталады. ➔ ["Баспа тапсырмаларын сақтау" бетте 81](#)

Ескертпе:

Принтерге қосылған қосымша MFP сканерімен немесе сатылатын сканермен жасалған үлкен көшірмені және үлкейтілген көшіру баспа тапсырмаларын қатты дискіге сақтау мүмкін емес.

Келесі қолданбалардың көмегімен басылатын тапсырмалар әрқашан қатты дискіге сақталады.

Басқа қолданбалар туралы ақпарат алу үшін бағдарламаның құжаттамасын немесе желілік анықтаманы қараңыз.

LFP Print Plug-In for Office


EPSON CopyFactory5

Баспа тапсырмаларын басқару

- **Басқару тақтасының Print Job мәзірінен** Егжей-тегжейлі процедура ➔ ["Сақталған баспа тапсырмаларын көру, басып шығару және өшіру" бетте 82](#)

● Remote Manager ішінен

Remote Manager қызметтік бағдарламасы принтердің желілік интерфейсінің стандартты орнатымында қамтылады және қатты дискіде сақталған баспа тапсырмаларын басқаруға қоса, оны принтердің күйін көру және желілік параметрлерді реттеу үшін пайдалануға болады. Компьютерде қолданып отырған веб-шолғыштың мекенжай жолағына принтердің IP мекенжайын енгізіп, бағдарламаны іске қосыңыз.



Remote Manager қолданбасында басқарсаңыз, басып шығару күтілудегі тапсырмаларды жеке-жеке болдырмауға болады, әрі ұсталған тапсырмаларды жеке-жеке болдырмауға және жалғастыруға болады.

Қосымша ақпарат алу үшін Remote Manager желілік анықтамасын қараңыз.

Іске қосу жолы Remote Manager ➔ ["Қолдану жолы Remote Manager" бетте 33](#)

● LFP HDD Utility ішінен (тек Windows)

Қатты дискіде сақталған баспа тапсырмаларын басқару үшін LFP HDD қызметтік бағдарламасын пайдалануға болады. Ол принтер компьютерге USB арқылы қосылғанда пайдаланылады.

Оны Epson веб-сайтынан жүктеуге болады.

<http://www.epson.com>

Қосымша қатты дискіне сақтау және одан қайта басып шығару

Қатты дискідегі деректер

Қатты дискідегі деректерді компьютерге немесе басқа құрылғыға көшіруге болмайды. Тіпті баспа тапсырмалары қатты дискіде сақталған болса да, түпнұсқалық деректерді компьютерде сақтаңыз.

Төмендегі жағдайларда қатты дискідегі деректер жоғалуы немесе бүлінуі мүмкін.

- Дискіге статикалық электр немесе электр бұрмалануы әсер етсе
- Диск дұрыс емес пайдаланылса
- Ақаулықтан немесе жөндеуден кейін
- Дискіні табиғап апаты зақымдаса


Біз кез келген себепке, тіпті, жоғарыда тізілген себептерге байланысты болған және кепілдік кезеңіндегі ешбір деректердің жоғалуына, деректердің бүлінуіне немесе басқа мәселелерге жауапкершілік алмаймыз. Сондай-ақ, біз жоғалған немесе бүлінген деректерге жауапты емес екенімізді ескеріңіз.

Баспа тапсырмаларын сақтау

Бұл бөлімде баспа тапсырмаларын сақтау үшін пайдаланылатын басып шығару драйверінің параметрлері сақталады.


1

Деректерді жасағаннан кейін **File (Файл)** мәзірінде **Print (Басып шығару)** пәрменін басыңыз.




2

Принтер таңдалғанын растаудан кейін принтер параметрлерін көрсету үшін **Printer properties (Принтердің сипаттары)** немесе **Properties** тармағын басыңыз.



Қосымша қатты дискіне сақтау және одан қайта басып шығару

- 3** Advanced қойындысында Hard Disk Unit аумағында **Settings** түймесін басыңыз және **Print and Save** немесе **Save only** пәрменін таңдаңыз.




- 4** Содан кейін құжатты әдеттегідей басып шығарыңыз.

Егер **Save only** пәрмені таңдалса, баспа тапсырмасы қосымша қатты дискіге сақталады, бірақ басылмайды.

Сақталған баспа тапсырмаларын көру, басып шығару және өшіру

Бұл бөлімде басқару тақтасынан сақталған тапсырмаларды көру, басып шығару және өшіру жолы сипатталады.

Келесі параметрлерде пайдаланылатын түймелер



- 1** Принтер басып шығаруға дайын екенін тексеріңіз. ◀/▶ түймелерін басып, параметрін таңдап, OK түймесін басыңыз.

Print Queues мәзірі көрсетіледі.

- 2** ▼/▲ түймелерін басып **Stored Job** параметрін белгілеп, OK түймесін басыңыз.

Баспа тапсырмасы қойындысының ақпаратты көрсету аумағы сақталған баспа тапсырмаларының атауларын көрсетеді.

- 3** ▼/▲ түймелерін басып, басып шығарылатын немесе жойылатын тапсырманы таңдаңыз да, OK түймесін басыңыз.

Файл атауын таңдағаннан кейін ▶ түймесін басып нобайды таңдауға болады.

Файл атауын нақты білмесеңіз, мақсатты файлды нобайдан тексере аласыз. Нобай экранында OK түймесін басып файл туралы толық ақпаратты көрсетіңіз.

Кейбір файлдар үшін сақталған нобай болмауы мүмкін. Солай болса, таңдалған файл туралы толық ақпарат көрсетіледі.

- 4** ▼/▲ **Print** немесе **Delete** түймелерін таңдау үшін және OK түймесін басыңыз.

Егер **Delete** таңдалған кезде, растау экраны пайда болады. Тапсырманы өшіру үшін OK түймесін басыңыз.

Қайта басып шығару кезінде, көшірмелер санын енгізу экраны пайда болады. 5-қадамға өтіңіз.

- 5** ▼/▲ түймелерін басып көшірмелер санын таңдаңыз және OK түймесін басыңыз.

Көшіру және сканерлеу

Көшіру және сканерлеу

MFP сканерін (опция) пайдаланып үлкен көшіру және үлкен сканерлеу

Функция туралы жиынтық мәліметтер

Негізгі функциялар

Қосымша MFP сканерін қоссаңыз, төмендегі функцияларды пайдалана аласыз.

Үлкен көшіру

SC-T7200 Series/SC-T5200 Series/SC-T7200D Series/SC-T5200D Series принтеріне қосымша MFP сканерін қоссаңыз, 36 дюймге дейінгі құжаттарды жүктеуге және үлкен көшірмелер жасауға болады.

Үлкен сканерлеу

Үлкен сканерлеуді орындау үшін MFP сканерін қосуға қоса, қосымша қатты диск немесе Adobe PostScript 3 кеңейту бөлігі (бұдан кейін әдетте қатты диск деп аталады) қажет.

Сканерленген кескіндер сақталатын пішімді төмендегілер арасынан таңдауға болады.

- JPEG файлы
- PDF файлы
- TIFF файлы

Файл жіберілетін немесе сақталатын жерді төмендегілер арасынан таңдауға болады.

- Электрондық хабарларға тіркеуге, содан кейін басқа принтерге жіберуге болады.* (Scan To e-mail)

- Желідегі ортақ қалтаға сақтауға болады. (Scan To Shared Folder)
- Сканерлеуді орындаған MFP сканеріне қосылған принтерге орнатылған қатты дискіге сақтауға болады. (Scan To HDD)
- * Мақсатты принтерде MFP сканері және қатты диск орнатылған болуы керек. Бұл функцияға қолдау көрсетілетін-көрсетілмейтінін тексеру үшін принтермен бірге келген нұсқаулықты қараңыз.

Пайдалану


Төмендегі орындарда үлкен көшіру/сканерлеу әрекеттерін орындауға немесе сканерленген кескін файлдарын басқаруға болады.

- Басқару тақтасындағы Large Copy/Large Scan экранында

Егжей-тегжейлі нұсқауларды төмендегі процедурадан қараңыз.

- Copy Manager ішінен

Copy Manager бағдарламасын пайдаланып принтерге желі арқылы қосылған планшет терминалында немесе компьютерде көшіру және сканерлеу үшін пайдалануға болады.

Copy Manager қолданбасын іске қосу  ["Іске қосу жолы Copy Manager" бетте 84](#)

Функциялар үйлесімділігінің кестесі

Төмендегі кестеде әр құралда қол жетімді функциялар көрсетілген.

	Басқару тақтасы	Copy Manager
Үлкен көшіру	✓	✓
Large Scan*1	✓	✓

Көшіру және сканерлеу

	Басқару тақтасы	Сору Manager
Scan To e-mail	✓	✓
Receive e-mail	✓	✓
Scan To Shared Folder	✓	✓
Scan To HDD	✓	✓
Электрондық пошта арқылы сканерленген немесе алынған кескін файлдарына қатысты әрекеттер *2, *3		
Print*4	✓	✓
Нобай дисплейі	✓	✓
Электрондық хабардың тіркемесі ретінде жіберу	✓	✓
Қалтаға жіберу	✓	✓
Файлды жүктеу	-	✓
Delete	✓	✓
Мақсатты электрондық пошта мекенжайларын қосу немесе өңдеу	-	✓
Ортақ қалта мекенжайларын қосу немесе өңдеу	-	✓
Файл әрекеттерінің журналын тексеру	-	✓
Scanner maintenance		
Шығару бағыты	✓	-
Calibration	✓	-
Feed Adjust	✓	-
Сканерлеу жылдамдығы	✓	-

*1 Қосымша қатты диск немесе Adobe PostScript 3 кеңейту бөлігі орнатылған болса ғана қол жетімді.

*2 Scan To e-mail және Scan To Shared Folder жағдайында да бүкіл сканерленген кескін файлдары принтердің қатты дискіне сақталады.

*3 Әрекетті қосымша MFP сканерінің орнатылып-орнатылмағанына қарамастан орындауға болады.

*4 PDF файлдары мен TIFF файлдарын қосымша Adobe PostScript 3 кеңейту бөлігі орнатылған кезде ғана басып шығара аласыз.

Іске қосу жолы Сору Manager

Сору Manager принтердің желілік интерфейсімен жабдықталған және ол төмендегілердің бірі принтерге орнатылған болса ғана жұмыс істейді.

- MFP сканері
- Қатты дискінің бөлігі
- Adobe PostScript 3 кеңейту бөлігі

Дегенмен MFP сканері орнатылмаған болса, үлкен көлемде көшіру және сканерлеу функцияларын қолдана алмайсыз.


Төмендегі процедура Сору Manager қолданбасын іске қосу жолын сипаттайды.

1 Принтерге желі арқылы қосылған планшет терминалында немесе компьютерде веб-шолғышты іске қосыңыз.

2 Принтерде көрсетілген IP мекенжайын мекенжай өрісінде енгізіңіз, содан кейін Enter пернесін немесе return пернесін басыңыз.


Көшіру және сканерлеу

- 3** Көрсетілген экранда Copy Manager қолданбасын басыңыз.



Принтерде сымсыз жергілікті желі функциясы жоқ. Принтерді және планшет терминалын желі арқылы қосу үшін сымсыз жергілікті желі маршрутизаторы немесе сымсыз жергілікті желіге кіру нүктесі қажет.

Мысалы



Қолдау көрсетілетін амалдық жүйелерді және шолғыштарды төмендегі бөлімнен қараңыз.

[“Жүйе талаптары” бетте 249](#)

Сканерлеуге дайындау

“Scan to e-mail” немесе “Scan To Shared Folder” функцияларын қолдану үшін төмендегі параметрлерді алдын ала орнатыңыз.

- ❑ Пошта серверінің параметрлері

Remote Manager көмегімен параметрлерді реттеңіз.

[“Пошта серверінің параметрлері” бетте 85](#)

- ❑ Мақсатты электрондық пошта мекенжайлары мен ортақ қалта мекенжайларын тіркеңіз

Copy Manager көмегімен параметрлерді реттеңіз.

[“Мекенжайлық кітапты жасау және өңдеу” бетте 86](#)



Маңызды:

Егер қауіпсіздік параметрлерін реттемей “Scan to e-mail” немесе “Scan To Shared Folder” функцияларын пайдалансаңыз, я болмаса Copy Manager қолданбасынан әрекеттер орындасаңыз, мәселелер орын алуы мүмкін, соның ішінде ақпарат ұсталуы немесе жалған ақпарат қосылуы мүмкін.

Өнімді пайдаланбай тұрып қауіпсіздік параметрлерін теңшемей пайдалану кезінде орын алуы мүмкін мәселелерді жеткілікті түсінуді, содан кейін жеке таңдаумен және жауапкершілікпен қауіпсіздік параметрлерін теңшеуді ұсынамыз.

Пошта серверінің параметрлері

Пошта серверінің параметрлерін (SMTP/POP3) теңшеу үшін Remote Manager қолданбасын пайдаланыңыз. Copy Manager қолданбасындағыдай, Remote Manager принтердің желілік интерфейсіне орнатылған бағдарламаға қосылған.

Төмендегі процедура Copy Manager қолданбасын іске қосу жолын сипаттайды.

1

Принтерге желі арқылы қосылған планшет терминалында немесе компьютерде веб-шолғышты іске қосыңыз.

Көшіру және сканерлеу

- 2 Принтерде көрсетілген IP мекенжайын мекенжай өрісінде енгізіңіз, содан кейін Enter пернесін немесе return пернесін басыңыз.
- 3 Көрсетілген экранда **Remote Manager** қолданбасын басыңыз.
- 4 Setup қойынды экранын ашыңыз, содан кейін экранның сол жағындағы мәзірде **Mail** қолданбасын басыңыз.

Remote Manager туралы қосымша мәліметтерді желілік анықтамадан қараңыз.

Мекенжайлық кітапты жасау және өңдеу

Мақсатты электрондық пошта мен ортақ қалта мекенжайлары тіркелетін мекенжай кітабын жасау және өңдеу үшін Copy Manager қолданбасын пайдаланыңыз.

- 1 Copy Manager қолданбасын іске қосыңыз.
- 2 Экранның жоғарғы бөлігінде **Settings** белгішесін басыңыз.

Copy Manager функциялары туралы қосымша мәліметтерді анықтамадан қараңыз.

Сканерде құжаттарды жүктеу туралы ескертпелер

Бұл бөлімде жүктеуге болатын құжат ендері мен қағаз түрлері және жүктеу мүмкін емес құжаттар сипатталады.



Маңызды:

Егер шаң басқан құжат жүктелсе, шаң MFP сканерінің ішіне жабысып, көшірілген немесе сканерленген кескіндердің сапасын төмендетуі мүмкін. Құжатты сканерге жүктеу алдында құжаттан бүкіл шаңды кетіріңіз.

Жүктеуге болатын құжаттардың ені

152–914 мм (6–36 дюйм)

Жүктеуге болатын құжаттың қағаз түрлері

- Plain Paper
- Recycled Paper
- Tracing Paper
- Күңгірт таспа
- Нобай көшірмесі, диазо түрі (ақ негіздегі көгілдір сызықтар)
- Нобай көшірмесі, теріс кескін (көгілдір негіздегі ақ сызықтар)
- Сиялы принтерлерге арналған күңгірт қағаз
- Синтетикалық қағаз
- Газет
- Жарнамалық қағаз
- Фотоқағаз
- * Жұқа құжатты жүктеген кезде таза ұстағыштар немесе басқа ұқсас заттар арасында орналастыру ұсынылады.

Жүктеу мүмкін емес құжаттар

Келесі құжаттарды жүктемеңіз. Бұл сақтық шарасын қолданбау қағаз кептелістерін тудыруы немесе сканерді зақымдауы мүмкін.

- Қатпарлар немесе мыжылулар бар құжаттар
- Түптемесі бар құжаттар
- Оралған жерлері бар құжаттар
- Астында көшіру қағазы бар құжаттар
- Қапсырмалар, қағаз қыстырғыштар бар немесе желіммен жапсырылған құжаттар

Көшіру және сканерлеу


- ❑ Бос парақ қағазы сияқты көп тесіктері бар құжаттар
- ❑ Тұрақты емес пішіндері бар немесе тік бұрыштармен кесілмеген құжаттар
- ❑ Фотосуреттер, жапсырмалар немесе белгілер жапсырылған құжаттар
- ❑ Мөлдір құжаттар
- ❑ Жылтыр құжаттар
- ❑ Тозған құжаттар
- ❑ Жыртылған жерлері бар құжаттар

Қалыңдығы 0,25 мм артық құжатты жүктеген кезде

Құжатты сканерге жүктемес бұрын, мына үш нәрсені істеңіз.

Қағаз шығару бағыттағыштарын алыңыз

Егер қағазды шығару бағыттағыштары бекітілген күйде қалдырылса, құжат оларға соқтығып, шығарылмайды.




Құжатты шығару бағытын алға қаратып орнатыңыз

Егер құжат қағаз бағыттағыштары алынған күйде артқа қарай шығарылса, құжат артқы жаққа түседі және бүгілуден зақымдалады.

"Құжат шығару бағытын және сканерлеу дәлдігін өзгерту жолы" бетте 89

Алдыңғы және артқы жақтарында орын бар екеніне көз жеткізіңіз

Оқылғаннан кейін құжат алға және артқа қарап сыртқа итеріледі. Болжалды қажет бос орын мөлшері төменде көрсетілген. Егер принтер қабырғаға жақын орнатылған болса, артында жеткілікті бос орын бар екенін тексеріңіз.




Қағаз өлшемі	Алды (a)	Арты (b)
A2	185 мм	220 мм
A1	432 мм	467 мм
24 × 30 дюйм	353 мм	388 мм
30 × 40 дюйм	607 мм	642 мм

Көшіру және сканерлеу


Құжаттарды жүктеу әдісі

- 1** Жүктеу бағыттағышын құжатты жүктеу күйімен туралаңыз.




- 2** Құжаттың бұрышпен берілмеуін қамтамасыз ету үшін құжаттың ұзын жағын салу ұсынылады.

Құжаттың оқылатын жағы жоғары қарап тұрып, құжаттың оң жиегін жүктеу бағыттағышымен туралаңыз.




- 3** Құжатты көлденеңінен, бүкіл жиек ішкі роликтердің барлығына тиіп тұратындай салыңыз.

Егер жиек роликке тисе, құжат оқуды бастау күйіне автоматты түрде беріледі. Автоматты жүктеу басталғаннан кейін қолды жіберіңіз және құжатты жүктеуге кедергі жасамаңыз.



- 4** Құжат жүктелгеннен кейін жүктеу бағыттағышын алыңыз, содан кейін құжаттың сол жақ жиегі және бағыттағыш сызығы тураланғанын тексеріңіз.

Егер құжат жүктеу бағыттағышы әлі бекітілген күйде көшірілсе немесе сканерленсе, құжаттың жиегі зақымдалуы мүмкін.



Көшіру және сканерлеу



Маңызды:

Егер құжат бағыттағыш сызықтан көп көлбеу күйде болса, көлбеу және шығыңғы бөлік көшірілмейді немесе сканерленбейді. ► түймесін басып құжатты шығарыңыз, содан кейін құжатты қайта жүктеңіз.

Ескертпе:

Егер құжат 1 м немесе ұзынырақ болса, оны оқу кезінде көлбеу күйде болмайтындай қолдармен тіреңіз.


Құжат шығару бағытын және сканерлеу дәлдігін өзгерту жолы

Құжат шығару бағытын өзгерту және одан жоғары сканерлеу дәлдігіне өзгерту процедурасы төменде сипатталған.

Ескертпе:

Құжат шығару бағытын артқа қарай етіп өзгертсеңіз, пайдаланбай тұрып қағаз шығару бағыттағыштарын бекітіңіз. Егер құжат қағаз бағыттағыштары орнатылмаған күйде артқа қарай шығарылса, құжат артқа қарай түсіп бүлінуі және ластануы немесе қатпарлануы мүмкін.

Келесі параметрлерде пайдаланылатын түймелер



- 1 Large copy/Large scan экранында ▼/▲ түймелерін пайдаланып **Scanner Maintenance** пәрменін таңдап, OK түймесін басыңыз.
- 2 ▼/▲ түймелерін басып, **Eject Direction** немесе **Scan Speed** параметрін таңдап, OK түймесін басыңыз.
- 3 Қажетті опцияны таңдау үшін ▼/▲ түймелерін пайдаланыңыз және OK түймесін басыңыз.
- 4 Шығу үшін II-🗑️ түймесін басыңыз.

Үлкен көшіру

Бұл бөлімде принтердің басқару тақтасында көшіру процедурасы сипатталған.

Көшірмелер пайдаланып жатқан үлгіге байланысты төмендегі жүктеу жолдарымен басып шығарылады.

- SC-T7200 Series/SC-T5200 Series/SC-T3200 Series


Жүктелген қағаз орамы немесе кесілген парақ

Көшіру және сканерлеу

❑ SC-T7200D Series/SC-T5200D Series

Copy Settings үшін мыналардың ішінен **Source** параметрін таңдаңыз: **Roll 1, Roll 2, Roll Auto** немесе **Cut Sheet**

Келесі параметрлерде пайдаланылатын түймелер



1 Принтерді түймесін басу арқылы қосыңыз.

Принтер қосылғанда сканерде қосылады.

2 Принтерде үлкен көшіру үшін жарамды қағазды жүктеңіз.

["Epson арнайы баспа материалдарының кестесі" бетте 236](#)

3 Сканерде құжатты жүктеңіз.

["Қалыңдығы 0,25 мм артық құжатты жүктеген кезде" бетте 87](#)

4 Large copy/Large scan экраны пайда болғанын тексеріңіз.

Егер басқа экран пайда болса, түймелерін пайдаланып қойындысын таңдаңыз.

5 Large copy/Large scan экранында / түймелерін пайдаланып **Copy** пәрменін таңдап, OK түймесін басыңыз.

Large copy экраны пайда болады.

6 Large copy экранында көшірмелер санын орнату үшін / түймелерін басуға болады. Көшіруді бастау үшін OK түймесін басыңыз.

Көшіру параметрлерін немесе үлкейту қатынасын өзгерту үшін Menu (Мәзір) түймесін басып, Copy settings (Көшіру параметрлері) мәзірін көрсетіңіз. SC-T7200D Series/SC-T5200D Series принтеріне MFP сканері орнатылған кезде, Copy Settings мәзірінен басып шығару үшін қолданылатын қағазды да таңдауға болады (Roll 1, Roll 2, Roll Auto немесе Cut Sheet).

Copy Settings мәзірін пайдалану ["Мәзір әрекеттері" бетте 153](#)

Параметрлер ["Large Copy / Large Scan мәзірі" бетте 194](#)

7 Көшіру аяқталғанда экран б-қадамдағыға оралады. Құжатты шығару үшін түймесін басыңыз. Құжатты жүктегеннен кейін OK түймесін басқанда көшіру жалғасады.

Көшіру аяқталғаннан кейін құжатты әрқашан шығарыңыз. Егер келесі құжат алдыңғы құжат әлі ішінде болып жүктелсе, келесі құжатты дұрыс беру мүмкін емес.

Құжатты шығару бағытын өзгертуге болады. Шығару бағытын өзгерту ["Құжат шығару бағытын және сканерлеу дәлдігін өзгерту жолы" бетте 89](#)

Үлкен сканерлеу


"Scan to e-mail" немесе "Scan To Shared Folder" функцияларын қолдану үшін параметрлерді алдын ала орнатуыңыз қажет.

["Сканерлеуге дайындау" бетте 85](#)

Көшіру және сканерлеу

Бұл бөлімде принтердің басқару тақтасында сканерлеу процедурасы сипатталған.

Келесі параметрлерде пайдаланылатын түймелер



- 1 Принтерді түймесін басу арқылы қосыңыз.
Принтер қосылғанда сканерде қосылады.
- 2 Принтердің үлкен сканерлеу функциясы үшін қолайлы қағазды жүктеңіз.
["Epson арнайы баспа материалдарының кестесі" бетте 236](#)
- 3 Сканерде құжатты жүктеңіз.
["Қалыңдығы 0,25 мм артық құжатты жүктеген кезде" бетте 87](#)
- 4 Large copy/Large scan экраны пайда болғанын тексеріңіз.
Егер басқа экран пайда болса, /▶ түймелерін пайдаланып қойындысын таңдаңыз.

- 5 Large copy/Large scan экранында /▲ түймелерін пайдаланып **Scan** пәрменін таңдап, OK түймесін басыңыз.

Сканерленген файлды сақтау/жіберу мақсатты орнын таңдау экраны пайда болады.

- 6 /▲ түймелерін пайдаланып сақтау/жіберу мақсатты орнын таңдап, OK түймесін басыңыз.

Егер **HDD** таңдалған болса, 8-қадамға өтіңіз.

Егер **Shared Folder** немесе **Send By Mail** таңдалған болса, 7-қадамға өтіңіз.

- 7 /▲ түймелерін пайдаланып мақсатты қалтаны немесе мекенжайды таңдаңыз, содан кейін OK түймесін басыңыз.

- 8 Негізгі сканерлеу параметрлерінің мәліметтері пайда болады. OK түймесін басқанда сканерлеу басталады.

Параметрлерді өзгерту үшін Menu (Мәзір) түймесін басып, Scan Setting (Сканерлеу параметрлері) мәзірін көрсетіңіз.


Scan Setting (Сканерлеу параметрлері) мәзірін пайдалану ["Мәзір әрекеттері" бетте 153](#)

Параметрлер ["Large Copy / Large Scan мәзірі" бетте 194](#)

- 9 Сканерлеу аяқталғанда экран 8-қадамдағыға оралады. Құжатты шығару үшін ▶ түймесін басыңыз. Құжатты жүктегеннен кейін OK түймесін бассаңыз, сканерленген файлдарды бірдей сақтау/жіберу мақсатты орнына сақтауды немесе жіберуді жалғастыруға болады.

Сканерлеу аяқталғаннан кейін құжатты әрқашан шығарыңыз. Егер келесі құжат алдыңғы құжат әлі ішінде болып жүктелсе, келесі құжатты дұрыс беру мүмкін емес.

Көшіру және сканерлеу

Құжатты шығару бағытын өзгертуге болады. Шығару бағытын өзгерту  “Құжат шығару бағытын және сканерлеу дәлдігін өзгерту жолы” бетте 89

Сканерленген немесе алынған кескін файлдарға қатысты әрекеттер

Сканерленген файлдар немесе басқа принтерден электрондық пошта арқылы жіберілген сканерленген файлдарға қатысты төмендегі әрекеттерді орындауға болады.

Бұл функцияны қосымша MFP сканерінің орнатылып-орнатылмағанына қарамастан орындауға болады.

Басып шығару

PDF файлдары мен TIFF файлдарын қосымша Adobe PostScript 3 кеңейту бөлігі орнатылған кезде ғана басып шығара аласыз.

Бұған қоса, басып шығару пайдаланып жатқан үлгіге байланысты төмендегі жүктеу жолдарымен басып шығарылады.

SC-T7200 Series/SC-T5200 Series/SC-T3200 Series


Жүктелген қағаз орамы немесе кесілген парақ

SC-T7200D Series/SC-T5200D Series


Мыналардың ішінен басып шығару үшін сканерлеу параметрлерінің **Source** опциясын таңдаңыз: **Roll 1**, **Roll 2**, **Roll Auto** немесе **Cut Sheet**.

- Электрондық хабардың тіркемесі ретінде жіберу
- Желідегі ортақ қалтаға жіберу
- Файлды жою

Келесі параметрлерде пайдаланылатын түймелер





- 1  немесе  қойынды белгішесін таңдаңыз.

Қосымша қатты диск немесе Adobe PostScript 3 кеңейту бөлігі (бұдан кейін қатты диск деп аталады) орнатылған кезде, қосымша MFP принтерге орнатылмаған болса да, қойындыда  параметрі көрсетіледі. Көшіру және сканерлеу мүмкін болмайды, бірақ мына әрекеттерді орындауға болады.

- Rcvd Scan File Option*
- Receive New Scan File
- Scan File Options*

* Қабылданған сканерлеу файлы немесе сканерлеу файлы қатты дискіге сақталған кезде көрсетіледі.





Rcvd Scan File Option ішінде (3) сияқты мән пайда болса, бұл мән басып шығарылмаған алынған файлдардың басып шығаруға болатын санын көрсетеді.

- 2 Large copy/Large scan экранында / түймелерін басып, **Rcvd Scan File Option** немесе **Scan File Options** тармағын таңдаңыз, одан кейін OK түймесін басыңыз.







Таңдалған файлдардың тізімі пайда болады. Төмендегі кестеде файл атауларының жанында белгішелердің мағынасы көрсетілген.

Көшіру және сканерлеу

Rcvd Scan File Option таңдалған кезде

	Бұл — басып шығарылмаған файл. Тіпті бір рет басып шығарылған болса, белгіше  болып өзгереді.
	Бұл файлды басып шығару мүмкін емес*.
	Бұл файл басып шығарылды.

Scan File Options таңдалған болса

	Ортақ қалтаға жіберілген кескін файлын көрсетеді. Бұл файлды басып шығару мүмкін емес*.
	Ортақ қалтаға жіберілген кескін файлын көрсетеді. Бұл файлды басып шығаруға болады.
	Қатты дискіге сақталған кескін файлын көрсетеді. Бұл файлды басып шығару мүмкін емес*.
	Қатты дискіге сақталған кескін файлын көрсетеді. Бұл файлды басып шығаруға болады.
	Электрондық пошта арқылы жіберілген кескін файлын көрсетеді. Бұл файлды басып шығару мүмкін емес*.
	Электрондық пошта арқылы жіберілген кескін файлын көрсетеді. Бұл файлды басып шығаруға болады.

*PDF файлдары мен TIFF файлдарын қосымша Adobe PostScript 3 кеңейту бөлігі орнатылған кезде ғана басып шығара аласыз.

3 Басқарғыңыз келетін файлды таңдау үшін ▼/▲ түймелерін қолданыңыз.


Файл атауынан ғана түсіну қиын болса, ► түймесін басыңыз.

Мазмұнын тексеру үшін сканерленген кескіндердің нобайларын қарауға болады.

Ескертпе:

- Кескіннің өлшеміне қарай, нобайда кескіннің жоғарғы жағы ғана көрінуі мүмкін.
- Нобай экранында ► түймесін басып файл туралы толық ақпаратты көрсетіңіз.

4 OK түймесін басыңыз.

 параметрі көрсетілген файл **Rcvd Scan File Option** ішінде таңдалып тұрған кезде OK түймесі басылса, басып шығару басталады.

Басқа файл таңдалған болса, 5-қадамға өтіңіз.

5 ▼/▲ түймелерін пайдаланып орындау керек әрекетті таңдап, OK түймесін басыңыз.

Егер **Print** немесе **Delete** пәрмені таңдалған болса, экран дисплейін тексеріңіз және әрекетті орындаңыз.

Send To Shared Folder немесе **Send by Mail** пәрмені таңдалған болса, сақтау мақсатты қалтасын немесе жіберу мақсатты орнын таңдау экраны пайда болады. Сканерлеумен бірдей әрекеттерді орындаңыз.

6 Әрекет аяқталғанда экран файлдар тізімі экранына оралады. Шығу үшін 3 түймесін басыңыз.

Көшіру және сканерлеу

A3 немесе A4 сканерімен үлкейтілген көшірмелер жасау

Epson A3 немесе A4 сканерін принтерге қосу үлкейтілген көшірмелерді жасауды оңай етеді, компьютер қажет емес.

Қолдау көрсетілетін сканерлердің тізімі Epson веб-сайтында берілген.

<http://www.epson.com>

Қолдау көрсетілетін өлшемдер

Сканерленген құжаттың өлшемі: 4 x 6 — A3*1

Шығару өлшемі: A2 пішіміне немесе 36 дюймге дейін (шамамен 914 мм)*2

*1 Жалғанған сканердің үлгісіне қарай өзгеріп отырады.

*2 SC-T3200 Series өнімінде 24 дюймге (шамамен 610 мм) дейін.


Сканерді жалғау

1 Принтерді де, сканерді де дайындаңыз.

Сканерді реттеу туралы ақпаратты құрылғымен бірге қамтамасыз етілген құжаттамадан қараңыз.

2 Принтерді және сканерді өшіріңіз.

3 Сканерді принтерге сканермен бірге қамтамасыз етілген кабельді пайдаланып жалғаңыз.



Маңызды:

Сканерді тікелей принтерге жалғаңыз. Үлкейтілген көшірмелер сканер тікелей принтерге жалғанған болса ғана қол жетімді.

Үлкейтілген көшірмелерді жасау


Көшіру нәтижелері пайдаланып жатқан үлгіге байланысты төмендегі жүктеу жолдарымен басып шығарылады.

❑ SC-T7200 Series/SC-T5200 Series/SC-T3200 Series

Жүктелген қағаз орамы немесе кесілген парақ


❑ SC-T7200D Series/SC-T5200D Series

Қазіргі уақытта таңдалған қағаз орамы немесе кесілген парақ

Қазіргі уақытта таңдалған қағазды  қойындысын таңдау арқылы тексеруге болады.

Көшіру және сканерлеу

Келесі параметрлерде пайдаланылатын түймелер



- 1 Принтерді және сканерді қосыңыз.
Құрылғыларды кез келген ретпен қосуға болады.
- 2 Принтерге үлкейтілген көшірмелерді қолдайтын қағазды жүктеңіз.
["Epson арнайы баспа материалдарының кестесі" бетте 236](#)
- 3 Түпнұсқаны сканер шынысына немесе автоматты құжат бергішке (ADF) қойыңыз.
["Сканерде құжаттарды орналастыру" бетте 95](#)

Сканерді пайдалану туралы ақпаратты құрылғымен бірге қамтамасыз етілген құжаттамадан қараңыз.
- 4 Принтер дайын екенін тексергеннен кейін түймелерін басып қойындысын бөлектеңіз және OK түймесін басыңыз.

Үлкейтілген көшірме диалогтық терезесі көрсетіледі.

- 5 Үлкейтілген көшірме диалогтық терезесінде / түймелерін басып көшірмелер санын таңдаңыз және көшіруді бастау үшін OK түймесін басыңыз.
Көшіру параметрлерін немесе үлкейту қатынасын өзгерту үшін Menu (Мәзір) түймесін басыңыз. Enlarged Copy мәзірі көрсетіледі.

Көшіруді бастау үшін OK түймесінің орнына сканердің түймесін пайдалануға болады.


Enlarged Copy параметрлер мәзірін пайдалану ["Мәзір әрекеттері" бетте 153](#)

Параметрлер ["Enlarged Copy мәзірі" бетте 192](#)

Ескертпе:

Егер SC-T3200 Series өнімін пайдаланғанда **Auto** үшін **Other Size** және **Output Size** үшін **A0(2Sheets)** таңдалған болса, көрсетілгендей құжаттың екі бетінде де басып шығарылады.

Егер құжат A2 ені бар орамда басылса, екі сегментті таспамен немесе сол сияқты нәрсемен біріктіріп, толық A0 парағын жасауға болады. Егер құжат кеңірек орамда басылса, шеттерді кесу керек болады.




Сканерде құжаттарды орналастыру

Түпнұсқаны сканерге қойған кезде төмендегі сақтық шараларын сақтамау баспа сапасының төмендеуіне немесе сканерлеу қателеріне әкелуі мүмкін.

Көшіру және сканерлеу

- ❑ Түпнұсқаны альбомдық (кең) бағдарда салыңыз.



- ❑ Егер шыныда да, ADF ішінде де құжаттар бар болса, ADF ішіндегі құжат сканерленеді.

Шыныға құжатты қоймай тұрып ADF ішінен құжаттарды алыңыз.

- ❑ ADF құралын мына жағдайларда пайдалану мүмкін емес:

- ❑ **Auto** үшін **A4/2->Banner(Auto)** таңдалған
- ❑ **B1** немесе **A0** мәні **Output Size** үшін таңдалған және бірнеше көшірме жасалған немесе **A0 (2Sheets)** таңдалған болса.
- ❑ Түпнұсқаның өлшемі — 4 x 6
- ❑ Түпнұсқа қалың қағазда (мысалы, ашықхаттар немесе фотосуреттер) басылады

- ❑ Шыныға қойылған түпнұсқадан бірнеше көшірме жасалса, түпнұсқа әр көшірме үшін бір рет сканерленуі мүмкін.

Сканер қақпағын ашпай тұрып бүкіл көшірмелер басылғанша күтіңіз.

- ❑ Бірнеше беттік құжаттарды сканерлеу үшін ADF құралын пайдаланыңыз. Көшірмелер түпнұсқалар сканерленген кезде басылғандықтан, принтер бірнеше беттік құжаттарда бірнеше көшірмені салыстыра алмайды.

Мысалы: принтер екі беттік құжаттың екі көшірмесін жасау үшін пайдаланылғанда беттердің шығарылу реті.




Print From Folder

Print From Folder

Функция туралы жиынтық мәліметтер


Алдын ала параметрлері орнатылған желідегі ортақ қалтадағы файлды таңдап, басып шығаруға болады.

Ортақ қалта параметрлерін реттеу үшін Remote Manager қолданбасын пайдаланыңыз.

 ["Мына функцияны қолдануға дайындалу: Print From Folder" бетте 98](#)

Пайдалану

Файлды таңдап, басып шығару үшін екі процедураны қолдануға болады. Принтердегі басқару тақтасын немесе Remote Manager қолданбасын пайдалануға болады.

Басқару тақтасын пайдалану  ["Мына функцияны қолдану процедурасы: Print From Folder" бетте 98](#)

Remote Manager қолданбасын басқару процедураларын желілік анықтамадан қараңыз.

Қолдау көрсетілетін файлдар

Төмендегі файлдарға Print From Folder функциясы қолдау көрсетеді. Қолдау көрсетілетін файлдар қосымша Adobe PostScript 3 кеңейту бөлігінің орнатылып-орнатылмағанына қарай әр түрлі болады.

Файл пішімдері	Орнатылм аған	Орнатылған
HP-GL/2	✓	✓
HP RTL	✓	✓
PDF	-	✓
PostScript	-	✓
EPS	-	✓
TIFF	-	✓

Файл пішімдері	Орнатылм аған	Орнатылған
JPEG	-	✓
CALS G4(type I)	-	✓

HP-GL/2 және HP RTL пішіміндегі файлдар принтер параметрлері мәзіріндегі **HP-GL/2 Settings** параметрлеріне қарай басып шығарылады.

 ["Printer Setup" бетте 172](#)

Басқа файлдар принтер параметрлері мәзіріндегі **PS3 Expansion Unit** ішіндегі параметрлерге қарай басып шығарылады.

 ["Option Setup*4" бетте 182](#)

Print From Folder

Мына функцияны қолдануға дайындалу: Print From Folder

Ортақ қалта параметрлерін төмендегі көрсетілгендей реттеу үшін Remote Manager қолданбасын пайдаланыңыз.

Remote Manager принтердің желілік интерфейсіне орнатылған бағдарламаға қосылған.


- 1 Принтерге желі арқылы қосылған планшет терминалында немесе компьютерде веб-шолғышты іске қосыңыз.
- 2 Принтер үшін көрсетілген IP мекенжайын мекенжай өрісіне енгізіп, содан кейін Enter пернесін немесе return пернесін басыңыз.

Төмендегі опциялардың кез келгені орнатылған болса, 3-қадамға өтіңіз.

- MFP сканері
- Қатты дискінің бөлігі
- Adobe PostScript 3 кеңейту бөлігі

Олар орнатылмаған болса, 4-қадамға өтіңіз.

- 3 Көрсетілген экранда Remote Manager түймесін басыңыз.




- 4 Setup қойынды экранын ашыңыз, содан кейін экранның сол жағындағы мәзірде **Shared Folder** қолданбасын басыңыз.


Remote Manager қолданбасын басқару туралы қосымша мәліметтерді желілік анықтамадан қараңыз.

Мына функцияны қолдану процедурасы: Print From Folder

Пайдалану тақтасынан Print From Folder функциясын қолдану процедурасы төменде сипатталған.

Келесі параметрлерде пайдаланылатын түймелер



- 1 Принтер басып шығаруға дайын екенін тексеріңіз. ◀/▶ түймелерін басып,  параметрін таңдап, OK түймесін басыңыз.

Print Queues мәзірі көрсетіледі.

- 2 ▼/▲ түймелерін басып, **Print From Folder** параметрін таңдап, OK түймесін басыңыз.

Бұл параметр қатты дискінің қосымша бөлігі немесе Adobe PostScript 3 кеңейту бөлігі қосылмаған болса, **Print From Folder** функциясы ғана көрсетіледі.

Біраздан кейін ортақ қалтадағы файлдардың тізімі көрсетіледі.

Print From Folder

3 ▼/▲ түймелерін басып, басып шығарылатын файлды таңдаңыз да, ОК түймесін басыңыз.

Басып шығару параметрлері экраны көрсетіледі.

4 Көшірмелер санын орнату үшін, ▼/▲ түймелерін басыңыз. Басып шығаруды бастау үшін ОК түймесін басыңыз.

Егер қатты дискінің қосымша бөлігі немесе Adobe PostScript 3 кеңейту бөлігі орнатылмаған болса, көшірмелер саны 1-ге бекітіледі.

Қағаз көзін өзгерту үшін, Menu (Мәзір) түймесін басып, Setting (Параметрлер) мәзірін көрсетіңіз. SC-T7200D Series/ SC-T5200D Series принтерінде **Roll 1, Roll 2, Roll Auto** немесе **Cut Sheet** параметрлерін таңдауға болады.

Preview опциясын **Yes** параметріне орнатылса, қарап шығу экраны пайда болады. Басып шығаруды бастау үшін, қарап шығу экранында ОК түймесін басыңыз.

Қарап шығуды тоқтату үшін, II·III түймесін басыңыз.

Басып шығарудың қосымша жолдары

Басып шығарудың қосымша жолдары

Үлкейтулер және көлденең және тік баннерлер


Принтер драйвері әр түрлі қағаз өлшемдері үшін құжаттарды үлкейте немесе кішірейте алады. Үш орнату әдісі бар.

Стандартты емес өлшемдермен басып шығару алдында, соның ішінде, тік немесе көлденең баннерлерде және жақтары бірдей құжаттарда, принтер драйверінде қажет қағаз өлшемін енгізіңіз.

 "Стандартты емес өлшемдермен басып шығару" бетте 104


Fit to Roll Paper Width

Кескін өлшемін қағаз орамының еніне қиысатындай автоматты түрде үлкейтеді немесе кішірейтеді.




Specify Size

Үлкейту немесе кішірейту қатынасын көрсетуге болады. Бұл әдісті стандартты емес қағаз өлшемі үшін пайдаланыңыз.




Fit to Output Size

Кескін өлшемін қағаз өлшеміне қиыстыру үшін автоматты түрде үлкейтеді немесе кішірейтеді.



Ескертпе:

- Арнайы көлденең немесе тік баннерлер үшін жасалған қолданбалардан басып шығару кезінде принтердің драйвер параметрлерін қолданба құжаттамасында сипатталғандай реттеңіз.
- Көлденең немесе тік баннерлерге арналған Windows қолданбаларын пайдаланғанда Advanced қойындысында қажетінше **Banner** параметрін таңдаңыз.




Басып шығарудың қосымша жолдары

Құжаттарды қағаз орамының еніне қиыстыру


Windows жүйесінде параметрлерді орнату

1 Принтер драйверінің Printer Settings қойындысын көрсетіңіз және құжаттың қағаз өлшеміне сәйкес **Paper Size** параметрін таңдаңыз.


👉 “Негізгі басып шығару әдістері (Windows)” бетте 68



2 Layout қойындысында **Reduce/Enlarge** пәрменін таңдаңыз және **Fit to Roll Paper Width** параметрін басыңыз.




3 Құжаттың қысқа немесе ұзын жиегін қағаз орамының еніне қиыстыруды таңдаңыз.



Ескертпе:

Сондай-ақ, шығысты орамның еніне Printer Settings қойындысында Fit to Roll Paper Width параметрін таңдау арқылы қиыстыруға болады.



4 Басқа параметрлерді тексеріңіз, содан кейін басып шығаруды бастаңыз.


Mac OS X үшін параметрлерді орнату

Басып шығару механизмін туралауды автоматты түрде немесе қолмен орындауға болады.

Автоматты туралау кезінде датчик басып шығарып жатқанда реттеу үлгісін оқиды және принтер үшін оңтайлы реттеу мәнін автоматты түрде тіркейді.

Автоматты түрде басып шығару механизмін туралауды аяқтауға 30 минут кетеді.

Қолмен реттеу кезінде үлгіні тексеру және туралау үшін оңтайлы туралау мәнін енгізу керек. Қолмен туралауды автоматты түрде туралауды қолдамайтын кесілген парақтарда немесе басқа қағазда я болмаса автоматты түрде туралау мәселені толығымен шешпесе пайдалануға болады.

Қолмен басып шығару механизмі үшін үлгіні басып шығару 7–11 минут алады. Қажет уақыт басылатын үлгінің өлшеміне сай өзгереді.

Uni-D және Bi-D басып шығару механизмін туралау автоматты режимде де, қолмен орындалатын режимде де қол жетімді. Bi-D

Техникалық қызмет көрсету

жағдайлардың көпшілігінде ұсынылады. Vi-D басып шығару механизмін тазалау мәселені толығымен шешпесе, Uni-D режимін таңдаңыз.

□ Компьютерден

Автоматты түрде басып шығару механизмін туралау үшін компьютерді пайдалануға болады.

Жағдайлардың көпшілігінде басып шығару механизмін туралауды осы әрекеттің өзін ғана пайдаланып сәтті орындауға болады. Әдетте бұл әдіс ең қарапайым әдіс ретінде ұсынылады. Автоматты түрде басып шығару механизмін туралауды аяқтауға 30 минут кетеді. Қолмен басып шығару механизмін туралауды автоматты түрде туралауды қолдамайтын кесілген парақтарды немесе басқа қағазды пайдаланып жатсаңыз немесе автоматты түрде туралау мәселені толығымен шешпесе, принтердің басқару тақтасынан орындауға болады.

Ескертпе:

Head Alignment қазіргі уақытта принтерге жүктелген қағазға сай реттеледі. Басып шығару механизмін туралау керек қағазды жүктеңіз.

Бірақ, төменде тізілген қағазда немесе жағдайларда автоматты түрде басып шығару механизмін туралау қол жетімді емес екенін ескеріңіз.

- *Принтерге мөлдір немесе түсті баспа материалы жүктелген.*
- *Принтерге жүктелген қағаз автоматты түрде басып шығару механизмін туралауды қолдамайды.*

Автоматты түрде басып шығару механизмін туралауды қолдайтын қағаз түрлері туралы келесі ақпаратты қараңыз.

🔗 "Epson арнайы баспа материалдарының кестесі" бетте 236

- *Ағымдағы қағаз қалыңдығы 1,0 мм-ден асады.*
- *Принтерге оптикалық кедергіні тудыратын тік күн сәулесі түседі немесе басқа жарық көзі түседі.*

Сондай-ақ, саңылаулар бітелген болса, Head Alignment қажет нәтижелерді бермеуі мүмкін. Жалғастыру алдында кез келген бітелулерді тазалау үшін басып шығару механизмін тазалауды орындаңыз.

Компьютерден

Бұл бөлімдегі түсіндірмелерде мысал ретінде Windows принтер драйвері пайдаланылады.

Mac OS X үшін **Epson Printer Utility 4** бағдарламасын пайдаланыңыз.

🔗 "Epson Printer Utility 4 қолданбасын пайдалану" бетте 150


- 1** Принтерге қағаз орамын жүктеңіз.

Принтердегі қағазға сәйкес қағаз түрін таңдаңыз.

Техникалық қызмет көрсету

- 2** Принтер драйверінің **Properties (Сипаттар)** (немесе **Printing preferences (Басып шығару параметрлері)**) экранынан **Utility** қойындысында **Print Head Alignment** пәрменін басыңыз.


Басып шығару механизмін туралау үшін экрандағы нұсқауларды орындаңыз.



Басып шығару кезінде датчик реттеу үлгісін оқиды және принтер үшін оңтайлы реттеу мәнін автоматты түрде тіркейді.

Принтерден

Келесі параметрлерде пайдаланылатын түймелер



- 1** Принтерге қағаз орамы немесе өлшемі A4 немесе одан үлкенірек кесілген қағаз жүктелгенін тексеріңіз.

Пайдаланып жатқан қағазға сай қағаз көзі және баспа материалының түрі дұрыс орнатылғанын тексеріңіз.

- 2** Принтер басып шығаруға дайын екенін тексеріңіз. ◀▶ түймелерін басып, ⏏ параметрін таңдап, OK түймесін басыңыз.

Maintenance мәзірі көрсетіледі.

- 3** ▼/▲ түймелерін **Head Alignment** таңдау үшін пайдаланыңыз және OK түймесін басыңыз.

- 4** ▼/▲ түймелерін басып, басып шығару механизмін туралау параметрін бөлектеңіз.

- 5** Туралау үлгісін басып шығару үшін OK түймесін басыңыз.


Егер **Auto** параметрі таңдалған болса, принтер басып шығару механизмін туралау үлгісін басып шығарған кезде басып шығару механизмін автоматты түрде туралайды. Басып шығару механизмін туралау аяқталғанда Maintenance мәзірі көрсетіледі.

Егер **Manual** параметрі таңдалған болса, үлгіні қарап тексерудің негізінде реттеуді енгізу үшін, 6-қадамға өтіңіз.

- 6** Ақ сызықтары ең аз немесе ақ сызықтардың аралықтары біркелкі үлгілердің нөмірлерін жазып алыңыз.

Бұл суретте көрсетілген мысалда 3-үлгі болады.

C1



- 7** Басқару тақтасының экранында **C1** көрсетілгенін тексергеннен кейін ▼/▲ түймелерін басып, 6-қадамда жазып алған нөмірді таңдаңыз және OK түймесін басыңыз.

- 8** **C1** және **BK2** арасындағы бүкіл түстер үшін қайталаңыз, әр уақытта OK түймесін басу керек.

Техникалық қызмет көрсету


9 Соңғы нөмір енгізілгеннен кейін Maintenance мәзірі көрсетіледі.

Шығын материалдарын ауыстыру

Сия картридждерін ауыстыру

Егер орнатылған сия картридждерінің біреуі таусылса, басып шығаруды орындау мүмкін емес. Егер сия деңгейі төмен екені туралы ескерту көрсетілсе, сия картридждерін мүмкіндігінше тез ауыстыру ұсынылады.

Егер басып шығару кезінде сия картриджі бітсе, сия картриджін ауыстырғаннан кейін басып шығаруды жалғастыруға болады. Бірақ, баспа тапсырмасы кезінде сияны ауыстырғанда кебу жағдайларына байланысты түстегі айырмашылықты көруіңіз мүмкін.

Қолдау көрсетілетін сия картридждері  [“Параметрлер және тұтынылатын өнімдер” бетте 234](#)

Ауыстыру жолы

Бүкіл сия картридждерін ауыстыру үшін бірдей процедураны пайдалануға болады.



Маңызды:


Epson компаниясы түпнұсқалық Epson сия картридждерін пайдалануға кеңес береді. Epson компаниясы түпнұсқалық емес сияның сапасы немесе сенімділігіне кепілдік бере алмайды. Түпнұсқалық емес сияны пайдалану Epson кепілдіктерімен қамтылмайтын зақымға әкелуі және, белгілі бір жағдайларда, принтердің қате жұмыс істеуіне әкелуі мүмкін. Түпнұсқалық емес сия деңгейлері туралы ақпарат көрсетілмеуі мүмкін және түпнұсқалық емес сияны пайдалану сервис орталығында ықтимал пайдалану үшін жазылмайды.

1


Принтер қосулы болуы керек.

Техникалық қызмет көрсету

- 2** Картридж қақпағын ашыңыз.




- 3** Саусақты сия картриджінің жоғарғы жағындағы шығыңқы жерге салып, түзу тартып шығарыңыз.



! Маңызды:
Алып тасталған сия картридждерінде сия беру портының айналасында сия болуы мүмкін, сондықтан картридждерді алған кезде айналасындағы аймаққа сия төгіп алмаңыз.


- 4** Жаңа сия картриджін пакеттен шығарыңыз. Сия картриджін 10 секунд бойы 30 рет, көлденеңінен, шамамен 5 см қозғалыстармен суретте көрсетілгендей шайқаңыз.



! Маңызды:
Сия картридждеріндегі IC чиптерін ұстамаңыз. Дұрыс басып шығара алмауыңыз мүмкін.

- 5** Картриджді жапсырмасын сыртқа қаратып ұстап, тесікке соңына дейін сырғытыңыз.


Картридж түсін принтердегі жапсырманың түсіне сәйкестендіріңіз.



Басқа сия картридждерін ауыстыру үшін 3–5 қадамдарын қайталаңыз.

! Маңызды:
Әр ұяшыққа барлық сия картридждерін орнатыңыз. Ұяшықтардың біреуі бос болса, басып шығара алмайсыз.

- 6** Картридж қақпағын жабыңыз.




! Маңызды:
Баспа сапасын қамтамасыз ету үшін орнатылған сия картридждерін үш айда бір рет алу және шайқау ұсынылады.

Техникалық қызмет көрсету

Maintenance Boxes (Памперс) ауыстыру

Егер **No Enough Space** хабары көрсетілсе, көрсетілген Maintenance Box (Памперс) ауыстырыңыз.

Қолдау көрсетілетін Maintenance Boxes (Памперс)

 "Параметрлер және тұтынылатын өнімдер" бетте 234

! Маңызды:

Алынған және ұзақ уақыт бойы ашық ауада қалдырылған техникалық қызмет көрсету қораптарын қайта пайдаланбаңыз. Ішіндегі сия құрғайды және қатады, сөйтіп жеткілікті сияны сіңіре алмайды.


Ауыстыру жолы

Принтердің кейбір үлгілерінде сол жағында да, оң жағында да Maintenance Boxes (Памперс) бар, бірақ барлық жағдайда қораптарды ауыстыру процедурасы бірдей болады.

! Маңызды:


Басып шығару кезінде Maintenance Box (Памперс) ауыстырмаңыз. Қалдық сия ағуы мүмкін.

- 1 Техникалық қызмет көрсету қорабының қақпағын ашыңыз.




- 2 Maintenance Box (Памперс) тартып шығарыңыз.


Maintenance Box (Памперс) жоғары көтеру құлыпты ашады және оны оңай түзу тартып шығаруға болады.



- 3 Пайдаланылған Maintenance Box (Памперс) Maintenance Box (Памперс) бірге қамтылған таза пакетке салыңыз және сыдырма ілгек тығыз жабылғанын тексеріңіз.



- 4 Жаңа Maintenance Box (Памперс) орнатыңыз.



! Маңызды:

Maintenance Box (Памперс) ішіндегі IC чипіне тимеңіз.

Бұлау істеу қалыпты пайдалануды және басып шығаруды мүмкін емес етуі мүмкін.


Техникалық қызмет көрсету

- 5** Техникалық қызмет көрсету қорабының қақпағын жабыңыз.

Кескішті ауыстыру

Қағазды дұрыс кеспесе, кескішті ауыстырыңыз.

Қолдау көрсетілетін кескіш

 ["Параметрлер және тұтынылатын өнімдер" бетте 234](#)

Кескішті ауыстыру үшін айқас бұрауышты пайдаланыңыз. Кескішті ауыстыру алдында айқас бұрауыш бар екенін тексеріңіз.

! **Маңызды:**

Кескіштің жүзін зақымдап алмаңыз. Оны түсіріп алу немесе қатты заттарға соғу жүздің сынуына әкелуі мүмкін.

- 3** ▼/▲ түймелерін басып **Cutter Maintenance** тармағын таңдаңыз да, OK түймесін басыңыз.

- 4** ▼/▲ түймелерін басып **Replace Cutter** параметрін бөлектеңіз және OK түймесін басыңыз.

- 5** Кескіш ауыстыру орнына жылжиды.


- 6** Ескі кескішті принтерден алыңыз.

Айқас бұрауышты пайдаланып кескішті орнында ұстап тұрған бұранданы босатыңыз және кескішті түзу тартып шығарыңыз.


! **Сақтандыру:**

Кескішті балалар жететін жерде сақтамаңыз. Кескіштің жүзі жарақат тигізуі мүмкін. Кескішті ауыстыру кезінде мұқият болыңыз.

Келесі параметрлерде пайдаланылатын түймелер




- 1** Принтерден қағазды алыңыз.

 ["Қағаз орамын алу немесе 1-орам" бетте 43](#)


 ["Кесілген парақтарды алу" бетте 48](#)

 ["Постер тақтасын алу" бетте 51](#)

- 2** Принтер басып шығаруға дайын екенін тексеріңіз. ◀/▶ түймелерін басып,  параметрін таңдап, OK түймесін басыңыз.

Maintenance мәзірі көрсетіледі.

Техникалық қызмет көрсету




7 Жаңа кескішті орнатыңыз.

Кескішті принтердегі істік кескіштегі тесікке сай келетіндей салыңыз. Айқас бұрауышты пайдаланып кескішті орнында ұстайтын бұранданы бекемдеңіз.



Маңызды:

Кескішті бұрандамен берік бекітіңіз, әйтпесе кескі орны аздап ауытқуы немесе қисаюы мүмкін.



8

Кескішті ауыстырғаннан кейін ОК түймесін басыңыз.

Кескіш бастапқы орнына оралады.

Процесс аяқталғанда басқару тақтасында **Ready** хабары көрсетіледі.

Техникалық қызмет көрсету


Принтерді тазалау

Принтерді оңтайлы жұмыс күйінде ұстау үшін жүйелі түрде тазалап тұрыңыз (шамамен айына бір рет).

Сыртын тазалау

- 1 Принтерден қағазды алыңыз.
- 2 Принтердің және экранның өшірулі екенін тексеріңіз және қуат кабелін розеткадан суырыңыз.
- 3 Кез келген шаңды немесе кірді кетіру үшін жұмсақ, таза шүберекті пайдаланыңыз.

Әсіресе, шаң жиналмауы үшін артын және бүйірлерін тазалаңыз. (Төмендегі суретте Adobe PostScript 3 кеңейту бөлігі жалғанған кездегі принтер көрсетілген.)



Егер қатты кір мәселесі бар болса, оны жұмсақ, таза, орташа жуғыш затқа малынған шүберекпен тазалаңыз. Содан кейін оны құрғақ, жұмсақ шүберекпен сүртіңіз.



Маңызды:

Принтерді тазалау үшін ешқашан бензинді, сұйылтқыштарды немесе алкогольді пайдаланбаңыз. Бұл түссізденуге және пішіннің өзгеруіне әкелуі мүмкін.

Ішін тазалау

Егер басылған материалдар жағылған немесе лас болс, қысым роликтерін тазалаңыз.

Білікшеге жабысқан сияны және қағаз бөлшектерін кетіру керек, өйткені олар қағазды ластауы мүмкін.



Маңызды:



Білікшеден шаңды және қағаз бөлшектерін кетірмеу бітелген саңылауларға әкелуі немесе басып шығару механизмін зақымдауы мүмкін.


Роликті тазалау

Кәдімгі қағазды беру арқылы роликті тазалау үшін төмендегі қадамдарды орындаңыз.

- 1 Принтерді қосыңыз және оған кеңдігі ең үлкен қол жетімді қағаз орамын жүктеңіз.

 ["Қағаз орамын жүктеу және алу" бетте 35](#)

- 2  түймесін, содан кейін  түймесін басыңыз.

Қағаз  түймесі басулы кезде беріледі. Егер қағаз ласталмаған болса, тазалау аяқталғаны.

Тазалау аяқталғаннан кейін қағазды кесіңіз.

 ["Қолмен кесу әдісі" бетте 42](#)


Принтердің ішін тазалау

- 1 Принтер өшірулі және экран өшірулі екенін тексеріңіз, содан кейін розеткадан қуат кабелін ажыратыңыз.
- 2 Принтерді бір минутқа қалдырыңыз.

Техникалық қызмет көрсету

- 3** Принтердің қақпағын ашыңыз және принтер ішіндегі кез келген шаңды немесе кірді мұқият тазалау үшін жұмсақ, таза шүберекті пайдаланыңыз.


Төмендегі суретте көк түспен көрсетілген аумақты (а) мұқият тазалаңыз. Кірді таратуды болдырмау үшін ішінен сыртына қарай сүртіңіз. Егер қатты кір мәселесі бар болса, оны жұмсақ, таза, орташа жуғыш затқа малынған шүберекпен тазалаңыз. Содан кейін принтердің ішін құрғақ, жұмсақ шүберекпен сүртіңіз.



! Маңызды:

- ❑ Тазалау кезінде роликке немесе сияны сіңіретін аумақтарға (b, сұр түспен көрсетілген) тимеңіз, өйткені басылған материалдар ласталуы мүмкін.
- ❑ Принтер ішіндегі сия түтіктеріне тимеңіз, әйтпесе принтер зақымдалуы мүмкін.

- 4** Егер білікшеде қандай да қағаз бөлшектері (ақ ұнтақ сияқты болып көрінетін) жиналса, оны кіргізу үшін коктейль таяқшасы сияқты бірдеңені пайдаланыңыз.



- 5** Тазалауды аяқтағаннан кейін принтер қақпағын жабыңыз.

Техникалық қызмет көрсету

MFP сканерін (опция) тазалау

Егер сканердің шыны бетін немесе роликтерін шаң басқан болса немесе оларға дақ түскен болса, көшіру нәтижелерінде және сканерленген кескіндерде қалаусыз жолақтар және сызықтар пайда болуы мүмкін.


Тазалаудан кейін мәселе әлі шешілмеген деп ойласаңыз, калибрлеуді орындаңыз.

 "Калибрлеу" бетте 231

1 Принтердің және экранның өшірулі екенін тексеріңіз және қуат кабелін розеткадан суырыңыз.

2 Сканер қақпағын ашыңыз.

Қақпақтың екі соңындағы құлыптау тұтқаларын жоғары итеріп, құлыптарды босатыңыз және қақпақты ашыңыз.




3 Шыны бетті тазалаңыз.

(1) Екі түксіз, таза шүберектерді дайындаңыз.

Бір шүберекке шыны тазалағышты жағыңыз, содан кейін оны пайдаланып шыны бетті сүртіңіз.


Жолақтар қалдырмайтын бейтарап шыны тазалағышты пайдаланыңыз.




(2) Екінші шүберекпен бүкіл қалған шыны тазалағышты сүртіп алыңыз.

4 Тікелей шыны беттің астындағы роликті тазалаңыз.

Түксіз, таза шүберекке кеңседе пайдаланылатын сұйық тазалағышты жағыңыз да, ролик бетін сүртіп алыңыз. Алдындағы жүктеу ролигін бұрай отырып, роликті жақсылап сүртіңіз.



5 Сканер қақпағын шырт еткен дыбысты естігенше жабыңыз.



Мәселені шешу

Мәселені шешу

Хабар көрсетілгенде не істеу керек




Егер хабар төменде көрсетілген хабарлардың біреуін көрсетсе, тізімдегі шешімді қараңыз және қажет қадамдарды орындаңыз.

Хабарлар	Не істеу керек
Ink Cartridge Error Ink cartridge cannot be recognized. Insert again or replace ink cartridge.	<ul style="list-style-type: none"> ❑ Сия картриджін алыңыз және қайта салыңыз. Егер хабар көрсетіле берсе, жаңа сия картриджін салыңыз (қатені тудырған картриджді қайта орнатпаңыз). ☞ “Ауыстыру жолы” бетте 205
Ink Cartridge Error Ink cartridge cannot be detected. Insert again or replace ink cartridge.	<ul style="list-style-type: none"> ❑ Сия картриджінде конденсат пайда болуы мүмкін. Сия картриджін орнатпай тұрып оны бөлме температурасында кемінде төрт сағатқа қалдырыңыз. ☞ “Сия картридждерін пайдалану туралы ескертпелер” бетте 26
Ink Cartridge Error Please install the correct ink cartridge.	<p>Принтерде пайдалануға бекітілген түпнұсқалық Epson сия картриджін салыңыз.</p> <p>☞ “Параметрлер және тұтынылатын өнімдер” бетте 234</p> <p>☞ “Сия картридждерін ауыстыру” бетте 205</p>
Ink Low	<p>Сия деңгейі төмен. Жаңа сия картриджін дайындаңыз.</p> <p>☞ “Параметрлер және тұтынылатын өнімдер” бетте 234</p>
Paper Load Error Paper from Roll 1 cannot be detected.	<p>Қарастырылып отырған қағаз орамын алыңыз да, қайта жүктеңіз.</p> <p>Қағазды ысыру алдында қағаз орамының жиегін түзу, көлденеңінен кесіңіз. Бұдыр немесе бүгілген бөліктерді кесіңіз.</p> <p>Егер жиекте мәселе бар болса, қағазды автоматты түрде жүктеу қатесі орын алады.</p>
Paper Load Error Paper from Roll 2 cannot be detected.	
F/W Install Error Firmware update failed. Restart the printer.	<p>Принтерді өшіріңіз, бірнеше минут күтіңіз, содан кейін принтерді қайта қосыңыз.</p> <p>Микробағдарламаны қайтадан жаңартыңыз.</p> <p>Егер соы хабар СҚД панелінде қайтадан пайда болса, дилерге немесе Epson қолдау орталығына хабарласыңыз.</p>
Command Error Check driver settings.	<p>⏏ түймесін басыңыз және басып шығаруды тоқтату үшін Job Cancel пәрменін таңдаңыз. Пайдаланып жатқан принтер драйвері осы принтерді қолдайтынын тексеріңіз.</p>
Reel Unit Error Check Auto Take-up Reel Unit and restart printer.	<p>Принтерді өшіріңіз, бірнеше минут күтіңіз, содан кейін принтерді қайта қосыңыз.</p> <p>Егер осы хабар СҚД панелінде қайтадан пайда болса, дилерге немесе Epson қолдау орталығына хабарласыңыз.</p>





Мәселені шешу

Хабарлар	Не істеу керек
Reel Unit Error Connect Auto Take-up Reel Unit cable and restart printer.	Кабельді қайта жалғау, автоматты алу катушкасын принтерге жалғаудан кейін принтерді өшіріп, қайтадан қосыңыз. ☞ Қосымша автоматты алу катушкасымен бірге қамтамасыз етілген <i>Орнату нұсқаулығы</i> .
Reel Unit Disconnected Auto Take-up Reel Unit is disconnected. Do you continue?	Автоматты түрде алу катушкасы жалғанбаған. Кабельді қайта жалғау, автоматты алу катушкасын принтерге жалғаудан кейін принтерді өшіру үшін No пәрменін таңдаңыз. Қысқа кідірістен кейін принтерді қайта қосыңыз. ☞ Қосымша автоматты алу катушкасымен бірге қамтамасыз етілген <i>Орнату нұсқаулығы</i> . Автоматты түрде алу катушкасын пайдаланбастан басып шығаруды жалғастыру үшін Yes пәрменін таңдаңыз.
Take-Up Error Is anything obstructing the take-up reel sensor system?	Алу катушкасының датчигін тексеру және кез келген кедергілерді алудан кейін ОК түймесін басыңыз. Егер алу катушкасы өзегінің айналасында бос қағаз болса, Auto қосқышын Off күйіне орнатыңыз және бастықты Manual түймесін алу бағытында басып тұрыңыз. Қағаз дұрыс бекітілгенін тексеруден кейін Auto қосқышын бастапқы орнына қайтарыңыз және ОК түймесін басыңыз. ☞ "Автоматты түрде алу катушкасын пайдалану (SC-T7200 Series ғана)" бетте 61
HDD Error HDD used for another printer needs to be formatted. Continue?	Басқа құрылғыларға жалғанған қосымша қатты дискілерді және Adobe PostScript 3 кеңейту бөліктерін осы принтерге жалғағаннан кейін пішімдеу керек. Пішімдегенше дискіні пайдалану мүмкін емес.
Storage Error Check if hard disk unit is correctly installed.	⏏ түймесін басыңыз және басып шығаруды тоқтату үшін Job Cancel пәрменін таңдаңыз. Қосымша қатты дискіні немесе Adobe PostScript 3 кеңейту бөлігін алып, қайта жалғаңыз. Егер соы хабар СКД панелінде қайтадан пайда болса, дилерге немесе Epson қолдау орталығына хабарласыңыз. Принтерде қамтылған принтер драйвері арқылы басып шығарып жатсаңыз, принтер драйверінде Advanced қойындысын таңдап, Hard Disk Unit Settings диалогтық терезесін ашсаңыз және Print only параметрін таңдасаңыз, қатты дискінің күйіне қарамастан басып шығара аласыз. Adobe PostScript 3 кеңейту бөлігі жалғанған болса, PS драйвері арқылы басып шығару мүмкін емес.
Paper Cut Error Remove uncut paper.	ОК түймесін басқаннан кейін қағазды шығарыңыз және сәтсіз болған кесу сызығының бойымен қайшыны немесе үшінші тарап кескішін пайдаланып кесіңіз. Қағаздың жиегін принтерден түзу сыртқа тартыңыз.
Data Size Error Data size of print job is too large. Check on print job.	Қосымша қатты диск немесе Adobe PostScript 3 кеңейту бөлігі өлшемі 100 ГБ дейін баспа тапсырмаларын сақтай алады. Үлкенірек тапсырмаларды басып шығару үшін принтер драйверінде Advanced қойындысын таңдаңыз, Hard Disk Unit Settings диалогтық терезесін ашыңыз және Print only параметрін таңдаңыз; я болмаса, баспа тапсырмаларының өлшемі 100 ГБ-тан азырақ екенін тексеріңіз.
HDD Store Error Hard disk does not have enough space. See documentation for how to delete stored print jobs.	Қажет емес тапсырмаларды Remote Manager немесе LFP HDD Utility ішінен жоюға болады. ☞ "Қосымша қатты дискіне сақтау және одан қайта басып шығару" бетте 79






Мәселені шешу

Хабарлар	Не істеу керек
HDD Boot Error Hard disk error. Hard disk cannot be used.	Басқару тақтасынан қатені тазалау үшін ОК түймесін басыңыз. Принтерде қамтылған принтер драйвері арқылы басып шығарып жатсаңыз, Hard Disk Unit Settings диалогтық терезесінде Print only параметрін таңдасаңыз, қатты диск күйіне қарамастан басып шығара аласыз. Adobe PostScript 3 кеңейту бөлігі жалғанған болса, PS драйвері арқылы басып шығару мүмкін емес. Егер соы хабар СҚД панелінде қайтадан пайда болса, дилерге немесе Epson қолдау орталығына хабарласыңыз.
Checking hard disk	Қатты дискінің қосымша бөлігінде немесе Adobe PostScript 3 Expansion Unit (бұдан әрі қатты диск) сақталған деректер тексеріледі. Егер тексеру нәтижесі деректерді қайта қалпына келтіру қажет деп көрсетсе, қайта қалпына келтіру келесі болып орындалады. Қайта қалпына келтіру 20 минуттан көп уақытты алуы мүмкін. Егер қайта қалпына келтіру аяқталса, бастау аяқталды. Егер деректі қайта қалпына келтір мүмкін болмаса, қатты дискінің форматтау мәзірі шығады. Егер қатты диск форматталған болса, қатты диск қайта қолданыла алатын болады. Егер сіз мәзірден қатты дискіні форматтамай шығып кетсеңіз, онда тек қана қатты дискіні қажет етпейтін басып шығаруға ғана болады.
Copy Error Can not start copy with this printer setting. Refer to manual for details.	Setup мәзірінде Paper Size Check үшін Off күйі таңдалған болса, принтер ағымдағы қағаздың өлшемін анықтай алмайды және үлкейтілген көшірмелерді жасай алмайды. In the Setup мәзірінде Paper Size Check параметрін On күйіне орнатыңыз да, қағазды қайта жүктеңіз. Өзгертілген параметрлер қағаз қайта жүктелгеннен кейін қолданылады. Мәзір элементтерін ғана өзгертсеңіз, олар қолданылмайтынын ескеріңіз.  "Setup мәзірі" бетте 172
Scanner Error Refer to manual for details.	<input type="checkbox"/> A3/A4 сканерін тасымалдау құлпын босатыңыз, сөйтіп принтерді және сканерді өшіріп, қайта қосыңыз. <input type="checkbox"/> Құрылғыларды бірнеше рет қосып, өшіріңіз. Хабар енді көрсетілмеген кезде сканерді пайдалануға болады. Егер осы хабар СҚД панелінде қайтадан пайда болса, дилерге немесе Epson қолдау орталығына хабарласыңыз.
Held Jobs Limit Held job queue full.	Ұсталған тапсырмалардың саны 200-ге жетті. ОК түймесін басып, Resume All Jobs пәрменін таңдаңыз.  "Функция туралы жиынтық мәліметтер" бетте 79
Paper Size Error Loaded paper is not supported size.	Жүктелген қағаз еніне қолдау көрсетілмейді. ОК түймесін басып, қағазды алыңыз. Принтерде пайдаланылатын қағаздың ені кемінде 254 мм болуы керек. Ені кемінде 254 мм қағазды пайдаланыңыз. Принтерде пайдалануға болатын ені бар қағазда осы хабар көрсетілсе, Setup мәзірінде Paper Size Check үшін Off күйін таңдасаңыз, басып шығару мүмкін болады. Өзгертілген параметрлер қағаз қайта жүктелгеннен кейін қолданылады. Мәзір элементтерін ғана өзгертсеңіз, олар қолданылмайтынын ескеріңіз.  "Setup мәзірі" бетте 172

Мәселені шешу

Хабарлар	Не істеу керек
<p>Paper Sensor Error Loaded paper or print out has a problem. Refer to manual for details.</p>	<p>Басқару тақтасынан қатені тазалау үшін  түймесін басыңыз.</p> <p>Егер осы қате автоматты түрде басып шығару механизмін туралау кезінде көрсетілсе, мыналарды тексеріңіз.</p> <ul style="list-style-type: none"> <input type="checkbox"/> Қағаз автоматты түрде басып шығару механизмін туралауды қолдайды ма? Басып шығару механизмін туралау мөлдір немесе түсті баспа материалында, көшіру қағазында, автоматты түрде басып шығару механизмін туралау функциясын қолдамайтын қағазда немесе қалыңдығы 1,0 мм немесе одан көбірек қағазда қол жетімді емес. Автоматты түрде басып шығару механизмін туралауды қолдайтын қағаз түрлері туралы келесі ақпаратты қараңыз. 🔗 "Epson арнайы баспа материалдарының кестесі" бетте 236 <input type="checkbox"/> Сыртқы жарық көздері процеске кедергі келтіруде ме? Егер принтерге тік күн сәулесі немесе оптикалық кедергі тудыратын басқа жарық көзі әсер етсе, принтерді бұл көздерден көлеңкелеңіз. <input type="checkbox"/> Platen Gap және Less Head Scuffing екеуі де үшін әдепкі мәндер таңдалған ба? Элементтердің екеуінің де әдепкі мәндерін қалпына келтіріңіз. <input type="checkbox"/> Басып шығару механизмінің кейбір саңылаулары бітелген бе? Басып шығару механизмін тазалауды орындаңыз. 🔗 "Head Cleaning" бетте 201 <p>Егер осы қате жоғарыда тізілгеннен басқа жағдайларда көрсетілсе, принтер ағымдағы қағазды қолдайтынын тексеріңіз.</p>
<p>Roll Setting Error Specified roll paper is not loaded. Continue to print with paper currently loaded?</p>	<p>Принтер драйверінің Source параметрінде жүктелмеген қағаз орамы таңдалған.</p> <p>Егер ОК түймесі басылса, принтер жүктелген қағаз орамын пайдаланып басып шығаруға мәжбүр болады.</p> <p> түймесін бассаңыз, қағазды жүктеуге болады.</p>
<p>Paper Type Error Cannot switch to specified roll paper because paper type is different. Continue to print with paper currently loaded?</p>	<p>Принтер драйверінің Media Type параметрі және принтерде жүктелген қағаз орамының қағаз түрі әр түрлі.</p> <p>ОК түймесі басылса, принтер қазіргі уақытта пайдаланылып жатқан қағаз орамына басып шығарады.</p> <p> түймесін бассаңыз, қағазды ауыстыруға болады.</p> <p>Басқа түрге жататын болса да қағаз орамын ауыстырғыңыз келсе, Setup мәзірін ашыңыз, содан кейін Roll Switch Condition астында Paper Type параметрін Disable күйіне өзгертіңіз. 🔗 "Setup мәзірі" бетте 172</p>
<p>Paper Width Error Cannot switch to specified roll paper because paper width is different. Continue to print with paper currently loaded?</p>	<p>Принтер драйверінің Source параметрі және принтерде жүктелген қағаз орамының ені әр түрлі.</p> <p>ОК түймесі басылса, принтер қазіргі уақытта пайдаланылып жатқан қағаз орамына басып шығарады.</p> <p> түймесін бассаңыз, қағазды ауыстыруға болады.</p> <p>Қағаз ені басқа болса да қағаз орамын ауыстырғыңыз келсе, Setup мәзірін ашыңыз, содан кейін Roll Switch Condition астында Paper Width параметрін Width Match дегеннен басқа параметрге орнатыңыз. 🔗 "Setup мәзірі" бетте 172</p>

Мәселені шешу

Хабарлар	Не істеу керек
<p>Paper Length Error Insufficient remaining amount in specified roll paper. Continue to print with paper currently loaded?</p>	<p>1-орамда және 2-орамда жүктелген қағаз орамының қалған мөлшері басып шығару ұзындығынан қысқарақ, сондықтан қағаз орамын ауыстыру мүмкін емес.</p> <p>ОК түймесі басылса, принтер қазіргі уақытта пайдаланылып жатқан қағаз орамына басып шығарады.</p> <p> түймесін бассаңыз, қағазды ауыстыруға болады.</p> <p>Қағаз орамының қалған мөлшері басқа болса да басып шығарғыңыз келсе, Setup мәзірін ашыңыз, содан кейін Roll Switch Condition астында Paper Length параметрін Print Length дегеннен басқа параметрге өзгертіңіз.</p> <p> "Setup мәзірі" бетте 172</p>
<p>Roll Switch Error Cannot switch roll paper automatically. Check printer settings. Continue to print with paper currently loaded?</p>	<p>Setup мәзіріндегі төмендегі параметрлердің біреуі келесідей орнатылған болса, қағаз орамы автоматты түрде ауыстырылмайды.</p> <ul style="list-style-type: none"> <input type="checkbox"/> Auto Cut параметрі Off күйінде. <input type="checkbox"/> Auto Loading параметрі Off күйінде. <p>ОК түймесі басылса, принтер қазіргі уақытта пайдаланылып жатқан қағаз орамына басып шығарады.</p> <p> түймесін бассаңыз, қағазды ауыстыруға болады.</p> <p>Қағаз орамын автоматты түрде ауыстыруды қосу үшін жоғарыдағы параметрлердің екеуін де On күйіне өзгертіңіз.</p> <p> "Setup мәзірі" бетте 172</p>
<p>Firmware Error Firmware mismatch between PS3 Expansion Unit and printer. Refer to manual for details.</p>	<p>Бұл әрекет мүмкін емес, өйткені қосымша Adobe PostScript 3 кеңейту бөлігі микробағдарламасының нұсқасы мен принтер микробағдарламасының нұсқасы үйлесімді емес.</p> <p>Екеуін де соңғы микробағдарламаға дейін жаңартыңыз.</p> <p>Соңғы микробағдарламаны Epson веб-сайтынан жүктеуге болады.</p>
<p>Information Cannot start copy because non-supported media is loaded. Refer to manual for details.</p>	<p>Үлкен көшіруді/үлкен сканерлеуді қолдайтын қағазды жүктеңіз де, файлды қайтадан көшіріңіз/сканерлеңіз.</p> <p>Үлкен көшіруді/үлкен сканерлеуді қолдайтын қағазды төменнен қараңыз.</p> <p> "Epson арнайы баспа материалдарының кестесі" бетте 236</p>
<p>Information Cannot send file. Refer to manual for details.</p>	<p>Үлкен сканерлеу кескін файлын ортақ қалтаға көшіруге немесе жіберугі тырыссаңыз және осы хабар пайда болса, мыналарды тексеріңіз.</p> <ul style="list-style-type: none"> <input type="checkbox"/> Қалтаның жолы, пайдаланушы аты және құпия сөз Copy Manager ортақ қалтасының мекенжайы параметрінде дұрыс реттелген бе? <input type="checkbox"/> Сақтау/тасымалдау мақсатты қалтасында атауы бірдей файл әлдеқашан бар ма? <input type="checkbox"/> Сақтау қалтасында/мақсатты қалтада жеткілікті бос орын бар ма? <p>Электрондық хабар жіберуге тырыссаңыз және осы хабар пайда болса, желі әкімшісінен электрондық пошта параметрлері дұрыс теңшелген бе, сол туралы сұраңыз.</p>
<p>Information Cannot receive mail. Refer to manual for details.</p>	<p>Желі әкімшісінен электрондық пошта параметрлері дұрыс теңшелген бе, сол туралы сұраңыз.</p>

Мәселені шешу

Хабарлар	Не істеу керек
Information Folder setting has not been made. Configure folder setting with Remote Manager.	Use Remote Manager to configure the shared folder settings in advance and then perform Print From Folder. 📄 “Мына функцияны қолдануға дайындалу: Print From Folder” бетте 98

Техникалық қызмет көрсету/қызмет көрсету орталығына қоңырау шалу қажет болатын жағдай

Қате туралы хабарлар	Не істеу керек
Maintenance Request Replace Part Now/Soon XXXXXXXXX	Принтерде пайдаланылатын бөлшектің қызмет көрсету мерзімі аяқталуда. Дилерге немесе Epson қолдау орталығына хабарласып, техникалық қызмет көрсетуді сұрау кодын айтыңыз. Бөлшекті ауыстырғанша техникалық қызмет көрсетуді сұрауды тазалау мүмкін емес. Қызмет көрсету орталығына қоңырау шалу принтерді пайдалануды жалғастырсаңыз орын алады.
Call For Service XXXX Error XXXX Power off and then on. If this doesn't work, note the code and call for service.	Қызмет көрсету орталығына қоңырау шалу орын алады: <input type="checkbox"/> Қуат кабелі дұрыс жалғанбаған <input type="checkbox"/> Тазалау мүмкін емес қате орын алады Қызмет көрсету орталығына қоңырау шалынғанда, принтер басып шығаруды автоматты түрде тоқтатады. Принтерді өшіріңіз, қуат кабелін розеткадан ажыратыңыз және принтердегі айнымалы ток кірісін ажыратыңыз, содан кейін қайта жалғаңыз. Принтерді бірнеше рет қайта қосыңыз. Егер СҚД панелінде дәл сол қызмет көрсету орталығына қоңырау шалу көрсетілсе, көмек алу үшін дилерге немесе Epson қолдау көрсету орталығына хабарласыңыз. Оларға қызмет көрсетуге шақыру коды “XXXX” екенін айтыңыз.

Мәселені шешу

Ақаулықтарды жою

Басып шығару мүмкін емес (өйткені принтер жұмыс істемейді)

Принтер қосылмайды

- **Қуат кабелі розеткаға немесе принтерге жалғанған ба?**
Қуат кабелі принтерге берік жалғанғанын тексеріңіз.

- **Розеткада ақау бар ма?**
Қуат кабелін басқа электр өніміне жалғау арқылы розетка жұмыс істейтінін тексеріңіз.

Принтер автоматты түрде өшеді

- **Power Off Timer қосылған ба?**
Принтердің автоматты түрде өшуін болдырмау үшін **Off** күйін таңдаңыз.
["Setup мәзірі" бетте 172](#)

Принтер драйвері дұрыстап орнатылмаған (Windows)

- **Осы принтердің белгішесі Devices and Printers (Құрылғылар мен принтерлер)/Printer (Принтер)/Printers and Faxes (Принтерлер мен факстар) қалтасында көрсетілген бе?**
 - Иә
Принтер драйвері орнатылған. Келесі бетте "Принтер компьютерге дұрыс жалғанбаған" бөлімін қараңыз.
 - Жоқ
Принтер драйвері орнатылмаған. Принтер драйверін орнатыңыз.

- **Принтер портының параметрі принтердің жалғау портына сәйкес пе?**

Принтердің портын тексеріңіз.

Принтердің Properties (Сипаттар) диалогтық терезесінде **Port (Порт)** қойындысын басыңыз және **Print to following port(s) (Келесі порттарға басып шығару)** үшін таңдалған параметрді тексеріңіз.

- USB: **USB xxx** (x порт нөмірін білдіреді) USB арқылы жалғауға арналған
- Желі: желілік қосылымның дұрыс IP мекенжайы

Егер ол көрсетілмеген болса, принтер драйвері дұрыс орнатылмаған. Принтер драйверін жойып, қайта орнатыңыз.

["Принтер драйверін жою" бетте 149](#)

Принтер драйвері дұрыс орнатылмаған (Mac OS X)

- **Принтер принтерлер тізіміне қосылған ба?**
Apple мәзірінен **System Preferences (Жүйе теңшелімдері) > Print & Scan (Басып шығару және сканерлеу)** (немесе **Print & Fax (Басып шығару және факс)**) тармағын таңдаңыз.

Принтер атауы көрсетілмесе, принтерді қосыңыз.

Принтер компьютермен байланыспайды

- **Кабель дұрыс жалғанған ба?**
Интерфейстік кабель принтер портына да, компьютерге де берік жалғанғанын тексеріңіз. Сондай-ақ, кабель бүлінбегенін немесе майыспағанын тексеріңіз. Егер қосалқы кабель бар болса, қосалқы кабель көмегімен жалғап көріңіз.

- **Интерфейстік кабельдің техникалық сипаттамалары компьютер үшін техникалық сипаттамаларға сәйкес келе ме?**

Интерфейстік кабельдің техникалық сипаттамалары принтердің және компьютердің техникалық сипаттамаларына сәйкес екенін тексеріңіз.

["Жүйе талаптары" бетте 249](#)

Мәселені шешу

- **USB хабын пайдаланғанда ол дұрыс пайдаланылып жатыр ма?**
USB техникалық сипаттамаларында беске дейін USB хабтарының тізбегін пайдалануға болады. Бірақ, принтерді компьютерге жалғанған бірінші хабқа жалғау ұсынылады. Пайдаланып жатқан хабқа байланысты принтердің жұмысы тұрақсыз болып кетуі мүмкін. Бұл орын алса, USB кабелін компьютердің USB портына тікелей жалғаңыз.



- **USB хабы дұрыс таныла ма?**
USB хабы компьютерде дұрыс танылатынын тексеріңіз. Егер компьютер USB хабын дұрыс анықтаса, бүкіл USB хабтарын компьютерден ажыратыңыз және принтерді тікелей компьютердің USB портына жалғаңыз. USB хабының өндірушісінен USB хабын пайдалану туралы сұраңыз.

Желілік ортада басып шығару мүмкін емес

- **Желілік параметрлер дұрыс па?**
Желі әкімшісінен желілік параметрлерді сұраңыз.

- **Принтерді USB кабелі арқылы компьютерге тікелей жалғаңыз, содан кейін басып шығаруды орындап көріңіз.**
Егер USB арқылы басып шығара алсаңыз, желілік параметрлерде ақау бар. Жүйе әкімшісінен сұраңыз немесе желілік жүйеңізге арналған нұсқаулықты қараңыз. Егер USB арқылы басып шығару мүмкін болмаса, осы пайдаланушы нұсқаулығының тиісті бөлімін қараңыз.

Принтерде қате бар

- **Басқару тақтасында көрсетілген хабарды көріңіз.**
 ["Басқару тақтасы" бетте 16](#)
 ["Хабар көрсетілгенде не істеу керек" бетте 213](#)

Принтер басып шығаруды тоқтатады

- **Басып шығару кезегінің күйі Pause (Кідірту) ме? (Windows)**
Егер басып шығаруды тоқтатсаңыз немесе принтер қатеге байланысты басып шығаруды тоқтатса, басып шығару кезегі **Pause (Кідірту)** күйіне енеді. Бұл күйде басып шығару мүмкін емес.
Devices and Printers (Құрылғылар мен принтерлер), Printers (Принтерлер) немесе **Printers and Faxes (Принтерлер мен факстар)** қалтасында принтердің белгішесін екі рет басыңыз; басып шығару кідірілсе, **Printer (Принтер)** мәзірін ашыңыз және **Pause (Кідірту)** құсбелгісін алыңыз.

- **Ағымдағы принтердің күйі Printing Paused (Басып шығару кідірілген) (Mac OS X) күйін көрсетеді ме?**
Принтердің күй диалогтық терезесін ашыңыз және басып шығару кідірілген бе, соны тексеріңіз.
(1) **Apple** мәзірінен **System Preferences (Жүйе теңшелімдері) > Print & Scan (Басып шығару және сканерлеу)** (немесе **Print & Fax (Басып шығару және факс)) > Open Print Queue (Басу кезегін ашу)** тармағын таңдаңыз.
(2) **Paused (Кідірілген)** күйіндегі кез келген принтердің белгішесін екі рет басыңыз.
(3) **Resume Printer (Принтердің жұмысын жалғастыру)** түймесін басыңыз.

Мәселені шешу

Мәселе мұнда тізімделмеген

■ **Мәселені принтер драйвері немесе қолданба тудырғанын анықтаңыз. (Windows)**

Принтер мен компьютер арасындағы қосылым дұрыс екенін және принтер драйверінің параметрлері дұрыс екенін тексеру үшін принтерден сынақ басып шығаруды орындаңыз.

(1) Принтер қосулы және дайын күйде екенін тексеріп, өлшемі A4 немесе одан үлкенірек қағазды жүктеңіз.

(2) **Devices and Printers (Құрылғылар мен принтерлер), Printers (Принтерлер)** немесе **Printers and Faxes (Принтерлер мен факстар)** қалтасын ашыңыз.

(3) Мақсатты принтердің белгішесін тінтуірдің оң жақ түймесімен басып, **Properties (Сипаттар)** тармағын таңдаңыз.

(4) Properties (Сипаттар) диалогтық терезесінде **General (Жалпы)** қойындысын таңдаңыз және **Print Test Page (Басып шығару сынағы)** параметрін таңдаңыз.

Біраздан кейін принтер сынақ бетті басып шығаруды бастайды.

- ❑ Егер сынақ бет дұрыс басылса, принтер мен компьютер арасындағы қосылым дұрыс. Келесі бөлімге өтіңіз.
- ❑ Егер сынақ бет дұрыс басылмаса, жоғарыдағы элементтерді қайтадан тексеріңіз.

[🔗 “Басып шығару мүмкін емес \(өйткені принтер жұмыс істемейді\)” бетте 219](#)

Сынақ бетте көрсетілетін драйвер нұсқасы — Windows ішкі драйверінің нұсқа нөмірі. Бұл орнатқан Epson принтер драйверінен басқаша.

Принтерден басып шығарып жатқандай дыбыс естіледі, бірақ ештеңе басылмайды

Басып шығару механизмі қозғалады, бірақ ештеңе басылмайды

■ **Принтер жұмысын растаңыз.**

Дюзаны тексеру үлгісін басып шығарыңыз. Саңылауларды тексеру үлгісін компьютерге жалғамастан басып шығару мүмкін болғандықтан, принтердің әрекеттерін және басып шығару күйін тексеруге болады. [🔗 “Бітелген саңылауларды тексеру” бетте 199](#)

Саңылауларды тексеру үлгісі дұрыс басылмаса, келесі бөлімді тексеріңіз.

■ **Басқару тақтасы экранында Motor Self Adjustment хабары пайда болды ма?**

Принтер ішкі моторды реттейді. Принтерді өшірместен біраз күтіңіз.

Саңылауларды тексеру үлгісі дұрыс басылмайды

■ **Басып шығару механизмін тазалауды орындаңыз.**

Саңылаулар бітелген болуы мүмкін. Басып шығару механизмін тазалаудан кейін саңылауларды тексеру үлгісін қайтадан басыңыз.

[🔗 “Басып шығару механизмін тазалау” бетте 200](#)

■ **Принтер ұзақ уақыт бойы пайдаланбастан қалдырылған ба?**


Егер принтер ұзақ уақыт бойы пайдаланылмаған болса, саңылаулар кебуі және бітелуі мүмкін.

Мәселені шешу


Басылған материалдар күтілгендей емес

Баспа сапасы нашар, біркелкі емес, тым ашық немесе тым күңгірт

- **Басып шығару механизмінің саңылаулары бітелген бе?**
Егер саңылаулар бітелген болса, белгілі бір саңылаулар сияны шығармайды және баспа сапасы төмендейді. Дюзаны тексеру үлгісін басып шығарыңыз.

 ["Бітелген саңылауларды тексеру" бетте 199](#)

- **Head Alignment орындалған ба?**
Екі бағытты басып шығару кезінде басып шығару механизмі солға және оңға қозғалғанда басып шығарады. Егер басып шығару механизмі дұрыс тураланбаған болса, сызғыш сызықтары дұрыс емес туралануы мүмкін. Егер тік сызғыш сызықтары қос бағытты басып шығарумен дұрыс емес тураланған болса, Head Alignment әрекетін орындаңыз.

 ["Басып шығарудың дұрыс емес туралануларын барынша азайту \(Head Alignment\)" бетте 202](#)

- **Түпнұсқалық Epson сия картриджін пайдаланып жатырсыз ба?**
Бұл принтер Epson сия картридждерін пайдаланатындай жасалған. Epson шығармаған сия картридждерін пайдалансаңыз, қалған сия деңгейі дұрыс анықталмағандықтан, басып шығарылған қағаздар анық емес болуы немесе басып шығарылған кескіннің түсі өзгеруі мүмкін. Дұрыс сия картриджін пайдаланыңыз.

- **Ескі сия картриджін пайдаланып жатырсыз ба?**
Ескі сия картриджі пайдаланылса, баспа сапасы төмендейді. Ескі сия картриджін жаңасымен ауыстырыңыз. Картриджтегі бүкіл сияны орамда басылған мерзімі біту күніне (орнатудан кейін бір жыл ішінде) дейін пайдалану ұсынылады.


- **Сия картридждері шайқалған ба?**
Осы принтердің сия картридждері пигменттік сияларды қамтиды. Принтерге орнатпай тұрып картридждерді мұқият шайқаңыз.

Сондай-ақ, баспа сапасын қамтамасыз ету үшін орнатылған сия картридждерін үш айда бір рет алу және шайқау ұсынылады.

 ["Сия картридждерін ауыстыру" бетте 205](#)

- **Media Type параметрлері дұрыс па?**
Принтер драйверіндегі Printer Settings экранында (Windows) немесе Print (Басып шығару) экранында (Mac OS X) таңдалған **Media Type** параметрі принтерге жүктелген қағазға сәйкес болмаса, баспа сапасына әсер етіледі. Баспа материалының түрі параметрі принтерге жүктелген қағазбен сәйкес болуы керек.

- **Баспа сапасы ретінде төмен сапа режимі (мысалы, Speed) таңдалған ба?**
Егер **Print Quality > Advanced Settings** үшін таңдалған параметрлер жылдамдыққа басымдылық берсе, сападан гөрі басып шығару жылдамдығына көбірек көңіл бөлінеді, бұл баспа сапасын төмендетуі мүмкін. Баспа сапасын жақсарту үшін сапаға басымдылық беретін **Resolution** параметрлерін таңдаңыз.

- **Түстерді басқару қосылған ба?**
Түстерді басқаруды қосыңыз.
 ["Түстерді басқару көмегімен басып шығару" бетте 133](#)

- **Басып шығару нәтижесі дисплей мониторындағы кескін көмегімен салыстырылған ба?**
Мониторлар және принтерлер түстерді әр түрлі шығаратындықтан басылған түстер кейде экрандағы түстерге тура сәйкес келмейді.

- **Басып шығару кезінде принтер қақпағы ашылған ба?**
Егер басып шығару кезінде принтер қақпағы ашылған болса, басып шығару механизмі кенет тоқтайды, сөйтіп түс біркелкі болмайды. Басып шығару кезінде принтер қақпағын ашпаңыз.

Мәселені шешу

■ Басқару тақтасында Ink Low хабары көрсетіле ме?

Сия деңгейі төмен болса, баспа сапасы төмендеуі мүмкін. Ескі сия картриджін жаңасымен ауыстыру ұсынылады. Егер сия картриджін ауыстырудан кейін түсте айырмашылық бар болса, бірнеше рет басып шығару механизмін тазалауды орындап көріңіз.

■ Қағаз қисайған ба?

Егер Setup мәзірінде **Media Skew Check** үшін **Off** күйі таңдалған болса, басып шығару тіпті қағаз қисайған болса да жалғасып, деректердің қағаздан тыс басылуына әкеледі. Setup мәзірінде **Paper Skew Check** үшін **On** күйін таңдаңыз.

 ["Setup мәзірі" бетте 172](#)

Түс басқа принтердегімен бірдей емес

■ Түстер әр принтердің ерекшеліктеріне байланысты принтер түрлеріне қарай өзгеріп отырады.

Сиялар, принтер драйверлері және принтер профильдері әр принтер үлгісі үшін жасалатындықтан, әр түрлі принтер үлгілері басқан түстер бірдей болмайды.

Принтер драйверін пайдалана отырып бірдей түстерді реттеу әдісінің немесе бірдей гамма параметрінің көмегімен бірдей түстерге қол жеткізуге болады.

 ["Түстерді басқару көмегімен басып шығару" бетте 133](#)

Түстердің дәл сәйкестігін табу үшін түстерді басқару орындау үшін түсті өлшеу құрылғысын пайдаланыңыз.

■ Басып шығару деректері қағаз еніне сыяды ма?

Қалыпты жағдайларда басып шығару кескіні қағаздан кеңірек болса басып шығару тоқтағанымен, Setup мәзірінде **Paper Size Check** үшін **Off** күйі таңдалған болса, принтер қағаз шектерінен тыс басып шығаруы мүмкін. Setup мәзірінде **Paper Size Check** үшін **On** күйін таңдаңыз.

Өзгертілген параметрлер қағаз қайта жүктелгеннен кейін қолданылады. Мәзір элементтерін ғана өзгертсеңіз, олар қолданылмайтынын ескеріңіз.

 ["Setup мәзірі" бетте 172](#)

■ Қағаз орамының шеті 15 мм немесе 35 мм деп орнатылған ба?

Егер Setup мәзірінде **Roll Paper Margin** үшін таңдалған мән қолданбада таңдалған шеттерден кеңірек болса, басымдылық **Roll Paper Margin** үшін таңдалған мәнге беріледі. Мысалы, принтердің Setup мәзірінде сол және оң жақ шеттер үшін 15 мм таңдалған болса және құжат бетті толтырса, беттің сол және оң жақтарындағы 15 мм басылмайды.

 ["Басылып шығарылатын аймақ" бетте 75](#)

Баспа тасымалдағышқа дұрыс орналастырылмады

■ Баспа аумағы көрсетілген бе?

Қолданбаның және принтердің параметрлерінде баспа аумағын тексеріңіз.


■ Paper Size үшін дұрыс параметр таңдалған ба?

Егер принтер драйверінде **Paper Size** үшін таңдалған параметр принтерге жүктелген қағазға сәйкес келмесе, басылған материал дұрыс орында болмауы немесе кейбір деректер қағаздан тыс басылуы мүмкін. Бұл жағдайда басып шығару параметрлерін тексеріңіз.

Тік сызғыш сызықтары дұрыс тураланбаған

■ Басып шығару механизмі дұрыс тураланбаған ба? (қос бағытты басып шығаруда)

Екі бағытты басып шығару кезінде басып шығару механизмі солға және оңға қозғалғанда басып шығарады. Егер басып шығару механизмі дұрыс тураланбаған болса, сызғыш сызықтары дұрыс емес туралануы мүмкін. Егер тік сызғыш сызықтары қос бағытты басып шығарумен дұрыс емес тураланған болса, Head Alignment әрекетін орындаңыз.

 ["Басып шығарудың дұрыс емес туралануларын барынша азайту \(Head Alignment\)" бетте 202](#)

Мәселені шешу

Басылған бетке сызат түскен немесе ол ласталған

- **Қағаз тым қалың немесе тым жұқа ма?**
Қағаздың техникалық сипаттамалары осы принтермен үйлесімді екенін тексеріңіз. Баспа материалының түрлері және басқа өндірушілердің қағазында басып шығару үшін тиісті параметрлер туралы ақпарат алу үшін немесе RIP бағдарламасын пайдаланғанда қағазбен бірге қамтамасыз етілген құжаттаманы қараңыз я болмаса қағаз дилеріне немесе RIP өндірушісіне хабарласыңыз.

- **Қағаз майысқан немесе қатпарланған ба?**
Ескі қағазды немесе қатпарлары бар қағазды пайдаланбаңыз. Әрқашан жаңа қағазды пайдаланыңыз.

- **Қағаз толқынды немесе оралған ба?**
Кесілген парақтар температура немесе ылғалдылық өзгерістеріне байланысты толқынды немесе оралған болып кетіп, принтер қағаз өлшемін дұрыс тани алмайды. Принтерге жүктемей тұрып қағазды тегістеңіз немесе жаңа қағазды пайдаланыңыз.

- **Басып шығару механизмі басылған бетке сызат түсіре ме?**
Егер қағаздың бетіне сызат түскен болса, Paper мәзірінде **Wide** және **Wider** арасындағы **Platen Gap** параметрін таңдаңыз.
[🔗 "Paper мәзірі" бетте 167](#)

- **Басып шығару механизмі қағаздың жиегіне сызат түсіре ме?**
Setup мәзірінде **Roll Paper Margin** параметрі үшін **Top35mm/Bottom15mm** мәнін таңдаңыз.
[🔗 "Setup мәзірі" бетте 172](#)

- **Төменгі шетті кеңейту**
Қағазды пайдалануға және басылатын деректердің мазмұнына байланысты басып шығару кезінде төменгі жиекке сызат түсуі мүмкін. Бұл жағдайда төменгі шеті кеңірек деректерді жасаған жөн.

- **Принтердің ішін тазалау керек пе?**
Роликтерді тазалау қажет болуы мүмкін. Қағазды беру және шығару арқылы роликтерді тазалаңыз.
[🔗 "Ішін тазалау" бетте 210](#)

Басып шығару бетінде зақымды көресіз

- **2-орамның жолында шаң бар ма?**
Артқы қақпақты ашыңыз да, шаңды құрғақ, түксіз шүберекпен сүртіп алыңыз.
Артқы қақпақты ашу [🔗 "Қағаз орамының кептелісі" бетте 227](#)

Қағаз қатпарланған

- **Принтерді қалыпты бөлме температурасында пайдаланып жатырсыз ба?**
Epson арнайы баспа материалын қалыпты бөлме температурасында (температура: 15–25 °C; ылғалдылық: 40–60 %) пайдалану керек. Арнайы пайдалануды қажет ететін басқа өндірушілердің жұқа қағазы сияқты қағаз туралы ақпарат алу үшін қағазбен бірге қамтамасыз етілген құжаттаманы қараңыз.

- **Epson шығармаған арнайы баспа материалын пайдаланғанда қағазды реттеуді орындадыңыз ба?**
Epson шығармаған арнайы баспа материаланы пайдаланғанда басып шығару алдында қағаздың сипаттамаларын (теңшелетін қағаз) реттеңіз.
[🔗 "Epson шығармаған баспа материалдарында басып шығару алдында" бетте 246](#)

Мәселені шешу

Басылған материалдың екінші жағы ласталады

